Problems of modern foreign policy of Ukraine, its relationship with the states in the world. In the early beginning of creation foreign policy of independent Ukraine, its development, formation according to the international standards is reflected in work. The article discusses the impact of foreign policy on the economic development of the state. In addition, in article the comparative analysis of relationship of the state with the different countries, including development of the bilateral relations with the Republic of Kazakhstan is carried out. The article describes the role of Ukraine in the system of international relations and the main Direction of foreign policy of Ukraine.

Key words: Kazakhstan, Ukraine, foreign policy, economic policy, international organizations.

Амирханова А.А.,
Макашева К.Н.

**Украина в системе
международных отношений**

В статье рассмотрены вопросы современной внешней политики Украины, ее взаимоотношения с государствами в мире. Отражено начало построения внешней политики независимой Украины, ее развитие, становление в соответствии с международными стандартами. В статье рассмотрены вопросы влияния внешней политики на экономическое развитие государства. Помимо этого, в статье проведен сравнительный анализ взаимоотношений государства с разными странами, в том числе развитие двухсторонних отношений с Республикой Казахстан, а также роль Украины в системе международных отношений и основные направления внешней политики Республики Украина.

Ключевые слова: Казахстан, Украина, внешняя политика, экономическая политика, международные организации.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ УКРАИНА

Украинаның тәуелсіздігін жариялау актісі атты құжат УКСР-дің Жоғарғы Кеңесінің 24 тамыз 1991 жылы сессиясында қабылданған. Нәтижесінде Украин Кеңестік Социалистік Республика атауы заңды түрде жойылды [1].

Американдық саясаттанушылардың бірі Збигнев Бжезинский «геосаяси қатысушылар және геосаяси орталықтарды» қарастырғанда, қазіргі уақытта Украинаға келесідегідей баға береді: Украина еуропалық шахмат тақтасында жаңа және маңызды орынға ие, геосаяси орталық болып табылады, себебі өзінің өмір сүруі Ресейді өзгертуге көмектеседі [2].

Украина жаңа тәуелсіз мемлекет мәртебесімен саяси және экономикалық дамуында өзіндік стратегия таңдауы қажет болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Украинаның сыртқы саясатында стратегиялық вектор таңдау басты мәселе болып келеді. Тәуелсіз Украинаның сыртқы саясатының дамуы мемлекеттің экономикалық дамуына әсерін тигізуде.

Украинаның геосаяси орналасуына байланысты, оның сыртқы саясатында бірнеше стратегияларды атап көрсетсе болады: 1) еуразиялық кеңістікке қарай интеграция; 2) еуропалық және еуроатлантикалық құрылымдарға қарай интеграция (ЕО, НАТО); 3) Украина саясатын анықтау үшін Ресей мен Батыс елдерінің ықпалын шектеу; 4) Батыс пен Ресей арасында тепе-теңдік сақтау. Әрбір нұсқа артықшылықтар мен кемшіліктерге ие, саясаттанушылар мен жай халықтың арасында өзінің жақтаушылары мен қарсыластары бар.

«Мемлекеттің егемендігі туралы декларацияда» Украина гегемониялық үш принциптерді ұстанатынын жариялады: ядролық қаруды қабылдамау, өндірімеу, сатып алмау [3]. Дамыту үшін және Декларацияға қосымша ретінде 1991 жылы 24 қазанда парламент «Украинаның ядросыз мәртебесін мәлімдеді» [4]. Бұл Украинаның ядросыз мәртебесін орнатудағы мемлекетінің сыртқы саясатының алғашқы қадамдарының бастамасы болды. 1991 жылы 31 шілдеде қабылданған «Стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту және шектеу туралы шарт» 1994 жылы 5 желтоқсанда күшіне ие болды [5]. Лиссабон протоколында Украина оның тең дәрежелі қатысушысы болды. Лиссабонда Украина, Баларусия мен Қазақстан да өздерін ядросыз мемлекет деп жариялады [6].

Украинаның халықаралық аймақтық ұйымдарға қатысуы сыртқы саяси бағыттарының бірі болып есептеледі. «Украинаның сыртқы саясатының басты бағыттарында» Украинаның Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысты қарым-қатынастары белгіленген. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы көпжақты кеңестер мен талқылаулар механизмі ретінде қарастырады. Тәуелсіз мемлекеттер достастығының құрылуы тәуелсіз мемлекеттердің бір мемлекеттен өркениетті формаға өтуін қамтамасыздандырып, олардың арасында толық егеменді мемлекет және халықаралық құқық принципін негізінде жаңа қатынасты құруға көмектесті [7].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Украинаның сыртқы саясатында стратегиялық вектор таңдау басты мәселе болып келеді. Тәуелсіз Украинаның сыртқы саясатының дамуы мемлекеттің экономикалық дамуына әсерін тигізуде. Сыртқы саясатта Еуропалық бағытты таңдауда Украина өзінің сыртқы және ішкі саясатында түбегейлі өзгеріс орнату керек екенін түсінді. Ұзақ уақыттар ішінде Украина мен Еуропалық одақ арасындағы қарым-қатынасындағы құқықтық негізі ретінде 1994 жылы қабылданған Серіктестік және Ынтымақтастық келісімі негіз болды [8]. Бұл келісім саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық сұрақтардың дамуына негіз болды. Жыл сайын Украина мен Еуроодақтың басшылықтары кездесуі өтіп тұрған. 2009 жылдан бастап Украина мен Еуроодақ арасындағы қатынас «Шығыс серіктестік» аясында жүрді [9]. Бұл басшылықтың Еуропалық одаққа кіру ниетінің бастамасы ретінде алғашқы қадам болды.

Қазіргі Украинаның сыртқы саясатының басты басым бағытының бірі еуропалық бағыт. 1995 жылы Украинаның Европа кеңесіне қабылдануы бастамасы ретінде жүзеге асты. Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Австрия, Бельгия, Финляндия, Норвегия, Швейцария мемлекеттерімен динамикалық түрде қарым-қатынастар жүзеге аса бастады. Украинаның сыртқы саясатының басым бағыты Орталық және Шығыс Европа елдеріне бағытталған. Әсіресе Польша, Венгрия, Чехия, Словакия, Румыния мемлекеттерімен. Бұл мемлекеттермен Украинаны геосаяси жақындастық, тоталитарлық-коммунистік жүйенің құлдырауынан кейін пайда болған мәселелердің ұқсастығы болды.

2005 жылы билікке президент Виктор Ющенканың келуімен Украинаның сыртқы саясатының іске асырылуы батысшыл саясаткерлерге берілді. Украинаның сыртқы саясаты-

ның басты бағыттары Украинаны евро-интеграциялау, НАТО мен Еуроодаққа жақындату болды. Бір уақытта посткеңестік мемлекеттермен экономикалық интеграциядан шегіну басталды. Украинаның Еуропалық Одаққа кіру құлшынысы нәтижесінде ішкі және сыртқы саясатта өзгерістер орын алды, сонымен қоса Конституциядағы баптарға да өзгеріс орнады. 2005 жылы 21 ақпанда Украина мен Еуроодақ арасында үш жылдық Украинаның еуропа мемлекеттерінің стандарттарына жақындау жоспарына қол қойылды. Бұл құжатпен 270 шұғыл шаралар бекітілді. Бірінші жоспар ДСҰ-ға кіру, демократияны жүзеге асыратын органдардың ролін арттыру болды [10].

Серіктестік және Ынтымақтастық туралы келісім саяси және экономикалық аспекті ғана қамтымайды, сонымен қоса, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде көмек береді. Бірақ Еуропалық одақ Украина мемлекетінде еуро интеграцияға асықпайды. Еуроодақтық үлкею бағдарламасы аясындағы мемлекеттердің тізімінде Украина әзірге жоқ.

2009 жылы мамыр айында Украина басқа да посткеңестік бес мемлекетпен Еуроодақтың жаңа бастамасы «Шығыс серіктестік» бағдарламасы аясында қатысуын бастады. Бұл бастаманың негізгі мақсаты Еуроодақ пен серіктес мемлекеттер арасында саяси және экономикалық интеграция үшін жол ашу болды [11].

Қазақстан мен Украина мемлекеттері арасында саяси қарым-қатынастар қарқынды түрде дамуда, сыртқы саяси ведомствалар арасында және халықаралық ұйымдар шеңберінде мемлекеттердің көптеген мәселелер бойынша көзқарастары сәйкес келіп жатады. 1992 жылы 22 шілдеде Қазақстан Республикасы мен Украина Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Украина Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғашқы болып таныған мемлекеттің бірі. Қазақстан Украинаны сол жылы 23 желтоқсанда тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. 1992 жылы Украинаның сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігінің адресіне дипломатиялық қарым-қатынастар орнату туралы нота жіберді. Жауап нотасы 1992 жылы 23 шілдеде жіберілді. Мемлекеттер арасындағы қатынастардың орнауының негізі жоғарғы деңгейдегі кездесулер арқылы қаланған. Украина Президенті Л. Кучманың 1995 жылғы сапарында қол қойылған «Экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және дамыту жөніндегі келісім» маңызды рөл-

ге ие [12]. Мемлекет басшыларының шешімімен экономикалық даму мәселелері жөнінде үкіметаралық комиссия құрылды. Бұл орган отын-энергетика және тау-кен-металлургия кешені, химия өнеркәсібі, машина жасау, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация сияқты салаларда экономикалық интеграцияның негізгі қағидаттары мен бағыттарын әзірлеуге міндетті болды. Комиссия шеңберінде тараптар энергетика саласындағы ынтымақтастық, көмір өнеркәсібі және машина жасау үшін жағдай, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп, медицина және медициналық техниканы тауарларды өзара жеткізу, ауыл шаруашылығы және басқа да өнімдер құру туралы келісті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылғы Украинаға сапары барысында ҚР мен Украина арасындағы 1999-2008 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы шарт және оның бағдарламасы. Кеден ісіндегі ынтымақтастық туралы; Қаржы министрліктері арасындағы ынтымақтастық туралы ҚР мен Украина Ұлттық банкілері арасындағы ынтымақтастық туралы келісімдер сияқты маңызды құжаттарға қол қойылды [13].

Мұнай-газ саласындағы, агроөнеркәсіп кешеніндегі, жеңіл өнеркәсіптен, металлургия мен машина жасау саласындағы екі жақты ынтымақтастықтың перспективасы зор. Украина көмірсутегі шикізатының ірі импортері болып табылатындықтан қазақстандық мұнайды алуға, сондай-ақ оны Еуропаға транзит арқылы өткізуге мүдделілік танытуда. Біздің еліміз қазірдің өзінде Украина рыногына 3,5 млн тоннаға жуық мұнай шығарады. Бұл мұнай көлемі Херсон мұнай өңдеу зауытында мұнайды өңдеу көлемі ұлғайған жағдайда елеулі түрде өсуі мүмкін [14].

Екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі – отын-энергетикалық кешен, соның ішінде Қазақстан мұнайын украиналық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізу және оны Украина аумағы арқылы еуропалық нарыққа шығару. Ағымдағы жылы Украина бағытында және оның аумағы арқылы транзитпен 6 миллион тонна қазақстандық мұнайды тасымалдау жоспарлануда.

Президент Қазақстанда қазіргі уақытта Қазақстанның үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев украиналық компанияларды ауылшаруашылық машиналарын құрастыру, металл өңдеу, минералды тыңайтқыштар өн-

діру, ғарыш салаларын дамыту бағытындағы жобаларға қатысуға шақырды.

Келіссөздерде мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамытуға, білім беру тәжірибелерімен алмасуға үлкен көңіл аударылды. Бүгінде 100-ден астам қазақстандық студент Украинаның ЖОО-ларында инженерлік және техникалық мамандықтар бойынша білім алуда.

Мемлекет басшылары екі елдің Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге дайындығына ерекше көңіл аударды.

Қазақстан тарапы Украинаға ЕҚЫҰ-дағы Қазақстанның төрағалығын және ЕҚЫҰ мемлекет басшыларының Саммитін Астанада өткізу ұсынысын қолдағаны үшін алғыс білдірді.

Келіссөздер бойынша Президенттер кең ауқымдағы екіжақты өзара ықпалдастықты нығайтуға деген ортақ ұмтылысты білдіретін Бірлескен мәлімдемеге және 2010-2011 жылдарға арналған Қазақстан мен Украина арасындағы «Жол картасы-3» Ұнтымақтастық Жоспарына қол қойды. Бұл құжаттар сауда-экономика, отын-энергетика, көлік салаларындағы, машинажасау және агроөнеркәсіптік кешендеріндегі, сондай-ақ ғарыш және гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастықты жандандыруға септігін тигізбек. Сонымен қатар үкіметаралық деңгейде азаматтардың өзара барыс-келісі жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қойылды.

Қорыта келе, қос мемлекеттің заң шығарушы органдары да бір-бірімен жақын қарым-қатынаста. Мәселен ЕҚЫҰ – мүше елдердің ішінде тек Қазақстан мен Украинаның өкілдері ғана ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының вице-президенті қызметін атқарады. Жалпы соңғы кездері Украинада саяси басшымен бірге саяси бағыт-бағдар да өзгеріп барады. Бұрынғы Президент пен бүгінгі Президенттің арасы жер мен көктей. Янукович Ющенконың ісін жоққа шығара бастады. Қарапайым мысал. 2 сәуір күні Степан Бандераға Виктор Ющенконың тұсында берілген Батыр атағы күшін жойды. Алайда мұның бәрі Украинаның ішкі шаруасы. Ең бастысы ресми Киевтің Қазақ еліне қатысты ұстанған достық саясаты өз қалпында қалды.

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы екі жақты қатынастар достық сипатта болып табылады және өзара құрмет пен ізгі ниеттілікте көрінеді.

Есептік кезеңде түрлі деңгейде екі жақты байланыстарды айтарлықтай жандандыру байқалады. Мемлекеттер басшыларының, екі ел министрліктері, аймақтары мен парламентарийлері

басшыларының қатысуымен бірқатар кездесулер өтті, олар аясында екі жақты ынтымақтастықты нығайту мәселелері шешілді.

Президенттер Н. Назарбаев және П. Порошенконың екі елдің саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтуға жәрдемдесетін жоғары деңгейдегі кездесулері мен келіссөздері Қазақстан мен Украинаның серіктестігін күшейту мен дамытуда маңызды рөл атқарады.

2015 жылғы қазанда Украина Президенті П.А. Порошенконың біздің елімізге алғашқы сапары өтті, одан бұрын 2014 жылғы желтоқсанда біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Киевке барған болатын. Осы кездесулер кезінде қазақстандық-украиндық қатынастардың жай-күйі мен келешегі, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолдары талқыланды.

Сапар аясында Қазақстан-Украинаның 2015-2017 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына (Жол картасы – 5) қол қойылды және мемлекет басшыларының бірлескен өтініші қабылданды.

Сонымен қатар сапар шеңберінде екі елдің іскерлік топтарының қатысуымен бизнес-форум өткізілді. Форум барысында бизнесмендер авиақұрылыс, машина жасау, тау-кен қазушы өнеркәсіп және геологиялық барлау облысындағы өзара қызығушылықтарын талқылады. Елдердің жалпы ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі және бөлшек сауда саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Қазақстан мен Украина арасындағы сауданың негізгі тауар позициялары ағымдағы жылы келесілерді құрайды:

Қазақстаннан Украинаға экспорт: минералды өнімдер – 92,9%, металлдар мен олардан жасалған бұйымдар – 4,6%, машиналар мен қондырғылар – 0,5%, химиялық және онымен байланысты өнімдер – 0,3%, жан-жануарлық және өсімдіктік алынған өнімдер – 1,4% және т.б. Осы ретте ҚР-дан Украинаға экспортталған тауарлардың негізгілері табиғи газ (74%), кокс көмірі (6,0%), өнделмеген мұнай өнімдері – (4,8%), күкірттің барлық түрлері (5,3%).

Украинадан Қазақстанға импорт: металдар мен олардан жасалған бұйымдар – 18,1%, машиналар, қондырғылар – 31,4%, химиялық және осы өнеркәсіп саласымен байланысты өнімдер – 9,2%, жан-жануардан және өсімдіктен алынған өнімдер – 27,3%, ағаш, ағаш материалдары және олардан жасалған бұйымдар – 4,9%, құрылыс материалдары – 2,0% және т.б. Украинадан әкелінетін импорт тауарлары ішінде электргенераторлық қондырғылар (9,8%), мұнай- және газқұбырлары (9,8%), дайын тамақ

өнімдері (6,9%), тұсқағаз және қағаздан жасалған қабырға жабындары (2,6%), көміртектен көміртекті паста (2,2%).

Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық 2015 жылғы 18 қарашадағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге сәйкес іске асырылады. 2015 жылғы 24 қыркүйекте Киевте Әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі Қазақстан-Украина бірлескен үкіметаралық комиссиясының 5-ші отырысы өтті. Қазақстандық делегацияға ҚР Қорғаныс министрі Н. Сауранбаев басшылық етті.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа Қазақстан мен Украина қатынастарында үлкен көңіл бөлінеді.

2015 жылы Елшілік мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі жандандыру бойынша жұмысты жалғастырды.

Екі елдің мәдениеттерін одан әрі жақындастыру бойынша жұмыс жандандырылды. Осылай ҚР Елшілігінің көмегімен 2015 жылғы 6-7 маусымда Киев қаласында 12 мемлекеттің әртістері, музыканттары мен дирижерлері қатысуымен өткен «O-FEST 2015» Халықаралық музыка фестиваліне Қарағанды музыкалық комедия академиялық театрының вокалшысы А. Беспалованың қатысуы ұйымдастырылды.

Тамыз-қыркүйекте Қазақ хандығының 550-жылдығын тойлау қарсаңында Киев қаласында әлемнің 10 ірі ұлттық кітапханалары қатарына кіретін В.И. Вернадский атындағы Ұлттық кітапханада Қазақстанға арналған фото және кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Осы кітапханада 4 қыркүйекте Мемлекетаралық украиндық-қазақстандық қатынастар институтының директоры Н.И. Степаненконың Қазақстан мен Украинаның ынтымақтастығы туралы «Өзара құрмет және сенім негізінде» атты кітабының тұсаукесері болды.

Білім беру саласында айтарлықтай жұмыс жасалды. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Украинаның Білім беру және ғылым министрлігі арасында Келісім іске асырылды [15].

Сонымен, Украинаның Жоғарғы Радада қабылданған сыртқы саясат тұжырымдамасы оның сыртқы саясатының бастамасы болды, оның барлық органдарының қызметінің негізі және халықаралық аренада украин дипломатиясының негізі болды. Мемлекеттің сыртқы саясаты экономикалық саясатымен тығыз байланысты екенін түсінеміз. Украина мемлекетінің ең үлкен

табысы тәуелсіз мемлекет болғанын әлем мемлекеттерінің мойындауы. Украина мемлекетінің сыртқы саясатының басты бағыттары: екі жақты қарым-қатынастарды дамыту, еуропалық ын-

тымақтастыққа қатысу, ТМД көлемінде қарым-қатынастарды дамыту, БҰҰ-ның жұмыстарына қатысу, басқа да халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнату,

Әдебиеттер

- 1 Акт провозглашение независимости Украины (принят внеочередной сессией Верховного Совета УССР 24 августа 1991 г.) // <https://ria.ru/spravka/20110824/418329239.html>
- 2 Бжезинский З. Большая шахматная доска. – М.: «Международные отношения», 1998. – С. 61.
- 3 Декларация о государственном суверенитете Украины // <http://zakon2.rada.gov.ua/laws/show/55-12>
- 4 Безъядерный статус УКРАИНЫ // <http://zakon2.rada.gov.ua/laws/show/1697-12>
- 5 Договор о сокращении и ограничении стратегических наступательных вооружений // http://www.pircenter.org/WebHelp/Dss_omu/_____htm
- 6 Лиссабонский протокол 1992 г. // <http://www.armscontrol.ru/start/rus/docs/start1/lisb-agr.txt>
- 7 Постановление Верховной Рады Украины «Об основных направлениях внешней политики Украины». – Киев, 2 июля 1993 // <http://consultant.parus.ua/?doc=0041397910>
- 8 Соглашение о партнерстве и сотрудничестве между Европейскими сообществами и Украиной // http://zakon3.rada.gov.ua/laws/show/998_012
- 9 Соглашение о партнерстве и сотрудничестве между ЕС и Украиной 1994 г. // http://zakon3.rada.gov.ua/laws/show/998_012
- 10 Кудряченко А. Внешнеполитические принципы независимой Украины // Вече. – 1996. – №8. – С. 133-144.
- 11 Сергунин А.А. Восточное партнерство: вызов российской дипломатии в восточной Европе // Вестник Воронежского государственного университета, серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2010. – №1. – С. 205-210.
- 12 Соглашение о дальнейшем развитии и расширении экономического сотрудничества между Республикой Казахстан и Украиной. Алматы, 21 сентября 1995 года // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019039
- 13 Договор между Республикой Казахстан и Украиной об экономическом сотрудничестве на 1999-2009 годы. – Киев, 17 сентября 1999 г. // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1017432
- 14 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 56 б.
- 15 Қазақстандық-Украиндық қатынастардың 2015 жылдың қорытындысы бойынша жай-күйі мен келешегі // <http://kazembassy.com.ua/show/3550.html>

References

- 1 Akt proвозглашение nezavisimosti Ukrainy (prinjat vneocherednoj sessiej Verhovnogo Soveta USSR 24 avgusta 1991g.) // <https://ria.ru/spravka/20110824/418329239.html>
- 2 Bzhezinskij Z. Bol'shaja shahmatnaja doska. – M.: «Mezhdunarodnye otnoshenija», 1998. – S. 61.
- 3 Deklaracija o gosudarstvennom suverenitete Ukrainy // <http://zakon2.rada.gov.ua/laws/show/55-12>
- 4 Bez#jadernyj status UKRAINY // <http://zakon2.rada.gov.ua/laws/show/1697-12>
- 5 Dogovor o sokrashhenii i ogranichenii strategicheskikh nastupatel'nyh vooruzhenij // http://www.pircenter.org/WebHelp/Dss_omu/_____htm
- 6 Lissabonskij protokol 1992 g. // <http://www.armscontrol.ru/start/rus/docs/start1/lisb-agr.txt>
- 7 Postanovlenie Verhovnoj Rady Ukrainy «Ob osnovnyh napravlenijah vneshej politiki Ukrainy». K., 2 ijulja 1993 // <http://consultant.parus.ua/?doc=0041397910>
- 8 Soglasenie o partnerstve i sotrudnichestve mezhdru Evropejskimi soobshhestvami i Ukrainoj // http://zakon3.rada.gov.ua/laws/show/998_012
- 9 Soglasenie o partnerstve i sotrudnichestve mezhdru ES i Ukrainoj 1994 g. // http://zakon3.rada.gov.ua/laws/show/998_012
- 10 Kudrjachenko A. Vneshnepoliticheskie principy nezavisimoj Ukrainy // Veche. – 1996. – №8. – S. 133-144.
- 11 Sergunin A.A. Vostochnoe partnerstvo: vyzov rossijskoj diplomatii v vostochnoj Evrope // Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta, serija: Lingvistika i mezhkul'turnaja kommunikacija. – 2010. – №1. – S. 205-210.
- 12 Soglasenie o dal'nejshem razvitii i rasshirenii jekonomicheskogo sotrudnichestva mezhdru Respublikoj Kazahstan i Ukrainoj. Almaty, 21 sentjabrja 1995 goda // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019039
- 13 Dogovor mezhdru Respublikoj Kazahstan i Ukrainoj ob jekonomicheskom sotrudnichestve na 1999-2009 gody. – Kiev, 17 sentjabrja 1999 g. // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1017432
- 14 Nazarbaev N.A. Kazakstannyn egemendi memleket retinde kalyptasuy men damuynyn strategijasy. – Almaty: Dәuir, 1992. – 56 b.
- 15 Kazakstandyk-Ukraindyk katynastardyn 2015 zhyldyn korytyndysy bojnynsha zhaj-kyji men keleshegi // <http://kazembassy.com.ua/show/3550.html>

Әліпбаев А.Р., Бөжеева Б.З.

Мысыр мен Сауд Арабиясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімнің кейбір астарлары

Мақала Мысыр мен Сауд Арабиясы арасындағы ынтымақтастыққа арналған. 2011 ж. төңкерістен кейін Мысырдың экономикалық жағдайы нашарлай түсті. Соған орай Каир шетелдік инвестицияның көмегімен дамуды жеделдетуге ұмтылды. 2016 ж. сәуірінде Мысыр мен Сауд Арабиясы әр түрлі сала бойынша ынтымақтастық туралы бірқатар құжаттарға қол қойды. Белгіленген жобаларды жүзеге асыру үшін Мысыр мен Сауд Арабиясы екі ел арасындағы теңіз шекарасын делимитациялауға келісті. Соның нәтижесінде Каирдің басқаруында болған Қызыл теңіздегі Тиран мен Санафир даулы аралдары Эр-Риядқа өтті. Сонымен бірге, капиталы 16 млрд долл. құрайтын бірлескен инвестициялық қор құру жөніндегі келісімге қол жеткізілді. Қызыл теңіз арқылы екі елдің аумағын жалғастыратын көпір салу туралы Сиси мен Салман арасындағы келісім шынында да таңқаларлықтай болды. Бұл көпір екі елдің жетекшісінің айтуы бойынша «Мысыр мен Сауд Арабиясы арасындағы болашақ жобаларды жүзеге асыру жолы болады».

Түйін сөздер: Мысыр, Сауд Арабиясы, инвестиция, экономика, сыртқы саясат, ұлттық қауіпсіздік.

Alipbayev A.R., Buyzheeva B.Z.

Some aspects of agreements on cooperation between Egypt and Saudi Arabia

Article is devoted to a cooperation between Egypt and Saudi Arabia. After the revolution in 2011 state of the economy of Egypt worsened. Cairo tries to accelerate growth, including by means of foreign investments. In April, 2016 Egypt and Saudi Arabia signed a number of documents on a cooperation in various areas. For implementation of the planned projects Egypt and Saudi Arabia approved delimitation of sea border between the states therefore the disputed islands which were under the administration of Cairo the Tyrant and Sanafir in the Red Sea departed to Riyadh. Besides, the agreement on creation of a joint investment fund with the equity of 16 billion dollars was reached. The arrangement between Sisi and Salman about the bridge construction through the Red Sea connecting the territories of two countries became sensational. According to leaders of two countries, this bridge «will become in the way to implementation of perspective projects between Egypt and Saudi Arabia».

Key words: Egypt, Saudi Arabia, investment, economy, foreign policy, national security.

Алипбаев А.Р., Бюжеева Б.З.

Некоторые аспекты соглашений о сотрудничестве между Египтом и Саудовской Аравией

Статья посвящена сотрудничеству между Египтом и Саудовской Аравией. После событий 2011 г. состояние экономики Египта ухудшилось. Каир пытается ускорить рост, в том числе с помощью иностранных инвестиций. В апреле 2016 г. Египет и Саудовская Аравия подписали ряд документов о сотрудничестве в различных областях. Для реализации намеченных проектов Египет и Саудовская Аравия согласовали делимитацию морской границы между государствами, в результате чего находившиеся под управлением Каира спорные острова Тиран и Санафир в Красном море отошли Эр-Рияду. Кроме того, была достигнута договоренность о создании совместного инвестиционного фонда с капиталом в 16 млрд долл. Сенсационной стала договоренность между лидерами двух государств, Сиси и Сальманом, о строительстве моста через Красное море, соединяющего территории двух стран. По словам лидеров двух стран, этот мост «станет путем к реализации перспективных проектов между Египтом и Саудовской Аравией».

Ключевые слова: Египет, Саудовская Аравия, инвестиция, экономика, внешняя политика, национальная безопасность.

**МЫСЫР МЕН
САУД АРАБИЯСЫ
АРАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНІҢ
КЕЙБІР АСТАРЛАРЫ**

Кіріспе

Соңғы жылдары Мысыр елі де өзінің тарихи дамуында бірнеше саяси үдерісті басынан кешіргені аян. 2014 ж. мамырында Мысырдағы президенттік сайлауда Мысырдың қорғаныс министрі Абдель Фаттах ас-Сиси жеңіске жеткені белгілі. Жаңа президентке қарама-қайшылықты әлеуметімен ғана емес, сонымен бірге экономикалық мәселелерге белшесінен батқан Мысыр қалған болатын. Экономикалық мәселелерді шешу мақсатында және ұлттық бірлік сананы нығайту үшін президент ас-Сиси Суэц арнасын дамытуға арналған ірі жобаны жүзеге асыруды қолға алып, Мысырдың электрэнергетикасын дамытудың бесжылдық жоспарын халыққа жариялайды. Жоба шеңберінде 2015 жылдың тамыз айының басында Суэц арнасының екінші 35 км тармағы іске қосылды. Суэц арнасының бұл саласы кемелердің екіжақты жүзуіне мүмкіншілік туғызады. Яғни болашақта оңтүстіктен солтүстікке кемелер ескі тармақ арқылы өтсе, солтүстіктен оңтүстікке жаңа тармақ арқылы қатынайтын болады. Өз кезегінде бұл арнадан өтуге кететін 18 сағаттық уақытты енді 11 сағатқа дейін азайтады және тәулігіне 49 кемеден 97 кемеге дейін өту мүмкіндігі артады. Суэц арнасы әлемдік теңіз жүк айналымының 7 пайызын қамтамасыз етеді, ал Еуропаны таяушығыстық мұнаймен жабдықтауда негізгі рөлге ие және Мысыр үшін саяхаттан кейінге валюталық табыстың екінші көзі болып табылады. Сол ретте Мысыр су жолынан табатын 5,3 млрд долл. көлемін 2023 жылы 13,2 млрд долларға жеткізуді көздеп отыр [1]. Әрине, Мысырдағы экономикалық жағдайды қайта қалпына келтіруде орын алған әлеуметтік қарама-қайшылықтар жойылмаса, алға жылжу мүмкін емес екені айқын.

Негізгі бөлім

Елдің экономикалық іс-шараларын орындау үшін Мысыр елі өзінің халықаралық қарым-қатынастарын қалпына келтіруі тиіс. Осы орайда кейбір Парсы шығанағы елдерімен, оның ішінде Сауд Арабиясымен байланыстары нығая түсуде. Әсіресе, соңғы жылдары Парсы Шығанағы елдері мысырлық эконо-

микаға 12 млрд долл. көлемінде қаржылық көмек көрсеткен болатын [2]. Бұл көмектер де өзіндік астарға ие екендігі сөзсіз. Ең алдымен Сауд Арабиясына қуатты Мысыр елі қажет, сонда ғана аймақтық исламдық қатерге бірлесе қарсы тұру мүмкіндігі артады. Сондықтан да болар 2014 жылдың маусым айында Сауд Арабиясының сол кездегі королі Абдалла ибн Абдул-Әзиз Әл-Сауд араб әлемі билеушілерінің арасынан алғашқы болып ресми сапармен келіп, Мысыр президенті Абдель Фаттах ас-Сисиді жеңісімен құттықтап кеткен еді. Енді міне, осы ерекше байланыс қайта нығая түскендей. 2016 жылдың 7 сәуірінде Сауд Арабиясының бүгінгі королі Салман ибн Абдул-Әзиз Әл-Сауд бес күндік мемлекеттік сапармен Мысырға келуі, екі ел арасындағы шешімін іздеген мәселелердің кең ауқымын аңғартады. Екі ел де лаңкестікпен күресте бірыңғай стратегия ұстануда. Эр-Рияд А.Ф. ас-Сиси билігін саяси қолдаумен қатар мысырлық экономиканың қайта қалпына келуіне инвестиция салу, несие беру, энергия қуатын жеткізу арқылы қолдау көрсетіп отыр. 2014 жылдың наурызында Сауд Арабиясы «Мұсылман-бауырлар» ұйымын лаңкестіктік ұйымдар қатарына енгізген болатын. Соның негізінде ұйым белсенділері мен оны қолдаушыларды тұтқындау әрекеттері кең етек алған еді. Екі ел арасындағы экономика саласындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында 2015 жылы тамыздағы президент ас-Сисидің Сауд Арабиясына жасаған сапары барысында «Каир декларациясына» қол қойылады. Мысыр мен Сауд Арабиясы «арабтық ұлттық қауіпсіздіктің екі қанаты» ретінде аймақтық тұрақтылықты қолдау үшін бірлесіп әрекет етуге дайын деп мәлімдеген болатын [3]. Әрине, бұл ең алдымен ирандық қатерге бағытталған десе болады. Дегенмен, екі елдің арасындағы қарым-қатынастар ойлағандай «кіршіксіз» дамуда деп айту да қиын. Бұл жөнінде ресми деңгейде ашық жарияламаса да, екі елдің баспасөз беттерінде даулы мәселелер көрініс табуда. Ондай мәселелердің қатарына жататындардың ішінде ең алдымен аймақтық деңгейдегі лаңкестікпен күреске, Сирия мен Йемендегі қақтығыстарды реттеуге, Иранға қатысты әр түрлі ұстанымдарын атап өтуге болады.

Ал Салманның сәуірдегі сапары барысында екі ел арасындағы келісім жасалынған өзекті мәселелердің қатарында әскери саладағы ынтымақтастығы, соның негізінде бірлескен әскери жаттығулар өткізу қамтылған еді. Аймақтағы қауіп-қатерлерге бірлесе соққы беретін араб мемлекеттерінің біріккен араб қарулы күштерін құ-

руы белгіленген «Каир декларациясын» жүзеге асыру бойынша Кеңес құру жөніндегі келісімге қол жеткізілді [4]. Сапар шеңберінде өткен сауд-мысыр үйлестіру кеңесінің кездесуі барысында екіжақты сауда айналымын арттыру мәселесіне де ерекше назар аударды. Мысырға инфрақұрылымын, ауылшаруашылығы мен энергетикасын дамыту үшін бұған дейін бөлінген 400 млн долл. мен ақпан айында келісілген 6 млрд долл. қоса тағы да 4 млрд долл. бөлуге уағдаласты.

Синай түбегінің индустриалды өңірін дамыту жобасы шеңберінде Суэц арнасын жетілдіру, 13 өнеркәсіптік кешенді салу, Оңтүстік Синай провинциясының әкімшілік орталығы Эт-Тур қаласында король Салман атындағы университет ашуға 3,3 млрд долл. көлемінде саудтық тараптан инвестиция күтілуде. Одан бөлек Каирдің батыс аумағында жалпы құны 2,2 млрд долл. тұратын электрстанциясын салу белгіленді [5]. Келесі қол қойылған келісім арнайы жүктасымалына арналған Ысмайыл кемежайын салуды қарастырады. Бұл жобаның көлемі 2,0 млрд долл. құрайды. Сауда мәселесіне қатысты екі ел арасында еркін сауда өңірін құру келісілді. Сонымен бірге бастапқы капиталы 60 млрд сауд риалын (16 млрд долл.) құрайтын бірлескен инвестициялық қор құру туралы келісімге қол жеткізді. Келісімдердің ішіндегі ерекше көзге түсетіні бұл Синай түбегінде Қызыл теңіз арқылы Тиран бұғазын басып өтіп Сауд Арабиясының солтүстігіндегі Рас-Хамид пен Шарм-эш-Шейх аумағын жалғастыратын көпір салу жобасы [6]. Бұл туралы әңгіме бірнеше жылдар көлемінде айтылып жүрген еді. 1988 жылдары Тиран аралы арқылы Мысырдан Сауд Арабиясына өтетін көпір салу жобасы қарастырылады. Бұл көпірдің ұзындығы 15 км болғанымен, Израиль аумағын орағытып өтіп африкалық мемлекеттер мен Азияны жалғастыруға бағытталған. Көпірдің алғашқы жобасы 2005 жылы сол кездегі Мысыр президенті Хосни Мұбарактың шешімімен тоқтатылған еді. Мұндай шешім қабылдаудың себептерінің ішінде табиғи ортаға тигізетін зардабы мен қауіпсіздік мәселесі алға тартылған болатын.

Сонымен бірге бұл келісімге көршілес Иордания мен Израиль мемлекеттері қалай қарайды екен деген ой туындайды. Өйткені Иордания үшін Ақаба кемежайынан осы аймақ арқылы мұхитқа шығатын бірден бір жолы болса, Израиль Эйлат кемжайынан Үнді мұхитына шығатын. Яғни екі көршілес ел үшін де бұл аумақ стратегиялық зор маңызға ие. Тиран аралындағы БҰҰ бақылаушыларының да негізгі қызметі осы

аумақта кемелердің еркін жүзуін қамтамасыз ету болатын. Кезінде Израиль Мысырға Синай түбегін қайтарғанда екі ел арасындағы бейбіт келісімнің негізгі шарты да Израильге Үнді мұхитына шығуға мүмкіндік туғызуы болатын. Енді Сауд Арабиясы осы шарттың сақталуына міндеттеме алды.

Сондай-ақ келісімдердің арасындағысы таңқалатындай оқиға ретінде Санафир және Тиран аралдарын Сауд Арабиясының иелігіне беру туралы келісімді атап өтуге болады. Бұл Мысырға экономикалық қиыншылықтардан шығу үшін беріліп жатқан таңқаларлық инвестициялық салымдарға «алғыс» деп түсінуге болады. Тек мысырлық биліктің бұл шешімі қоғамда қолдауға ие бола қойған жоқ.

Мысырдың Әкімшілік істерді қарауға арналған тәуелсіз сот органы бұл келісімді заңсыз деп тауып, шешімнің орындалуын тоқтату қажет деген үкім шығарған еді. Олардың дәйектемесі бойынша «бұл заңнамалық құжат 1906 жылғы Осман империясымен келісілген Мысырдың шығыс шекарасын демаркациялау туралы келісіміне қарама-қайшы келеді, сонымен бірге Мысыр Араб Республикасының Конституциясының 151 бабына сәйкес мемлекеттің бірқатар нормативтік актілеріне қайшы келуіне байланысты парламентте қарастырылуы мүмкін емес». Алайда, Жедел істер жөніндегі Каир соты бұл үкімді заңсыз деп табуда. Олардың уәжі бойынша Әкімшілік сот мұндай істерді қарауға өкілетті емес. Қайта, құқық саласындағы сарапшылар Каир соты мұндай істі қарауға өкілетті емес, бұл Әкімшілік соттың ісі деп бір-бірімен дауласу үстінде.

Ал осы аралдардың өткен тарихына көңіл бөле кеткен дұрыс болар, өйткені халықаралық қатынастардағы даулы аумақтардың түп-тамырын айқындап алу, дау-дамайдың бейбіт жолмен шешілуіне негіз болары анық. Олай болса, Тиран және Санафир аралы алғаш рет 1840 жылы Лондон конвенциясы бойынша мысырлық билеуші Мұхаммед Әлидің билігі таралған аумақ деп танылды. 1906 жылы Мысырдың Ұлыбритания протектораттығына өткендігін реттеген британ-түріктік келісім бойынша олар Мысыр аумағы деп мойындалынды. Алайда, 1930 жылдары бір ғана мемлекет ретінде құрылған Сауд Арабиясы аралдарды даулағанымен, 1949 жылғы келісім бойынша Мысырдың бұл аралдарды Израильден қорғау құқын Сауд Арабиясы мойындаған болатын. 1956 жылғы Суэц соғысы барысында Тиран және Санафир аралдарын израильдік әскерлер біраз уақыт қолдарында ұстап тұр-

ды [7]. Кейін 1967 жылғы Алтыкүндік соғыста Израиль тарапынан қайта басып алынып, Кэмп-Девид бейбіт бітімшарты бойынша 1982 жылы ғана Мысырға қайтарылған еді. Қазіргі кезде аралдарда тұрғындар болмағанымен, Тиран аралында мысырлық кішігірім әскери гарнизон мен БҰҰ-ның әскери бақылаушылар миссиясының тұрағы орналасқан. Аралдардың біршама бөлігі израильдік басқыншылық кезінен миналарға толы.

Мысыр мен Сауд Арабиясы арасында аралдардың мәртебесі туралы (сырт көзге «су айдынын делимитациялау» туралы) келіссөздер 2010 жылы басталған еді. Соншама шу туғызған бұл мәселенің ендігі тағдырына келетін болсақ, Сауд Арабиясы мен Мысыр арасындағы су айдынын қайта делимитациялау туралы келісімге сәуірде қол қойылған болатын. Келісім бойынша Шарм-эш-Шейх қаласының солтүстік шығысындағы Ақаба шығанағының кіре берісіндегі Рас-Мұхаммед мысырлық ұлттық қорығына қарасты Каир басқаруындағы Қызыл теңіздегі даулы Тиран (көлемі 80 км²) және Санафир (көлемі 33 км²) аралдары енді Сауд Арабиясына өтуге тиіс [8]. Биліктің мәлімдеуінше арал Сауд Арабиясына тиесілі, ал 1950 жылдан Эр-Риядтың өтініші бойынша Каирдің заңнамалық қорғауында болған дейді. Дегенмен де Мысырдағы көпшілік қауым мемлекеттік мүддені сатуда деп Каирдің бұл қадамын айыптауда. Бұл келісімді мысырлық парламент ратификациялауы тиіс. Ал Сауд Арабиясының Заң шығарушы органы болып табылатын Консультативті кеңесі бұл келісімді бекітіп те қойған болатын.

Қорытынды

Әрине, бұл шешім бір күнде шешілген жоқ. Эр-Рияд БҰҰ-ның конвенциясына орай өзінің теңіз шекарасының негізгі шебін айқындағанда Мысыр ресми түрде келіскен болатын. Соңғы алты жыл көлемінде оннан астам кездесулер өткізіліп, 2015 жылдың желтоқсан айында бір мәмілеге келген еді. Мысыр Үкіметі тарапынан белгіленген техникалық сараптама тобының мүшелері аралдардың саудтық аумақта жатқандығын және аралдарға қатысты Сауд Арабиясы Корольдігінің заңды құқын мойындайды.

Бұл енді соңғы жылдары Сауд Арабиясы мен Мысыр арасындағы кейбір саяси ұстанымдардағы алшақтықтарды жою мақсатында жақындасудың да бір тәсілі болуы мүмкін. Жоғарыда аталып кеткен кейбір қайшылықты көзқарастармен қоса соңғы кезде Сауд

Арабиясының «Мұсылман бауырларға» қатысты саясатында өзгерістер де аңғарылады. Соңғы кездердегі саудтық мәлімдемелерде «Мұсылман бауырлар» ұлттық қауіпсіздікке тікелей ешқандай қатер туғызбайтыны насихатталуда. Қалай дегенмен де екі ел арасындағы кей-

бір қайшылықтар негізгі ынтымақтастықты шайқалта қоймас деген ойдамыз. Өйткені екі елдің арасындағы ұзақ уақыт бойы біртіндеп қалыптасқан ынтымақтастығы енді бір сәтте үзіле қоймас. Бұл ынтымақтастық екі ел үшін де өте зор мәнге ие.

Әдебиеттер

- 1 Торжества в честь открытия второго рукава Суэцкого канала проходят сейчас в Египте // https://www.1tv.ru/news/2015/08/06/13894-torzhestva_v_chest_otkrytiya_vtorogo_rukava_suetskogo_kanala_prohodyat_seychas_v_egipte.
- 2 Внешняя политика Египта // <https://www.foreignpolicy.ru/regions/egypt/> (10.05.2016).
- 3 Сатановский Е. Египет и Саудовская Аравия // <http://vip.am/stati/geopolitika/evgenii-satanovskii-egipet-i-saudovskaja-aravija.html> (13.04.2016).
- 4 Там же.
- 5 Египет и Саудовская Аравия подписали соглашение о зоне свободной торговли на Синае // <http://telegraf.com.ua/mir/aziya/2391778-egipet-i-saudovskaya-araviya-podpisali-soglashenie-o-sozdanii-zst.html> 10.04.2016.
- 6 Строительство моста между Египтом и Саудовской Аравией обойдется в \$3-4 млрд // <http://www.interfax.ru/business/503074> (11.04.2016).
- 7 Сейранян Б.Г. Египет. – В кн.: Новейшая история арабских стран Африки. 1917-1987. – М., 1990. – С. 237.
- 8 Египет уступил острова Тиран и Санафир Саудовской Аравии // <http://bmpd.livejournal.com/1843478.html> (11.04.2016).

References

- 1 Torzhestva v chest otkrytiya vtorogo rukava Suetskogo kanala prohodyat seychas v Egipte // https://www.1tv.ru/news/2015/08/06/13894-torzhestva_v_chest_otkrytiya_vtorogo_rukava_suetskogo_kanala_prohodyat_seychas_v_egipte.
- 2 Vneshnyaya politika Egipta // <https://www.foreignpolicy.ru/regions/egypt/> (10.05.2016).
- 3 Satanovskii E. Egipet i Saudovskaja Aravija // <http://vip.am/stati/geopolitika/evgenii-satanovskii-egipet-i-saudovskaja-aravija.html> (13.04.2016).
- 4 Tam zhe.
- 5 Egipet i Saudovskaya Araviya podpisali soglashenie o sont svobodnoi trgovli na Sinae // <http://telegraf.com.ua/mir/aziya/2391778-egipet-i-saudovskaya-araviya-podpisali-soglashenie-o-sozdanii-zst.html> 10.04.2016.
- 6 Stroitelstvo mosta mezhdru Egiptom i Saudovskoi Araviei oboidetsya v \$3-4 mlrd // <http://www.interfax.ru/business/503074> (11.04.2016).
- 7 Seiranyan B.G. Egipet. -V kn.: Noveishaya istoriya arabских stran Afriki. 1917-1987. – М., 1990. – С. 237.
- 8 Egipet ustupil ostrova Tiran i Sanafir Saudovskoi Aravii // <http://bmpd.livejournal.com/1843478.html> (11.04.2016).

Чукубаев Е.С., Амирулы А.

**Латинская Америка
во внешней политике Испании**

Автор в данной статье рассмотрел усиление интеграционных процессов в Латинской Америке и возобновление исторических связей с Европой, в чем, конечно, особенно важна роль стран Иберийского полуострова Испании и Португалии, которые прикладывают все усилия для улучшения сотрудничества стран Латинской Америки с Европейским Союзом.

Отношения Латинской Америки и Испании на современном этапе определяются рядом тенденций и создаются благоприятные условия для активизации испанских экономических интересов в регионе, в том числе для проникновения испанских капиталов в экономику Латинской Америки.

Связано это с повышением темпов экономического развития стран Латинской Америки, сопровождавшегося процессом индустриализации, что порождает необходимость поиска новых рынков и источников финансирования.

Ключевые слова: Латинская Америка, Испания, ЕС, интеграционные процессы.

Chukubaev E.S., Amiruly A.

**Latin America in the foreign
policy of Spain**

Author of this article has considered strengthening of integration processes in Latin America and the resumption of the historical ties with Europe, in which, of course, particularly important role the countries of the Iberian peninsula of Spain and Portugal, which have applied and are making every effort to improve cooperation in Latin America and the European Union.

Relations of Latin America and Spain at present determined by a number of trends and creates favorable conditions for the revitalization of the Spanish economic interests in the region, including for the penetration of the Spanish capital's economy in Latin America.

This is due to an increase in the pace of economic development in the Latin American region, accompanied by a process of industrialization that gave rise to the need to find new markets and sources of funding.

Key words: Latin America, Spain, the EU, integration process.

Чукубаев Е.С., Әмірұлы А.

**Испанияның сыртқы
саясатындағы
Латын Америкасы**

Автор осы мақалада Латын Америкасының интеграциялық үдерістерінің нығайғанын, Европа елдерімен байланыстар жанданып, бұл үдерістерде маңызды рөлді Испания, Португалия сияқты ибериялық мемлекеттер ойнады. Аталған ибериялық елдер Европа Одағы мен Латын Америка елдерінің қарым-қатынастарын ұлғайтуға барлық күштерін салып келеді.

Қазіргі кезеңдегі Латын Америкасы елдері мен Испания қарым-қатынастары бірқатар тенденциялармен айқындалып, аймақтағы мүдделердің белсенділенуіне оң септігін тигізіп, испандық капиталдың Латын Америка экономикасына енуін қамтамасыз етеді.

Бұның себебі ретінде Латын Америка елдерінің экономикалық дамуының өсуімен, индустриализация үлесімен қаржыландыру және жаңа нарықтарды табуға қажеттігі туындатқан.

Түйін сөздер: Латын Америка, Испания, ЕО, интеграциялық үрдістер.

ЛАТИНСКАЯ АМЕРИКА ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ ИСПАНИИ

Латинская Америка освободилась от испанского колониального владычества в течение первой половины девятнадцатого столетия, однако религиозные, культурные и национальные связи между метрополией и бывшими колониями не прервались, что также подкреплялось тем фактом, что господствующая элита латиноамериканских стран состояла из выходцев из Испании.

Этническая схожесть, помноженная на религиозное единство, позволяла Мадриду сохранять в данном регионе серьезное влияние и внешнеполитические позиции на протяжении XIX–XX веков.

Выбор латиноамериканского направления как одного из приоритетных во внешнеполитической стратегии Испании (наряду с ее взаимоотношениями со странами Европы) определялся также наличием определенной базы, в частности, культурно-историческими традициями, общностью религии и языка.

Это создавало возможности для складывания новых форм отношений между Испанией и латиноамериканскими странами, которые рассматривали их как важный канал для укрепления своего сотрудничества с западной Европой, видели в них один из возможных путей преодоления односторонней зависимости от США [1].

Значительно возросла роль Испании в разрешении проблем стран латиноамериканского континента и в процессах, связанных с урегулированием региональных конфликтов в этом районе земного шара. Нельзя сбрасывать со счетов и политическое сотрудничество стран Латинской Америки и Испании в решении конкретных проблем региона (Испания традиционно, наряду с США выступает своего рода международным арбитром в разрешении политических кризисов региона), а также военное (продажа оружия и технологий) сотрудничество Испании и Латинской Америки, которое в последние годы приобретает новые векторы развития.

Испания и Латинская Америка, в политическом контексте, в основном контактируют в сфере решения региональных политических проблем латиноамериканского региона.

В странах Латинской Америки в указанный период происходили структурные изменения в экономике в направлении

ее дальнейшей либерализации и приватизации. Эти страны осуществляли переход от застойной модели развития к более открытой экономике и либерализации рынка. В ходе неолиберальных реформ, затронувших все страны Латинской Америки, в конце 1980-х гг. начался отход от политики протекционизма.

Относительная слабость испанских компаний в рамках ЕС создала угрозу их поглощения более сильными европейскими компаниями, в частности Германии и Франции, в результате испанские ТНК стали искать ниши приложения своего капитала вне зоны Европейского союза. **Была выбрана новая стратегия, расширение своей международной деятельности.** Регионом приложения испанского капитала стала Латинская Америка, чему способствовали отсутствие жесткой конкуренции и наличие относительно свободных ниш в экономике этих стран [2].

Происходит процесс демократизации политической жизни Испании, который затронул все аспекты, в том числе и внешнюю политику страны. Начинается восстановление дипломатических отношений с Мексикой, и другими Латинскоамериканскими странами. Испания выходит из международной изоляции.

Правительства и военные режимы, правившие в Латинскоамериканских государствах во второй половине двадцатого века, были заинтересованы в развитии национальной промышленности, для чего было необходимо постоянное вливание в экономику крупных финансовых средств [3].

Интерес латиноамериканских стран к расширению сотрудничества с Испанией также был обусловлен поисками рынков сбыта для своих товаров.

Учитывая «традиционную» дружбу с Испанией, латиноамериканские страны рассчитывали на то, что их взаимоотношения будут носить более равноправный характер, чем в отношении с США и больше строиться на учёте баланса интересов.

Установление дипломатических контактов и налаживание экономического сотрудничества Испании и латиноамериканских государств активно способствовало ослаблению международной изоляции франкизма во второй половине 40-х – начале 50-х гг.

Особенно наглядно это продемонстрировала Аргентина, которая в обмен на экономическую помощь оказывала активную дипломатическую поддержку франкистской Испании, представляя его интересы в ряде третьих стран.

Стремясь сохранить свое пошатнувшееся влияние в регионе, внешняя политика создает образ Испании как «Матери-Родины» латиноамериканских народов [4].

Серьезные попытки использовать недовольство латиноамериканцев экспансией США в регионе предпринимаются во время Карибского кризиса и событий, ему предшествовавших.

Испания поддерживает кубинскую революцию наперекор настоятельным просьбам США, а испанские торговые суда продолжают посещать Кубу в период ее блокады американским ВМФ. Столь же активную внешнеполитическую позицию занимает Испания и в отношениях с Чили в период установления диктатуры Пиночета.

В целом, благодаря успехам своей внешней политики в регионе во времена франкистского режима Испании удалось стать полноправным участником Межамериканского банка развития и таких межгосударственных объединений как ОАГ, ЛАСТ (Ассоциации свободной торговли) и Андская группа.

В то же время, несмотря на отдельные успехи внешней политики Испании, необходимо признать, что отношения Испании со многими государствами Латинской Америки в этот период оставляли желать лучшего. Целый ряд «ибериоамериканских» государств, таких как Мексика, Венесуэла, Эквадор и другие, в 40-е – 70-е годы вообще не поддерживали никаких контактов с Испанией (не было даже формальных представительств) [5].

Латиноамериканский курс Испании в пост-франкистский период в своём развитии прошёл два главных этапа.

На первом этапе (в основном соответствует периоду правления правительств Союза демократического центра: июль 1976 – октябрь 1982 годов) правительства активно использовали внеблоковую политику для прорыва международной изоляции и расширения отношений со странами Латинской Америки. Новым содержанием наполнилось идеологическое обоснование латиноамериканского курса Испании.

К концу этого этапа произошло усиление европейского и атлантического направлений во внешней политике Испании, страна вступила в НАТО. Правительство СДЦ во главе с Л. Кальво Сотело (1981–1982 гг.) во внешней политике главное внимание стало уделять укреплению позиций Испании в Западной Европе, ослабив активность в Латинской Америке и в других регионах мира.

Второй этап начался в 1982 году и продолжался, в целом, до второй половины 90-х годов. Приход к власти Испанской социалистической партии (октябрь 1982 года) явился важной вехой в истории постфранкистской Испании, ознаменовал сдвиг влево в политической жизни страны.

Активность Испании на латиноамериканском направлении нарастала более медленными темпами, чем на западноевропейском и атлантическом направлениях.

В результате значение во внешнеполитической деятельности Испании латиноамериканского направления и, естественно, его эффективность относительно уменьшаются. В частности, Испании не удалось добиться реальных уступок Западной Европы латиноамериканским странам как в области ликвидации финансовой задолженности, так и в области торгово-экономических отношений.

Все больше и больше вливаясь в структуры НАТО, Испания оказывается вынужденной в значительной мере корректировать свою внешнюю политику в угоду интересам альянса [6].

Однако, несмотря на ослабление военного, и государственного участия Испании в делах Латинской Америки, бурно развивается всевозможное экономическое сотрудничество.

Испанское государство оказывается поставленным перед необходимостью дипломатическими путями поддерживать финансовую и экономическую экспансию испанского капитала в латиноамериканском регионе. Это приводит к заключению ряд серьезных двухсторонних испано-латиноамериканских договоров, которые позволили иберийским предпринимателям оказаться в привилегированном положении по отношению к их конкурентам из Европы и стран Азии.

Несмотря на существующие трудности, Испания и латиноамериканские государства вступили в XXI век с определенными резервами для расширения взаимовыгодного сотрудничества.

Отметим, что подавляющее большинство независимых государств региона – республики. В XX веке, в большинстве из них были установ-

лены авторитарно-олигархические режимы и военные диктатуры, которые во многом определяли отношение к региону со стороны мирового сообщества, как к крайне нестабильному.

Несмотря на принятие целого ряда международных договоров по обеспечению прав, женщины Казахстана продолжают подвергаться различного рода дискриминации в социально-экономической и общественно-политической сферах. Для широкого подхода к обеспечению прав женщин нужно наличие семи основных факторов: укрепление институциональной и законодательной базы, развитие демократии, ликвидация нищеты, распространение информации и статистики, активные действия правительства, административных органов, парламентов, НПО и средств массовой информации в стране, активизация международного сотрудничества.

В некоторых странах мира положение женщин сегодня улучшилось и имеется определенный прогресс в участии женщин в общественной жизни, их доступа к власти и ресурсам. В других регионах положение женщин все еще на низком уровне и складывающаяся картина еще далека от идеальной, так как вопросы прав женщин не являются приоритетными. Мобилизация правозащитных ресурсов стран в поддержку женщин пока еще не привела к настоящим прорывам в борьбе за подлинное гендерное равенство. А в некоторых странах мира, наоборот, движениям религиозных фундаменталистов удалось закрепить и развить религиозные обычаи, традиции дискриминации и угнетения женщин. В ходе вооруженных конфликтов происходят массовые изнасилования и иные виды бесчеловечного обращения с женщинами.

И все же, ни неудачи, ни появление новых вызовов времени не умаляют значения прав человека – они все так же принципиально важны для отстаивания прав женщин во всем мире. Права женщин являются неотъемлемой, составной и неделимой частью всеобщих прав человека, а такие фундаментальные исторические документы, как Всеобщая Декларация прав человека, Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин и другие, уже не позволят свернуть человеческому обществу с пути построения равноправного общества.

Литература

- 1 Кнут В.Бергем., Гуннар М.Карлсен., Б. Слюдал. Введение в права человека. – Осло, 2003. – С. 20.
- 2 Международные документы по защите прав женщин: приложение к учебнику «Введение в теорию гендера». – Выпуск VII. – Алматы, 1998. – С.47.
- 3 Сарсембаев К.М., Масатбаев А.О. Права человека в международных документах. Часть 1. Всеобщая Декларация прав человека, статьи 3; 5; 23. – Алматы, 1998. – С. 9-13.
- 4 Кофи А.Аннан. Партнерство во имя всемирного сообщества. Годовой отчет о работе организации. – Нью-Йорк, 1998. – С.101.

References

- 1 Knut B.Bergem., Gunnar M.Karlsen., B. Sludal. Vvedenie v prava cheloveka. – Oslo, 2003. – S. 20.
- 2 Mezhdunarodnyie dokumenty po zhashite prav zhenshin / prilozhenie k uchebniku «Vvedenie v teoriyu gendera». – Vypusk VII. – Almaty, 1998. – S. 47.
- 3 Sarsembayev K.M., Masatbayev A.O. Prava cheloveka v mezhdunarodnyh dokumentah. Chast 1. Vseobshaya deklaratsiya prav cheloveka, statii 3; 5; 23. – Almaty, 1998. – S. 9-13.
- 4 Kofy A.Annan. Partnerstvo vo imya vseirnogo soobshstva. Godovoi otchet o rabote organizatsii. – Niu-Iork, 1998. – S. 101.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен келісімнің, қасиетті Отанымызда өмір сүріп жатқан барлық этностар достығының ең басты және берік іргетасы.

Назарбаев Н.А.

Макашева К.Н.,
Ережепова Г.Г.

**Қазақстан халқы
Ассамблеясының халықаралық
қызметі мәселесіне қатысты**

Қазіргі таңда Қазақстан тұрақты саяси жүйеге, қоғамдық тұрақтылыққа, этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімді жағдайына ие табысты мемлекет ретінде қарастырылады. Тәуелсіздік кезіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты жетістіктерінің бірі елде әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырудың маңызды шарты болатын Н.Ә. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделінің құрылуы болып табылады. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі этникааралық қатынастарды реттеуде жалпыдемократиялық қағидаларды есепке алумен қатар, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сүйене отырып, өзінің қызметін жүзеге асырады. Осыған орай, мақалада қазақстандық моделдің халықаралық қызметі, ондағы халықаралық қауымдастықпен танылған этносаралық қатынастар тәжірибесі негізге алынып, соның нәтижесінде қалыптасқан екіжақты қатынастары қарастырылды.

Түйін сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, халықаралық қызметі, қазақстандық модель, этносаралық толеранттылық, қоғамдық келісім.

Makasheva K.N.,
Yezhepova G.G.

**International activity of Assembly
of people of Kazakhstan and
related questions**

Nowadays, Kazakhstan is considered as a successful government with a stable political system, social stability, harmonious position of inter-ethnic and inter-confessional relations. One of the main achievements of the national policy of the Republic of Kazakhstan since independence is the creation of the Kazakhstan model of interethnic tolerance and N.A. Nazarbayev's social harmony, it is an important condition for the implementation of socio-economic and political reforms in the country. Kazakhstan's model of interethnic tolerance and social harmony in its core have a general democratic principles of regulation of inter-ethnic relations, taking into account the recommendations of other international organizations, carries out its activities. In this regard, the article discusses the international activity of Kazakhstan's model, as well as bilateral relations, based on long-established practice of inter-ethnic relations, recognized by the international community.

Key words: Assembly of People of Kazakhstan, international activity, Kazakhstan's model, inter-ethnic tolerance, public consent.

Макашева К.Н.,
Ережепова Г.Г.

**К вопросу о международной
деятельности Ассамблеи
народа Казахстана**

В современном мире Казахстан рассматривается как успешное государство, обладающее устойчивой политической системой, общественной стабильностью, гармоничным состоянием межэтнических и межконфессиональных отношений. Одним из главных достижений национальной политики Республики Казахстан за время независимости является создание Казахстанской модели межэтнической толерантности и общественного согласия Н.А. Назарбаева, являющейся важнейшим условием осуществления социально-экономических и политических реформ в стране. Казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия в своей основе имеет общедемократические принципы регулирования межэтнических отношений, и, принимая во внимание рекомендации других международных организаций, осуществляет свою деятельность. В связи с этим в статье рассматривается международная деятельность Ассамблеи народа Казахстана, а также двусторонние отношения, укоренившиеся на основе практики межэтнических отношений, признанных международной общественностью.

Ключевые слова: Ассамблея народа Казахстана, международная деятельность, казахстанская модель, межэтническая толерантность, общественное согласие.

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ
АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ҚАТЫСТЫ**

Посткеңестік республикалар тәуелсіз даму жолына түсіп, өздерінің егемендікке қарай ұмтылыстарында бірқатар мәселелерге кезікті. Экономикалық дағдарыс, әлеуметтік тұрақсыздық, саяси белгісіздік сияқты ауысу кезеңінің қиындықтарымен қатар, қақтығыстарға ұласу қаупі бар этносаралық қатынастардың шиеленісу мәселесі де болды. 1991-2001 жж. кезеңінде аталмыш елдерде саяси өзгерістерден, соның ішінде ұлттық негізде, тұрғылықты жерін ауыстыруға мәжбүр болған 9 млн. қоныс аударушылардың болуы – осы мәселенің куәсі [1]. Сондықтан тәуелсіздіктің бастапқы кезінен бері ең маңызды міндет дербес мемлекеттің табысты қалыптасуының кепілі болып табылатын этносаралық қатынастардың үйлесім жолдарын іздеу болды.

Егемен Қазақстанның құрылуынан екі онжылдықтан аса уақыт өткенде сол бір қиын жылдары Қазақстан халқының дұрыс ойлауы, алғашқы Президенттің ойластырылған, көреген саясаты ұлтаралық келісім мен қоғамдық тыныштықты қамтамасыз етті деп нық сеніммен әрі мақтанышпен айта аламыз. Осының нәтижесінде айналасында ұлтаралық қақтығыстар, соның ішінде қанды қақтығыстар өршіп жатқанда Қазақстанда этносаралық қақтығыстар орын алмады. Азаматтық әлем елдің қарқынды дамуына, әлемнің ең дамыған 50-елінің қатарына кіруге және 2050 жылға қарай осы елдердің отыздығының қатарына кіру стратегиялық бағдарламасын ұсынуға мүмкіндік берді [2].

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделін құру үшін тәжірибеде бұрын кездеспеген, бірегей, өзіндік, этносаралық қатынастардың қазіргі шынайылықтарының жалпы, әсіресе, қазақстандық қоғамдағы, ерекшеліктерінің көптүрлілігін есепке алатын тәсілдер қажет болды. Сонымен бірге, өзінің шынайы, нақты, жағымды нәтижелерімен, онжылдықтармен мақұлданған әрі кең халықаралық қауымдастықпен танылған этносаралық қатынастар тәжірибесінің қазынасына еруге лайықты бірегей шешімдер де талап етілді. Осылайша, «Дамудың қазақстандық жолы» деп танылған, қазіргі жаһандану әлемінде тәуелсіз мемлекеттің табысты дамуы ықпалдастығының негізгі құраушы бөлігіне айналған Н. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық моделі құрылды [3].

«Дамудың қазақстандық жолы» және «Назарбаев моделі» терминдері, бұл терминдер синоним болып келеді, халықаралық саяси және сарапшылық орталардың қауымдастығында нық бекіген. Қазақстанның посткеңестік артта қалушылықты, экономикалық күйзеліс пен белгісіздікті жеңуінде идеялар мен шынайы мүмкіндіктердің тұтастығы маңызды рөл ойнады. Осы шешуші элементтердің бір нүктеде қиылысуы үшін бетбұрысты сәтте өрнекті есептер мен үздік модельдеу шеберлігі талап етілді. Бірақ, қандай кескіндеме туралы сөз болып отырғандығына қарамастан, мықты құрылымды, мемлекеттілік ғимаратын немесе темірбетонды монолитті тұрғызуға сенімді платформа қажет.

Ғасырдың ең үлкен жобасын тұрғызғанда, сөз ұлттық құрылыс туралы болып отыр, елдің алғашқы президенті Н. Назарбаев негіз ретінде тұрақтылық стратегиясын пайдаланды. Бірақ негіздің өзі формациялық алға басу жағдайында нығаюды қажет ететіндіктен шиеленіс туды. Тұжырымдамалық тәсіл қосбірлікті міндетті жемісті түрде шешуге және болжамдылық айдынына жол ашуға мүмкіндік берді.

Бұл модель адамзат тұрмысының айтарлықтай қайшылықты факторларын бір тұтастыққа біріктіре алды. Модель Қазақстан Республикасы этносаясатының жинақталған көрінісі болып табылады. Оның негізі – этносаралық қатынастарды үйлестіруші, аналогы жоқ, Қазақстан халқы Ассамблеясы институты.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтық қоғамның түрлі институттары үшін диалог алаңы рөлін атқарып, азаматтық қоғам институттары мен билік институтының мүмкіндіктерін біріктіріп, қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесінің анағұрлым дамыған элементтерінің бірі болды. Оның қызметі 2008 жылдың 20 қазанында қол қойылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» арнайы заңмен реттеледі, бұл заң бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы Ассамблеяның саяси танылуы мен рөлін білдірді, оның қызметінің нормативтік-құқықтық реттелуін, орталық пен аймақтардағы институционалдық құрылымның бірлігін қамтамасыз етті [4]. Сондықтан да Президент Н. Назарбаев XV сессияда: «Бұл – біз үшін жаңа сапалық жағдайға өтуді білдіретін жаңа есеп нүктесі», – деп атап өтті [5].

Этносаралық қатынастар саласы үшін маңызды оқиғалар да уақыты жағынан келесідей реттілікпен дамыды: 1991 ж. желтоқсан – мемлекеттік тәуелсіздік туралы Заң қабылданды; 1992 ж. наурыз – Қазақстан БҰҰ мүшесі болды; 1992

ж. қыркүйек – Алғашқы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы; 1992 ж. желтоқсан – Қазақстан халқының Алғашқы Форумы; 1995 ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы; қазіргі әрекет етуші ҚР Конституциясының қабылдануы.

Мінекей, жиырма жылдық тарихта Қазақстан халқы Ассамблеясы өз дамуының, соның ішінде халықаралық аренада, маңызды эволюциясын бастан өткізді. Мемлекет басшысымен этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі қалыптастырылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының туралы заңының 6-бабына сәйкес, Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарының бірі елде және шет елдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау, сондай-ақ этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады [4].

Осыған орай, Қазақстандық модель Біріккен Ұлттар Ұйымында, ЕҚЫҰ қатысушы елдерде, ірі халықаралық форумдар өткен мемлекеттерде – Копенгаген, Вена, Женева, Нью-Йоркте таныстырылды. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун елге жасаған сапары барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысымен толығырақ танысты және Ассамблеяның қағидаттары БҰҰ қағидаттарымен толықтай үйлесетіндігін атап өтті [6].

Тәжірибе алмасу мақсатында Ассамблея өкілдері әлемнің көптеген елдерінде болды. Қазақстандық модель Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ЕҚЫҰ азшылық ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссардың өзара тығыз әрекеттестік бағыттарының біріне айналды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық кезеңінде этносаралық толеранттылықтың қазақстандық моделі оған қатысушы мемлекеттердің тілдеріне аударылды және ЕҚЫҰ-ның 56 қатысушы елдеріндегі ҚР барлық елшіліктеріне таратылды. ЕҚЫҰ азшылық ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссар Кеңесімен бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

Тәжірибе алмасу үшін ҚХА Хатшылығына шетелдік сарапшы өкілдер 60-тан астам рет ниеттерін білдірді (Франция, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Швеция, Түркия, Қытай, Ресей, Испания, Голландия, Израиль және т.б.). ҚХА және ЕҚЫҰ азшылық ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Ұйымының Орталығы, АӨСШК, Жаһандық диалог пен ынтымақтастық Орталығы (Вена, Австрия), Ресей, Қырғызстан,

Татарстан (РФ), Чечен Республикасы (РФ) Ассамблеялары арасында ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы келісімдерге, меморандумдарға қол қойылды.

ҚХА өкілдері алуан түрлі қоғамдарды ықпалдастыру жөніндегі Любляна ұсынымдары бойынша Қазақстандағы сарапшылық қауымдастықтың жұмысына белсенді түрде қатысады.

М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де алғашқы рет этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі туралы 36-сағаттық арнайы курс оқытуда, бұл Ресейдің ғылыми элитасы мен білім беру қауымдастығының тарапынан қазақстандық модельдің танылғандығын көрсетеді. Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы мен Ұлыбританияның іскер орталарының бастамасымен 2014 жылдың тамызында Лондонда бейбітшілік пен келісімнің Қазақстандық орталығы ашылды [7]. Орталық Н. Назарбаевтың қоғамдық келісім және ұлт бірлігінің қазақстандық моделін шетелде алға бастыру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, орталық саяси, білім беру-мәдени және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басым секторларындағы мемлекетаралық өзара қатынастардың ары қарай нығаюына ықпал етеді.

Халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттестік дамуда – тіл саясаты саласында Ф. Эберт (Германия) халықаралық қорымен, диаспоралық саясат саласында Стамбул университетінің Еуразия Орталығымен (Түркия) және басқа да ғылыми ұйымдармен және қауымдастықтармен [8].

ЕҚЫҰ азшылық ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссар Астрид Турстың 2014 жылдың 23-27 маусымында Қазақстан Республикасына жасаған сапары екіжақты ынтымақтастыққа жаңа қарқын берді. ЕҚЫҰ Қазақстанға нормативтік базаны ары қарай жетілдіру және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстар бойынша ұсынымдар жасады.

Сондай-ақ, Астанада БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссар Басқармасының Аймақтық өкілі Элизабет де Коштамен 2014 жылдың 23 қазанында кездесу өтті. Аталған кездесуде Еуропалық Одақтың «Орталық Азиядағы тұрақтылық үшін адам құқықтарын қорғау» жобасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды [9].

Тәжірибе алмасу мақсатында, Уппсала қаласында (Швеция) ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының этносаралық және конфессияаралық қатынастар-

ды зерттеу орталығының басшысы А. Садуақасованың басшылығымен ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшелерінен құралған делегация 2015 жылдың 7-9 қаңтарында өткен «Ішкі және мемлекетаралық деңгейдегі этносаралық ынтымақтастық» атты халықаралық конференциясына қатысты [10]. Конференцияға қатысушылар Қазақстан халқы Ассамблеясының көп этностық қоғамда бейбітшілік пен келісім саясатын жүзеге асыру бойынша тәжірибесіне үлкен қызығушылық танытты.

Осы сипатта ұйымдастырылған кездесудің бірі БҰҰ бейбіт жиналыстар мен ассоциациялар бостандығына құқық мәселелері жөніндегі Арнайы баяндаушысы Майна Киаймен өткен кездесу еді. Кездесу 2015 жылдың 21 қаңтарында Астана қаласында өткізілді және оның барысында БҰҰ Арнайы баяндаушысына этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі таныстырылды [11].

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіру бойынша сарапшылық деңгейдегі жұмыс түрлі халықаралық алаңдарда екіжақты тәртіпте келесідей кездесулерде өз жалғасын тапты.

Оның бірі, ҚХА төрағасының орынбасары Ералы Тұғжановтың Ауғанстан Ислам Республикасы Парламентінің депутаты, әйелдер мен балалар істері жөніндегі комиссия Төрағасының орынбасары Шукрия Пайкан Ахмадидің басшылығымен Парламенттің Төменгі палатасының (Волеси Джирга) депутаттарымен өткен кездесуі. Маусым айының 15-де ұйымдастырылған кездесуде АИР Парламентінің Төменгі палатасының депутаттарына ҚХА құрылу тарихы, конституциялық мәртебесі, міндеті мен атқаратын жұмысы, сонымен бірге оның халықаралық ынтымақтастығы таныстырылды [12].

Өз кезегінде, АИР делегациясының мүшелері Ауғанстан мен Қазақстан арасындағы достықты атап өтті. Волеси Джирга депутаттары ҚХА дәл уақытында құрылғандығын және де оның қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі өзектілігі мен рөлін айтты. Ауғанстаннан келген делегация өз елдерінің дамуындағы Қазақстанның рөлі, мемлекеттің қалыптасуындағы қиын сәттерде көмегі мен қолдауы туралы да айтты. Сонымен қатар, тараптар мемлекеттік этносаясат саласындағы екіжақты қатынастарды ары қарай дамыту мәселелері бойынша пікір алмасты.

Қазақстан немістері Ассоциациясы ірі этномәдени бірлестіктердің бірі ретінде Қазақстанда бүгінгі күні қоғамдық келісім мен ұлт бірлігінің нығаюына айтарлықтай үлес қосады. Қазақстан

немістері қазақстан-герман байланыстарын орнату мен дамытуда «Тірі көпір» болып табылады. Неміс Бундестагының депутаты 2015 жылдың қазан айында ҚХА Жылының іс-шаралары шеңберінде өткізілген «Қазақстан немістері: Астана мен Берлин арасындағы көпір» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында Генрих Цертик Қазақстан Республикасы Президенті мен қазақ халқына үлкен алғысын білдіріп, былай деді: «Қазақстан халқы көптеген жер аударылған этностарға алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік берді. Бүгінде Қазақстанда өмір сүретін этностық топтар елдер арасындағы байланыстырушы топ болып табылады. Олардың көмегімен біз дамудамыз, өсудеміз және бір-бірімізді қолдаймыз. Бұл – өте маңызды» [13].

Маңызды кездесулер қатарында, Ассамблеяның мерейтойлық іс-шаралары барысында қазан-қараша айларында ұйымдастырылған ҚХА төрағасының орынбасары басшылығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерінің Румыния Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік хатшысы Себастьян Хотка және де Болгария Республикасы Халықтық Жиналысының төрағасы Цецка Чачевпен өткен кездесулер еді. Бұл кездесулерде ҚХА қызметі екі тарап өкілдерінен жоғары бағаға ие болды, дәлірек айтсақ, қоғамдық келісім мен жалпы ұлт бірлігінің қазақстандық моделінің тиімділігі айтылды. Себастьян Хотка мырза Қазақстанның этносаралық келісімді қамтамасыз етудегі жағымды тәжірибесін атап өтіп, Румыния Қазақстанмен жүргізіліп атқан бейбітшілік пен келісім саясатының тәжірибесін жоғары бағалайтындығын білдірді.

Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың келешегі мәселелерін талқылады. Кездесу шеңберінде Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт Министрлігі мен Болгария Республикасы мәдениет Министрлігі арасында мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қою салтанаты өтті. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Болгария арасында ынтымақтастықтың барлық салалары бойынша екіжақты байланыстарды тереңдетуге бағытталған тұрақты саяси диалог бекітілген.

Н.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен бірлік моделін ілгерілетудегі ҚХА-ның рөліне қызығушылық танытқан елдердің бірі Оңтүстік Корея болды. Мұның көрінісі, 2015 жылдың 21-24 қазанда ҚХА Төрағасының орынбасары Тоғжанов Ералы мырза мен ҚР Парламенті Мә-

жілісінің депутаты Ким Роман мырзаның Оңтүстік Кореяға жұмыс сапарынан орын алды. Сапар шеңберінде ҚХА делегациясының Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының (Парламентінің) депутаты Шин Сунг Бом мырзамен және Кореяның жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Конгук университетінің басшылығымен кездесу болып, онда тараптар Оңтүстік Кореядағы қазақстандық орталықты құру және оның одан әрі жұмыс істеуі туралы пікір алмасты. Сапар барысында делегация мүшелері Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының (Парламентінің) «Сэнури» билеуші партиясынан сайланған Жасмин Ли ханыммен келіссөз жүргізді.

Депутат Қазақстанда этносаралық қатынастарды дамытудағы ҚХА-ның тәжірибесіне қызығушылық танытып, ҚХА «мөлтек әлем» болып табылатынын атап, қазақстандық тәжірибені Корея Республикасында енгізу қажеттігі туралы пікірін білдірді. Тараптар екі жақты қатынастарды реттеу, инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту үшін Институттың ресурстық базасын пайдалану туралы уағдаласты [14].

Көпұлтты Қазақстанның жемісті дамуының мұндай қарқыны халықаралық қызығушылық тудыруда және танылуда. Қазақстандық модель тәжірибесін зерттеу үшін елге 18-ден астам мемлекеттер келді. Мәдениетаралық ынтымақтастық шеңберінде гуманитарлық ынтымақтастық белсенді дамуда, тарихпен, мәдениетпен және дәстүрлермен анағұрлым жақынырақ танысу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Елдің барлық аймақтарында Қоғамдық келісім кеңестері, толеранттылық кафедралары және ҚХА белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының іргетасын қалаған республикалық этно-мәдени бірлестіктер салыстырмалы қысқа мерзімде елдегі тұрғын халық пен билік органдары арасында байланыстырушы түйін болып, отандық саяси сахнадағы азаматтық қоғамның әрекетшіл әрі беделді институттарына айнала алды. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі өз негізінде этносаралық қатынастарды реттеудің жалпыдемократиялық қағидаттарына ие, этносаралық өзара әрекеттестіктің қазақстандық алаңының ерекшеліктерін есепке алумен қатар халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сүйенеді. Сонымен бірге, Қазақстандық модель жаһандық және жергілікті сын-тегеуріндер мен қатерлер жағдайында тәсілдер мен қағидаттарды шығармашылық қайта ойлану, жаңарту үшін ашық.

Әдебиеттер

- 1 Тугжанов Е.Л., Калашникова Н.П., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. Ассамблея Народа Казахстана: История двух десятилетий. – Алматы: «КАЗакпарат», 2015. – 326 с.
- 2 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства /http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
- 3 Назарбаев Н. «План нации – Путь к казахстанской мечте» /http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte
- 4 Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 г. «Об Ассамблее народа Казахстана» №70-IV /<http://almaty.assembly.kz/ru/docs/zakon-respubliki-kazahstan-ob-assamblee-naroda>
- 5 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана /<http://www.zakon.kz/151348-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>
- 6 Тугжанов Е.Л. Новые тренды в деятельности Ассамблеи народа Казахстана: наука и практика // Международные исследования. Общество. Политика. Экономика. – Астана, 2011. – №2 (7).
- 7 Казахстанский центр мира и согласия в Лондоне // «Қоғамдық келісім» РММ жаршысы. – Астана, 2015. – С. 14.
- 8 Ланьшина Т.А. «Мягкая сила» Германии: культура, образование, наука // Вестник международных организаций. – 2014. – №2. – С. 28.
- 9 Шаяхметов Н. Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық қызметі тарихының кейбір беттерінен / Қоғам және Дәуір. – Астана, 2015. – №1(45).
- 10 Казахстанский опыт общения государства с полиэтническим обществом представят в Швеции /<https://strategy2050.kz/ru/news/16903>
- 11 Доклад Специального докладчика по вопросу о правах на свободу мирных собраний и свободу ассоциации Майны Киан о его миссии в Казахстан (19–27 января 2015 года) /<http://www.adilet.gov.kz/ru/node/103163>
- 12 Казахстан – Афганистан / «Қоғамдық келісім» РММ жаршысы. – Астана, 2015. – № 5 (1). – С. 13.
- 13 Штейн О. Мост между Астаной и Берлином /<http://deutsche-allgemeine-zeitung.de/ru/content/blogcategory/30/79/>
- 14 НЭС АНК: Казахстан-Румыния, Болгария, Южная Корея / «Қоғамдық келісім» РММ жаршысы. – Астана, 2015. – №8. – С. 14-19.

References

- 1 Tugzhanov E.L., Kalashnikova N.P., Kan G.V., Korobkov V.S., Shayahmetov N.U. AssambleyaNarodaKazhastana: Istoriyadvuhdesyatiletii. – Almaty, «KAZakparat», 2015. – 326 с.
- 2 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan–Lidera Nacii N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana «Strategiya«Kazahstan-2050»: Novyi politicheskii kurs sostoyavshegosya gosudarstva /<http://www.akorda.kz>
- 3 N. Nazarbaev. «Plan nacii – Put’ k kazahstanskoimechte» /http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte
- 4 Zakon Respubliki Kazahstan ot 20 oktyabrya 2008 g. «Ob Assamblee naroda Kazahstana» №70-IV /<http://almaty.assembly.kz/ru/docs/zakon-respubliki-kazahstan-ob-assamblee-naroda-kazahstana>
- 5 Vystuplenie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A.Nazarbaeva na XV sessii Assamblei naroda Kazahstana / <http://www.zakon.kz/151348-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>
- 6 Tugzhanov E.L. Novye trendy v deyatel’nosti Assamblei naroda Kazahstana: nauka I praktika // Mezhdunarodnye issledovaniya. Obshestvo. Politika. Economika. – Aстана, 2011. – №2 (7).
- 7 Kazahstanskii cent rmira isoglasiiya v Londone //«Kogamdyk kelisim» RMM zharshysy. – Aстана, 2015. – S. 14.
- 8 Lan’shina T.A. «Myagkaya sila» Germanii: kul’tura, obrazovanie, nauka// Vestnik mezhdunarodnyh organizacii. – Moskva, №2. – С. 28.
- 9 Shayahmetov N. Kazakstan halky Assambleyasynyn halykaralyk kyzmeti tarihyyn keibir betterinen / Kogam zhane Dair. – Aстана, 2015. – №1(45)
- 10 Kazahstanskii opyt obsheniya gosudarstva s polietnicheskim obshestvom predstavyat v Shvecii / <https://strategy2050.kz/ru/news/16903>
- 11 Doklad Special’nogo dokladchika po voprosu o pravah na svobodu mirnyh sobranii i svobodu associacii Mainy Kiai o ego missii v Kazahstan (19–27 yanvary 2015 goda) /<http://www.adilet.gov.kz/ru/node/103163>
- 12 Kazahstan – Afganistan / «Kogamdyk kelisim» RMM zharshysy. Aстана, 2015. № 5 (1). S. 13
- 13 Shtein O. Most mezhd Astanoi I Berlinom /<http://deutsche-allgemeine-zeitung.de/ru/content/blogcategory/30/79/>
- 14 NES ANK: Kazahstan-Rumyniya, Bolgariya, Juzhnaya Koreya / «Kogamdyk kelisim» RMM zharshysy. – Aстана, 2015. – №8. – S. 14-19.

Идрышева Ж.Қ.
**Еуропалық Одақ аясындағы
қазіргі миграциялық
толқынның негізгі мәселелері**

Бұл мақалада Еуропалық Одақ мемлекеттерінің миграция мәселесіндегі түсіне алмаушылықтары мен мүдделерінің әртүрлілігі, оның Еуропалық интеграциялық ұйымға тигізетін кері әсерлері және ЕО-ның көші-қон дағдарысына байланысты қабылдаған шешімдері қарастырылды. Бүгінгі таңда Еуропалық Одақтың бас қайғысына айналып отырған үлкен даулы мәселелердің бірі көші-қон үрдісі. «Миграциялық дағдарыс» термині босқындарға қатысты 2015 жылдың сәуір айынан бастап қолданысқа ене бастады. 2011 жылдан бері Сирия, Ирак, Ауғанстан сияқты азаматтық соғыс жүріп жатқан елдерден келуші босқындар Еуропада босқындар мәселесін ушықтырып жіберді. ЕО өзге де ұйымдармен, мемлекеттермен келісе отырып, көші-қон легін тоқтатып және мемлекеттегі босқындар мәселесін қалпына келтіре алады. Қазіргі таңның басты проблемаларының бірі болып отырған бұл мәселенің шешімі әлі қабылдана қоймағандықтан, барлық Еуропа елдері ортақ миграциялық саясат ұстана отырып, шешімге келуі керек.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, миграция, босқындар, миграциялық дағдарыс.

Idrysheva Zh.K.
**The current primary issues
of migrational process in the
frameof European Union**

The article studies problems of misunderstanding and different interests of EU member-states in regard to migration, their negative effects upon European integration organization and EU's decisions about migration crisis. Currently, migration process is one of the most urgent issues for EU. The term «migration crisis» in context of refugees was put to use in April 2015. Refugees from civil war torn countries such as Syria, Iraq and Afghanistan since 2011, exacerbated the problems of their reception. EU in cooperation with other nations and organizations managed to stop the refugee flow and settle the migration problems in their respective countries. Nowadays migration remains as a unsettled problem requiring integrated migration policy of all European countries.

Key words: European Union, migration, refugees, migration crisis.

Идрышева Ж.Қ.
**Основные проблемы
современной миграционной
волны в рамках
Европейского Союза**

В статье рассматриваются проблемы непонимания и различий в интересах государств Европейского Союза по вопросам миграции, их негативное влияние на европейскую интеграционную организацию и решения ЕС по миграционному кризису. На сегодняшний день одной из главных наболевших тем для ЕС является миграционный процесс. Термин «миграционный кризис» начал применяться по отношению к беженцам с апреля 2015 года. Беженцы из охваченных гражданской войной с 2011 года стран, таких как Сирия, Ирак, Афганистан, серьезно обострили в ЕС проблему их приема. ЕС в сотрудничестве с другими странами и организациями удалось остановить поток беженцев и урегулировать проблему мигрантов в своих странах. Все еще остающийся одной из основных нерешенных проблем сегодняшнего дня миграционный кризис требует решения на основе единой миграционной политики всех стран Европы.

Ключевые слова: Европейский Союз, миграция, беженцы, миграционный кризис.

**ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ
АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ
МИГРАЦИЯЛЫҚ
ТОЛҚЫННЫҢ НЕГІЗГІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда Еуропалық Одақтың бас қайғысына айналып отырған үлкен даулы мәселелердің бірі көші-қон үрдісі. 2015 жылдан бастау алған бұл толастамаған көші-қон ағыны Еуропа үшін ең ауыр сынақтардың бірі болып отыр. 2011 жылдан бері Сирия, Ирак, Ауғанстан сияқты азаматтық соғыс жүріп жатқан елдерден келуші босқындар Еуропада босқындар мәселесін ушықтырып жіберді. Еуропалық комиссия босқындар мәселесін өзге де Еуропалық елдермен ортақ келісімге келе отырып шешеді. Еуропалық Комиссия Еурокеңеске босқындарды қабылдау бойынша (European Refugee Fund) Еуропалық Қор құру туралы өзінің ұсынысын жасады. Қордың қаржысын ел территориясындағы босқындар мен саяси баспана сұраушылардың санына байланысты елдер арасында бөлу қарастырылған. 2000 ж. өзінде қордың бюджеті 26 млн еуроны құраған. Сонымен қатар Еурокомиссия саяси баспаны беру саясатын жүзеге асыруға, «бостандықтың, қауіпсіздіктің және құқық сақтаудың Еуропалық кеңестігі» жобасын талқылауда жауапты ұлттық әкімшілік қызметтердің ынтымақтастығын дамытуға бағытталған «Одиссей» жобасы шеңберінде өткізілетін шаралардың жылдық бағдарламасын бекітті. Соның өзінде ЕО бұл мәселені шешуде көптеген қиындықтармен жолығуда. Осындай көптеген мәселелер миграциялық дағдарысты шешуге кері әсерлерін тигізіп отыр [1].

Карнеги орталығының аға ғылыми қызметкері Джуди Демпсидің айтуынша, босқындар легін тоқтату үшін Сириядағы кикілжіңді шешу керек. 2015 жылдың соңына қарай бұл жанжалды шешу бойынша дипломатиялық шаралар қолға алына бастады. Алайда, Ресейдің әуе шабуылы бұл үрдісті кідірттіп тастады. Ал Түркияның Ресей ұшағын атып құлатуы дипломатиялық қатынастың салқындауына, Таяу Шығыстағы мәселенің одан әрі ушығуына әкелді. Таяу Шығысқа қатысты мемлекеттердің мүдделері әртүрлі болуы мәселені күрделендіре түсуде. Сауд Арабиясы, Иран, Еуропа мен Американың мүдделері, онымен қоса Ресейдің бұл аймақтағы басты мақсаты айқындалмай тұрып, бұл миграция дағдарысы әлі біраз уақыт жалғаса береді.

Миграция дағдарысы, әсіресе Грекияның теңіз арқылы келіп жатқан босқындарды тәртіпке келтіре алмауы, шекарасы ашық жатқан Шенген аймағындағы жағдайды ушықтыра түсу-

де. Шенген келісімі Еуроодақтың 22 мүшесі мен басқа төрт елдің арасында паспортсыз қатынауға мүмкіндік береді. Париждегі терактіден соң Шенген келісімін өзгерту, тіпті оны мүлде алып тастау туралы ұсыныстар жиі айтыла бастады. Терактіні ұйымдастырды деп айыпталғандар Брюссель маңындағы Моленбек қаласынан келген. Алайда, Бельгия премьер-министрі Шарль Мишель қарашада теракт Еуропаның ашық жатқан шекараларының кесірінен болды деп мәлімдеп, Шенген шарты қажет емес дегенді тұспалдап жеткізді. «Біз қазір Еуропадағы қауіптің жаңа деңгейімен бетпе-бет кезіктік», – деді ол [2].

ЕО-ның ішкі шекаралары жөніндегі алауыздық өз алдына, блок мүшелері одақтың сыртқы шебі бойынша да бір тоқтамға келе алмай отыр. Сыртқы саясатта және қауіпсіздік мәселесінде ренационализация күшейіп келеді. Бұл үрдіс соңғы бірнеше жылда байқалды, енді өрши түседі. Сонымен бірге ЕО ішінде де бірыңғай ұстаным қалыптастыру қиындау болып отыр.

Мигранттардың келуіне наразылардың саны артып, ЕО әлсіздік танытқан сайын бүкіл Еуропада ксенофобтар, фашистер және басқа да әсіреоншылдар бас көтере бастады. Еуробарометрдің мәлімдеуінше 2013 жылдан бастап ЕО елдерінің ең негізгі мәселелері, БАҚ өкілдері жарысып жазып жатқан мәселе осы миграция төңірегінде болып отыр. Халық арасында зейнетақы, білім беру жүйесі, салықтар мен лаңкестік актілерден гөрі ең жиі қозғалатын, бүкіл халықты алаңдататын көші-қон мәселесі болып отыр [3].

Париждегі терактіден соң Францияның «Ұлттық майдан» атты әсіреұлтшыл партиясын қолдаушылар саны күрт артты. 2015 жылы 6 желтоқсанда өткен аймақтық сайлауда олар 13 аймақтың жартысында бірінші орында тұрды. Бірақ, сайлаудың екінші кезеңінде «Ұлттық майдан» барлық өңірде жеңілді. Сарапшылардың айтуынша, бұған Социалистік партияның әсіреоншылдар жеңіп кетпес үшін кей аймақтарда додадан шығып, өз қолдаушыларын консерватор кандидаттарға дауыс беруге шақырған әрекеті себепкер болған. Франциядағы оңшылдар жөніндегі сарапшы Жан-Ив Камюдің айтуынша, Еуропадағы оңшылдар құрлыққа ағылып жатқандарды «босқындар, мигранттар деп емес, жаулаушылар деп қабылдайды». Босқындардың көбі мұсылман болуы олардың «Еуропадағы христиандық дәстүр үшін күресуші» ретіндегі идеологиясымен жақсы қабысып жатыр.

Брюссель Түркияға үш миллиард еуро (3,2 миллиард доллар) көмек пен біраз жеңілдіктер

берді. Соның қайтарымы ретінде Түркия соғыс шарпыған Сириядан қашқан босқындарды Еуроодаққа жібермей, ұстап қалуға тиіс [4]. Бұл қаржылай көмекті Венгрия премьер-министрі Виктор Орбан қатты сынға алды. Ресеймен біріге отырып бұл мәселені шешудің орнына, керісінше, біз Ресейдің Таяу Шығыстағы қиындыларына қарсы келуіміз, ЕО-ның мүлдем әлсіздігін көрсетті. ЕО Түркиямен жақындасып, босқындарды ЕО жібермес үшін Түркияға берілген қаржылай көмек Ердоған мырзаға ЕО-тың тұтастығын, мызғымастығын, қауіпсіздігін бақылауда ұсташы деп жалынып отырғандаймыз деп айыптап, ЕО бұл мәселені өз бетінше шеше алмайды деп отыр [5].

«Нью-Йорк Таймс» газетінде жарық көрген мақаласында саясаттанушы Иван Крастев «Құқық және әділет» партиясы сияқты популистік әрі радикал партиялар өкіметке өкпелі халықты өз жағына тартып, билікке келіп жатқанын айта келе, бұл тенденцияның болашақта ЕО өте ауыр зардап әкелуі ықтимал екенін ескертеді [6].

2016 жылы миграциялық дағдарыс аяқталмайды. Еурокомиссияның 2015 жылы қарашада жасаған есебі бойынша, 2016 жылдың соңына дейін одақ аумағында үш миллионға дейін босқын келуі мүмкін. Өткен жылы ЕО көбіне Грекия және Италия арқылы бір миллионға жуық адам келген. Демек, бұл жылы да босқын саны үш есе көбеймек. Еурокомиссияның болжамы бойынша, кәрі құрлыққа ағылған босқындар саны 2017 жылға дейін жалғасын табады.

Македония басшысы Венгрия премьер-министрі сияқты ЕО саясатын сынады. Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының интеграция мәселесіне арналған арнайы жиынында сөйлеген Георге Иванов мәселе ЕО-ның өз ішіндегі шекараны жойып, сыртқы шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмауында және ЕО-ға мүше-елдер бұрын ЕО-ның өзі реттей алмаған мәселемен айналысуға мәжбүр болғанын айтты. Афина қазір Еуропадағы «ең әлсіз ел болып отыр. Оның пікірінше, Грекия өз шекарасын қауіпсіздендіре алмаған. Македония Грекия өзіне Түркиядан контрабандистер бақылайтын қайықтармен теңіз арқылы келетін мигранттар ағынын тоқтата алмай отырғандықтан шекарасына қоршау орнатуға кіріскенін айтты [5].

Түркия мен ЕО мыңдаған мигрантты Түркияға қайтару мәселесі бойынша келісім 17 наурыз күні жасалынды. Германия канцлері Ангела Меркель, Еуропа комиссиясы президенті Жан-Клод Юнкер, Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Кэмерон мен ЕО президенті

Дональд Туск Түркияның жоспарын құптаған, бірақ біршама тұстарын нақтылауды ұсынған. Жиыннан кейін Туск «Еуропаға ағылған заңсыз мигранттар көші тоқтайды» деп мәлімдеген. Түркия бір босқынға бір заңсыз мигрантты кері қайтару идеясын орындау үшін 3 миллиард евро талап еткен. ЕО басшылары Түркия азаматтарын Еуропаға визасыз кіргізуге келіскен, бірақ Түркияның өзінің виза саясатына шарт қойған. Ол бойынша, Түркия өзі арқылы өтетін ислам елдері азаматтарына визалық талапты қатайтуы, олардан биометрикалық паспорт сұрауы керек. Түркия премьер-министрі Ахмет Давутоглу өз елінің босқындарды өткізіп, заңсыз мигранттарды қайтарып алу ұсынысына келісу мүмкін екенін, Түркияның Еуропаға заңсыз миграция мен адам тасу контрабандасына барынша тоқсауыл қоюға және босқындар өмірін құтқаруға тырысатынын мәлімдеген. Франция президенті Франсуа Олланд «Түркиядан Грекияға толассыз келіп жатқан мигранттарды тоқтату үшін біз Анкараны қолдауымыз керек» және «саммиттің мигранттар дағдарысы шешіледі деген үміт сыйлағанын» айтқан. Ал НАТО бас хатшысы Йенс Столтенберг альянс кемелерінің Грекия мен Түркия арасындағы теңіздерде заңсыз жөнкілген мигранттарды ұстауға көмектесетінін хабарлаған. Мигранттар Еуропаға негізінен Түркия арқылы өтіп жатыр. Бұл маршрутты 2015 жылы 880 мыңдай босқын пайдаланған [7].

ЕО-да миграция мәселесі келесідей келісімдер, құжаттар арқылы шешіледі: Босқындар статусы жөніндегі БҰҰ Конвенциясы (1951 жыл); Халықаралық босқындарға көмек және миграция саласы жөніндегі келісім (1951 жыл және 1967 жыл); Босқындар статусы жөніндегі протокол (1967 жыл); БҰҰ-ның 1951 жылы Босқындар мәртебесі туралы Женева Конвенциясы; Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Одақтың Хартиясы, Солтүстік келісімі (1954 жылы); Зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі Еуропалық келісім (1987 жыл); Дублин келісімі (1997 жыл); Шенген келісімі (1994 жыл); сонымен қатар ЕҚЫМ-ның 1975 жылғы адамдардың еркін қозғалысы туралы Қорытынды Актісі.

Осы аталған құжаттардың барлығы адам құқықтарының орындалуына сүйене отырып жасалған. Яғни босқындар мәселесі осы аталған құжаттар бойынша қаралуда. Дегенмен босқындардың құқықтары толығымен ескерілмеуде. Себебі миграциялық дағдарыстан қорыққан ЕО елдері бұл заңдарға қарсы келіп, мемлекеттің миграция саласындағы ұлттық заңнамалар

қатарына өзгерістер енгізуде. 2015 жылдың 20 қарашада Франция ішкі істер министрі Бернар Казнев «Одақ аумағына сырттан келетін адамдардың барлығына бақылауды жүйелеу үшін» ЕО мүше-елдердің ішкі істер және әділет министрлеріне Шенген кодексін реформалау бойынша жоба әзірлеуге тапсырма берген.

Жаңа заң бойынша мигранттар барушы ел мигрантты қабылдамаса, ЕО-тың бюджетіне әрбір қабылдамаған мигрант үшін 250 мың еуро беру керек. Осындай қатал заңдар қабылдай отырып қана босқындарды біркелкі орналастыру жөніндегі концепцияны қалпына келтіреді. Яғни бұл заң Дублин келісіміне өзгертулер енгізді.

Франция мен Германия Шенген аймағы сақталған жағдайда оның сыртқы шекарасындағы күзетті күшейту шараларының тізбесін ұсынған. Ол тізімде жаңа шекара қызметі және жағалау күзеті агенттігін құрып, оның бөлімшелерін мемлекеттердің келісімінсіз-ақ олардың аумағына орналастыру туралы ұсыныс бар. Елге келуші босқындарды ЕО-ға мүше елдер арасында бөлу, яғни квота мәселесі Германия, Швецияның бастауымен енгізілді. Еурокомиссия Еуропа Одағына миграциялық дағдарысты реттеуге алдағы үш жылда 700 миллион доллар бөледі ұсынды. Еурокомиссияның мүшесі Христос Стилианидестің мәлімдеуінше, бұл қаржы ЕО-ның мигранттар нөпірінен ең көп зардап шеккен және гуманитарлық апат шегіне жеткен елдеріне бөлінбек. Қаржы шұғыл гуманитарлық көмек – азық-түлік, шатырлар мен дәрі-дәрмектер жеткізуге жұмсалады [8].

Германия, Грекия мен Түркия НАТО-дан Еуропаға жету үшін Түркиядан Эгей теңізін кесіп өтіп Грекияға баратын мигранттардың жолын бақылауға көмектесуін өтінді. Қазіргі кезде НАТО әскерлері БОНН кемесі арқылы Эгей теңізіндегі мигранттардың қозғалысына бақылау жасауда. ЕО елдеріне баратын мигранттар мен босқындардың 80 пайызы Грекия мен Түркия арасындағы құрлықтағы шекара және теңіз арқылы өтеді. НАТО жинаған ақпараттар Түркия билігіне беріледі. Түркия ол ақпараттар бойынша контрабандашылар ізіне түседі және НАТО миссиясы ұстаған босқындарды кері қайтарып алады. НАТО бұған дейін Түркияны Сирия аумағынан атылатын зымыраннан қорғау үшін Жерорта теңізіне әскери кемелерін орналастырған [9].

ЕО мен АҚШ-тың қатысуы арқылы ИГИЛ лаңкестік тобына қарсы «кибер шабуыл», яғни барлық лаңкестік топтарға банктік карточкалар арқылы түсетін қаржылай көмекті тоқтату-

ды қолға ала бастады, яғни лаңкестік топ басшыларының қолын жалған жасап, жаңадан болатын қауіптерді болдырмау үшін жалған бұйрықтар беру арқылы, лаңкестік қимылдарды тоқтатып, сол сияқты лаңкестік ұйымдарды дағдарысқа алып келеді. Сол арқылы Сирия, Ливия, Ауғанстан сияқты мемлекеттердегі лаңкестік қимылдарды тоқтатып, босқындарды өз мемлекеттеріне қайта жіберілуіне жағдай жасайды.

2016 жылы 25 ақпанында Ганноверда АҚШ, Германия, Англия және Италия басшылары кездесіп, Ливияда әскери араласу мәселесі жайлы сөз қозғалды. Ливия лаңкестік топтардың саяси панасы болғандықтан, осы жердегі лаңкестік ұйымдарды жою арқылы, өзге Таяу Шығыстағы мәселені реттей аламыз деуде. Дегенмен Ресей Еуропа мен АҚШ-тың бұл ісін қатты сынға алды. Себебі Ливияда тұрақты билік болмағандықтан, мемлекетке кіру БҰҰ-ның шешімімен жүзеге асырылуы керек, ал Ресей БҰҰ-да veto құқығына ие, сондықтан бұл барлық БҰҰ-ның жарғысын бұзады деп қарсы келіп отыр. Германия СІМ Франк-Вальтер Штанмайер бұл бірлескен шешімге Ресейді де араластыру керек. Себебі АҚШ-қа қатты жақындаудың қажеті жоқ, себебі жаңа президенттік сайлаулардан кейін АҚШ-тың сыртқы саясаты мүлдем өзгеруі мүмкін деп отыр.

Заң ғылымдарының профессоры Стив Пирс босқындар мәселесін шешу ЕО шеңберінде арнайы Шенген визалық орталық құру туралы шешім әлі күнге дейін жұмыс жасамауда. Барлық мемлекеттер біріге отырып, мигранттар мәселесі үшін арнайы Шенген комиссиялық орталықтарын құру және ол өз бетімен жұмыс атқару керек деп санайды [10].

Еуропа комиссиясының болжауынша, 2016 жылдың соңына қарай Еуропаға үш миллион

мигрант баруы ықтимал [1]. Егер бұл санға пана беру туралы берген өтініштері қанағаттандырылмаған босқындарды қоса есептесе, онда ЕО тұрғындарының саны 0,4 пайызға, ал өндіріс көлемі 0,2-0,3 пайызға артпак. БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары биыл қыста Еуропаға Түркия арқылы мигранттар келетіні туралы айтқан. Олардың саны күніне бес мың адамға жетіп, ал бір жылдан соң жалпы саны бір миллионнан асуы мүмкін.

Босқындар легі тоқтамай жатқан аудандарда, яғни, Грекия, Италия сияқты мемлекеттерде барлық ЕО елдері ортақ шешімге келіп, осы мемлекеттердің шекарасында босқындарға саяси пана беруші орталықтар ашу керек. Қазірде мұндай орталық Грецияның Лесбос аралында орналасқан. Сондықтан мұндай орталықтардың санын бірнеше есе арттырып, тікелей Грекия мен Италия елдеріне қаржылай көмек көрсету арқылы, Түркия мемлекетімен жабық орталықтарды түрік шекарасында ашу жайлы ЕО келісімдерге келісе шешімге келудің мүмкіндігі көп. Екі жақты келісімдердің арқасында ғана Еуропалық дағдарысты шешудің ықтималы бар. БҰҰ-ның гуманитарлық көмегін, НАТО-ның теңіздік бақылауын және АҚШ пен бірлесе отырып лаңкестерге қарсы «кибер шабуыл», сол сияқты Ресеймен одақтаса отырып Таяу Шығыстағы мәселені шешу қолға алына бастады. ЕО өзге де ұйымдармен, мемлекеттермен келісе отырып, көші-қон легін тоқтатып және мемлекеттегі босқындар мәселесін қалпына келтіре алады. Қазіргі таңның басты проблемаларының бірі болып отырған бұл мәселенің шешімі әлі қабылдана қоймағандықтан, барлық Еуропа елдері ортақ миграциялық саясат ұстана отырып, шешімге келуі керек.

Әдебиеттер

- 1 Миграционный кризис в Европе // ТАСС // <http://tass.ru/migracionnyy-krizis-v-evrope>
- 2 Премьер Бельгии: ЕС может пересмотреть шенгенские соглашения из-за террористической угрозы//Подробнее на ТАСС//<http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2203748>
- 3 Standard Eurobarometer 80 Autumn 2013.Public Opinion in the European Union. European Commission, Brussels, 2013. P. 12.// chrome-extension://oemmnclbldboiebfnladdacbfmadadm/http://ec.europa.eu/public_opinion/archives/eb/eb80/eb80_first_en.pdf
- 4 Турция получит €3 млрд от ЕС за сдерживание потока мигрантов//gordonua.com/news/worldnews/turciya-poluchit-3-mlrd-ot-es-za-sderzhivanie-potoka-migrantov-117023.html.
- 5 Орбан: ЕС критикует Россию, а сам не может договориться по беженцам//<http://rg.ru/2016/02/25/premer-vengrii-usomnitsia-v-sposobnosti-es-reshit-problemy-s-bezhencami.html>
- 6 Orbán und Putin halten Europa fürdekadent« //http://diepresse.com/home/politik/aussenpolitik/4878721/Orban-und-Putin-halten-Europa-fur-dekadent?_v1_backlink=/home/politik/index.do
- 7 Эрдоган смог расколоть ЕС по поводу безвизового режима для Турции//<http://www.vz.ru/world/2016/5/4808798.html>.
- 8 Еврокомиссия выделит 700 миллионов евро для решения миграционного кризиса//<http://khabar.kz/archive/ru/v-mire/item/48846-evrokomissiya-vydelit-700-millionov-evro-dlya-resheniya-migratsionnogo-krizisa>

- 9 НАТО начала операцию против проводников мигрантов в Эгейском море // <http://www.tvc.ru/news/show/id87301>
- 10 Peers S. The next multi-year EU Justice and Home Affairs programme. Views of the Commission and the Member States. 12 March 2014 // <http://www.state-watch.org/analyses/no-238-new-jha-programme.pdf>.

References

- 1 Migracionnyy krizis v Evrope//Podrobneena TASS//<http://tass.ru/migracionnyy-krizis-v-evrope>
- 2 Premier Belgii: ES mozhet peresmotret shengenskie soglasheniya z-zaterroristicheskoi ugrozy//Podrobneena TASS//<http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2203748>
- 3 Standard Eurobarometer 80 Autumn 2013.Public Opinion in the European Union. European Commission, Brussels, 2013. – P. 12. // chrome-extension://oemmndcbldboiebfnladdacbfdmadadm/http://ec.europa.eu/public_opinion/archives/eb/eb80/eb80_first_en.pdf
- 4 12.Turciya poluchit €3 mlrdot ES zasderzhivanie potoka migrantov/ <http://gordonua.com/news/worldnews/turciya-poluchit-3-mlrd-ot-es-za-sderzhivanie-potoka-migrantov-117023.html>.
- 5 Orban: ES kritikuet Rossiya, a sam ne mozhet dogovaritsya po bezhencam//<http://rg.ru/2016/02/25/premer-vengrii-usomnilsia-v-sposobnosti-es-reshit-problemy-s-bezhencami.html>
- 6 Orbán und Putin halten Europa für dekadent« //http://diepresse.com/home/politik/aussenpolitik/4878721/Orban-und-Putin-halten-Europa-fur-dekadent?_vl_backlink=/home/politik/index.do
- 7 Erdogan smog raskolat ES po povodu bezvizovogo rezhima dlyaTurcii//<http://www.vz.ru/world/2016/5/4808798.html>
- 8 Evrokomissiya vydelit 700 millionov evro dlya.resheniya migratsionnogo krizisa//<http://khabar.kz/archive/ru/v-mire/item/48846-evrokomissiya-vydelit-700-millionov-evro-dlya-resheniya-migratsionnogo-krizisa>
- 9 NATO nachala operaciiu protiv provodnikov migrantov v Egeiskom more //<http://www.tvc.ru/news/show/id87301>
- 10 Peers S. The next multi-year EU Justice and Home Affairs programme. Views of the Commission and the Member States. 12 March 2014.//<http://www.state-watch.org/analyses/no-238-new-jha-programme.pdf>.

Байкушикова Г.С., Алипқызы Р.

**Образовательная миграция
из Казахстана в Европейские
государства**

Одной из особенностей развития процессов международной миграции в последние годы стало значительное увеличение потоков образовательной миграции. В статье представлен анализ образовательной миграции из Казахстана в европейские страны. Систематизация теоретических подходов к изучению данного процесса и исследование тенденций миграционных перемещений позволили выявить особенности образовательной миграции в современном мире. В статье показана опережающая динамика (на фоне других видов миграций) образовательной миграции из Казахстана в Европу, ее перспективы, преимущества и риски. Значительное внимание уделяется факторам, влияющим на миграционные планы студентов, последствиям образовательной миграции. На основе проведенного анализа сделан вывод о возможностях управления образовательной миграцией и повышения привлекательности Казахстана на глобальном рынке образовательных услуг.

Ключевые слова: образовательная система, образовательная миграция, профессиональная подготовка, Казахстан, Европа.

Baikushikova G.S., Alipkyzy R.

**The educational migration
from Kazakhstan to European
countries**

ұғымымен қатар кіші энергетика ұғымы да қоса қолданылып келеді. Ұғымның бұлай түсініксіз күйде қолданылуы лоббисттер үшін қолайлылық тудырады, себебі, осы анықтама арқылы лоббисттер кіші атом станцияларын қолдауды ұсынады. Ғалымның пікірінше, кіші атом энергетикасын жаңартылатын энергия көздеріне жатқызғанымыз дұрыс емес және кіші энергетика мен жаңартылатын энергетика екі түрлі ұғым болып табылады. Жаңартылатын энергия термині табиғат айналымындағы тұрақты немесе жаңартылатын энергия ағымынан алынатын және оны пайдалану барысында өздігінен қалпына келу мүмкіндігіне ие энергия түрі деген түйінді анықтаманы қолданған қолайлы. Ғалым жаңартылатын энергетикаға қатысты орнықты жаңартылатын энергия терминінің де мәнін анықтауды маңызды деп есептейді. Орнықты жаңартылатын энергетика (sustainable renewable energy) дегеніміз қолдану үрдісі барысында қоршаған ортаға (табиғат пен ландшафтілерге) және адам денсаулығына зиян келтірмейтін тұтыну жылдамдығынан кем емес уақытта қалпына келе алатын, энергияның қоршаған ортадағы тұрақты және үздіксіз айналымына негізделген жаңартылатын және адамзаттың қауіпсіз дамуына қолайлы жылу және электр энергиясы нысанындағы энергетика. Біздің пікірімізше, осындай сипаттағы анықтаманы заңнамалық деңгейде қолдану жаңартылатын энергияның экологиялық құқықтық тұрғыдан маңызын арттырады [14].

Ал энергетикалық әдебиеттерде ғалымдар жер бетіндегі барлық энергия көздерін шартты түрде жаңартылатын энергия көздері және жаңартылмайтын энергия көздері деп екі топқа бөлуді ұсынады:

1. Жаңартылмайтын энергия көздері болып адамзаттың энергия өндіру үшін қолданылуы мүмкін заттар мен материалдардың табиғи қоры. Оған мысал ретінде ядролық отын, көмір, мұнай және газ. Жаңартылмайтын энергия көздері жаңартылатын энергия көздерімен салыстырғанда адамның мақсатты әрекетінің нәтижесінде алынып, өндіріледі.

2. Жаңартылатын энергия көздері дегеніміз тұрақты түрде немесе кезең кезеңімен қоршаған ортада пайда болып, алынатын энергияның түрі. Жаңартылатын энергия көздері негізгі үш түрге бөлінеді: 1. Күн сәулесі, 2. Планета қозғалысы мен тартылысы, 3. Геотермальды энергия [15, 14 б.].

Жаңартылатын энергия көздері ұғымын анықтау үшін онымен қатарлас қолданатын

«энергия», «баламалы энергия көздері», «дәстүрлі емес энергия көздері», «кіші энергетика» және «таза энергия» ұғымдарын анықтап, ерекшеліктеріне тоқталған жөн деп есептейміз. Осы ұғымдардың барлығына ортақ энергия ұғымының мәнін анықтап алайық. Ж.С. Елюбаев анықтамасын қарастырып көрейік. «Энергия (қуат. – *Е.Ж.*)» сөзіне мынадай түсіндірмелер беріледі: «а) материяның басты қасиеттерінің бірі – оның қозғалысының сандық шамасы (әр түрлі – механикалық, жылу, электромагниттік, ядролық т.с.с. – формада болады); ә) қандай да бір дененің, заттың жұмыс жасауға немесе осы күшті шығара алатын күштің бастау көзі болуға қабілеттілік (мысалы, жаққанда адам тіршілігіне және басқа пайдалы қарекеттеріне қажет жылу және электр энергиясын шығаратын көмір, газ, мұнай өнімдерінің басқа түрлері); б) тұрақты да белсенді әрекет, еңбек етуге т.с.с. қабілеттілік, яғни, адамның қарекеттік күші; в) әлдененің қарқындылығы, көрінетін күші, мысалы, ақыл-ой қуаты, сезім қуаты т.с.с.». Автор энергияның жалпы анықтамасын келтіреді [16, 215 б.].

Баламалы энергия көздері мен жаңартылатын энергия көздері ұғымдары бір-бірімен өзара тығыз байланысты категориялар. Баламалы энергия көздеріне терминологиялық талдау жасайтын болсақ. «Балама» ұғымына кең мағынада Ожегов өзінің сөздігіне балама дегеніміз екі немесе бірнеше шешімнің арасында таңдау жасауға қажеттілік» деп анықтама берсе, [17] ал Ф.А. Брокгауз және И.А. Ефронь сөздігінде «балама» ұғымы екі мүмкіндіктің біреуін таңдауға қажет болатын жағдай ретінде анықтайды [18].

Ресейлік ғалым И.С. Щепансий баламалы энергетика мен дәстүрлі емес энергетиканың өзара бірыңғай ұғымдар ретінде қарастыра отырып, оған отынның қазбалы түрлерін жағудан алынатын жылуды қоспағанда барлық тиімді амалдар негізінде алынатын энергия түрлері деп жалпылама анықтама береді. Дәстүрлі түрде энергетикалық табиғи ресурстарды сарқыллатын және сарқылмайтын, ал сарқылмайтын түріне негізінен су және климаттық ресурстар жатады. Сарқыллатын энергия көздерін жаңартылатын және жаңартылмайтын болып бөлінеді. Жаңартылатын ресурстар – тұтыну мақсатында ішінара алынғаннан кейін өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті табиғи ресурстар. Осылармен қоса, табиғи энергетикалық ресурстарды дәстүрлі энергия көздері (бүгінгі таңдағы энергетикалық баланста негізгі орынды иеленуші мұнайды жатқызады) және дәстүрлі емес (баламалы) энергия көздері оған халық шаруашылығында

аса кең ауқымда қолданылмайтын энергия көздерін жатқызамыз. Біздің пікірімізше, қазіргі таңда жаңартылатын энергия көздерін дәстүрлі емес энергетикаға жатқызуымыз дұрыс емес. Себебі, қазіргі уақытта әлемдік технологияның дамуымен жаңартылатын энергия көздері мемлекеттердің негізгі энергия көздеріне айналып келеді [19, 171 б.].

Баламалы энергетиканың бір түрі ретінде атом энергетикасын атауымызға болады. Атом энергиясы – ядролық реакциялардан және радиоактивті ыдырау кезінде босатылатын энергия, сондай-ақ генерацияланатын иондандырушы сәулелер энергиясы [20].

Баламалы энергия көздерін ұғымының заңи анықтамасы Украина заңнамасында бекітілген. Баламалы энергия көздері дегеніміз күн, жел, геотермальды энергия, толқындар мен ағындар энергиясы, гидроэнергия, биомасса энергиясы, органикалық қалдықтардан алынатын газ, канализациялық тазалау станцияларының газы және доменді және кокс газы, көмір кен орындарын дегаздаудан алынатын метан газы, технологиялық процестердегі энергетикалық қалдықтардың әлеуетін түрлендіру секілді туынды энергетикалық ресурстар [21].

Анықтамада көрсетілгендей Украина заңнамасы баламалы энергия көздері ұғымы мен жаңартылатын энергия көздері ұғымдарын бір ұғым ретінде қарастырады. Алайда, біздің пікірімізше олай болмауы тиіс. Себебі, баламалы энергия көздері ұғымы жаңартылатын энергия көздері ұғымымен салыстырғанда кең ұғым болуы керек. Мәселен, атом энергетикасы баламалы энергетика болуы мүмкін, бірақта ол жаңартылатын энергия көзі болып табылмайды. Осылайша, жаңартылатын энергия көздері баламалы энергетиканың бір түрі ретінде қарастырылған дұрыс деп есептейміз. Яғни, кез келген жаңартылатын энергия көздері баламалы энергия көзі болуы мүмкін, ал баламалы энергия көзінің кез келген түрі жаңартылатын энергия көзі болмайды деген тұжырымға келеміз.

Сонымен, баламалы энергия көздері ұғымына кең мағынада және тар мағынада анықтама беруімізге болады. Баламалы энергия көздері кең мағынада дәстүрлі энергия көздерімен қатарлас немесе оның орнына қолданылуы мүмкін сарқыллатын немесе сарқылмайтын, жаңартылатын немесе жаңартылмайтын энергия көздері деп анықтауға болады. Ал тар мағынада баламалы энергетиканы мемлекеттің әлеуетіне, саясатына қарай энергия көздерінің нақты тізімімен анықталады.

Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша тек «жаңартылатын энергия көздері» ұғымының заңи анықтамасы бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 шілдедегі №165 – IV заңы бойынша жаңартылатын энергия көздері – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын ретінде анықталады [22].

Біздің пікірімізше, отандық заңнамадағы бұл ұғым тар мағынадағы ұғым болып есептелінеді. Себебі, жаңартылатын энергия көздерінің қалпына келу қабілетіне ие немесе сарқылмайтындығы секілді белгілер анықтамада аталмайды.

Аталғандарды қорытындылай отырып, біздің пікірімізше, жаңартылатын энергия көздерінің келесі белгілерімен сипатталады:

1. Сарқылмайтындығы – жаңартылатын энергия көздерінің ең негізгі белгісі шексіз мүмкіндіктерге ие және таусылмайды. Бірақ, философиялық тұрғыдан алғанда ол да сарқылуы мүмкін.

2. Қоршаған ортамен байланыста болуы. Жаңартылатын энергия табиғи ресурстардан алынатындығын білдіреді.

3. Белгісіз мерзімге қолдану мүмкіндігі.

4. Энергияны алудың ерекше әдістерінің болуы. Жаңартылатын энергия көздерімен салыстырып қарағанда жаңартылатын энергия көздерінің әр түріне арнайы қондырғылар қажет.

5. Экологиялық және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде елеулі үлесінің болуы. Себебі, жаңартылатын энергия көздерін өндіру барысында парниктік газдар шығындылары тасталмай, қоршаған ортаға зиянды әсер етпей тек экологиялық таза жолмен алынады. Жаңартылатын энергия көздерінің мөлшерін арттыру арқылы мемлекетті энергетикамен қамтамасыз ете отырып, энергетикалық қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

6. Баламалы энергия көздерінің бір түрі болуы.

7. Арнайы қондырғыларды пайдалану арқылы ғана ЖЭК алыну мүмкіндігі.

8. Табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері.

Аталғандардың негізінде жаңартылатын энергия көздері ұғымын тар және кең мағынада қарастыруымызға болады. Кең мағынада жаңартылатын энергия көздері дегеніміз белгісіз мерзімге қолдануға арналған, ерекше амалдар

негізінде алынатын, экологиялық және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзіндік үлесі бар табиғи процестер есебінен үздіксіз жаңартылып отыратын баламалы энергия көздерінің бір түрі деп анықтама беруімізге болады.

Әдебиеттер

- 1 Біріккен ұлттар ұйымының жаңа және жаңартылатын энергия көздері жөніндегі конференциясы. 20 желтоқсан 1978 жыл. // <http://www.un.org/ru/ga/33/docs/33res.shtml>
- 2 Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі IRENA халықаралық агенттігінің жарғысы. 26 қантар 2009 ж. Бонн қ.-сы. // http://www.irena.org/documents/uploadDocuments/Statute/Statute_RU.pdf
- 3 Directive 2009/28/ec of the european parliament and of the council of 23 April 2009 on the promotion of the use of energy from renewable sources and amending and subsequently repealing Directives 2001/77/EC and 2003/30/EC // <http://eur-lex.europa.eu/legal-content/en/ALL/?uri=CELEX%3A32009L0028>
- 4 Energy policy act of 2005.USA // <https://www.congress.gov/bill/109th-congress/house-bill/6>
- 5 Ганжа В.Л. Основы эффективного использования энергоресурсов: теория и практика энергосбережения / В.Л. Ганжа. – Минск: Белорус. наука, 2007. – 361 с.
- 6 Попель О.С. Возобновляемые источники энергии: роль и место в современной и перспективной энергетике // Рос. хим. ж. (Ж. Рос. хим. об-ва им. Д.И. Менделеева), 2008. – Т. LII. – № 6.
- 7 Лакутин Б.В. Возобновляемые источники энергии: учебное пособие / Б.В. Лакутин. – Томск: Издательство Томского политехнического университета, 2008. – 184 с.
- 8 Рац Г.И., Мординова М.А. Развитие альтернативных источников энергии в решении глобальных энергетических проблем // Известия ИГЭА. 2012. №2. <http://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-alternativnyh-istochnikov-energii-v-reshenii-globalnyh-energeticheskikh-problem>
- 9 Безруких П.П. Состояние и перспективы развития возобновляемой энергетики // Электрика. – 2008. – № 9. – С. 3–10
- 10 Твайделл Дж. Мен Уэйр А Возобновляемые источники энергии / пер. с англ. – М.: Энергоатомиздат, 1990. – 392 с.
- 11 Fräss-Ehrfeld, Clarisse, Deketelaere, K. (Kurt) Renewable energy sources: a change to combat climate change / Clarisse Fräss-Ehrfeld. Austin : Wolters Kluwer, c 2009. xxiv, 610 p.
- 12 Renewable Energy (Electricity) Act 2000 No. 174, 2000 as amended // <https://www.legislation.gov.au/Details/C2016C00624>
- 13 Gesetz für den Ausbau erneuerbarer Energien (Erneuerbare-Energien-Gesetz – EEG 2014) EEG 2014 Ausfertigungsdatum: 21.07.2014 // https://www.gesetze-im-internet.de/bundesrecht/eeg_2014/gesamt.pdf
- 14 Ларин В. Состояние и перспективы применения возобновляемых источников энергии в России // Характеристика возобновляемой энергетики в регионах Российской Федерации: Мурманской области, Ярославской области, Республике Алтай и Алтайском крае. Некоторые рекомендации. Аналитический обзор подготовлен с использованием материалов международного семинара «Региональные возможности и проблемы возобновляемой энергетики России» (Москва, 14 – 15 апреля 2006 г.) // <http://cyberleninka.ru/article/n/sostoyanie-i-perspektivy-ispolzovaniya-netraditsionnyh-i-vozobnovlyaemyh-istochnikov-energii-v-toplivnoenergeticheskom-komplekse>
- 15 Возобновляемые источники энергии: учебное пособие для вузов / А.Дж. Обозов, Р.М. Ботпаев. – Бишкек: ГТУ, 2010. – 224 с.
- 16 Елюбаев Ж.С. Проблемы правового регулирования недропользования: отечественный опыт и зарубежная практика: монография. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. – 412 с.
- 17 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1983. – 793 с.
- 18 Энциклопедический словарь / под ред. И.Е. Андреевского, К.К. Арсеньева, Ф.Ф. Петрушевского; Изд. Ф.А. Брокгауз [Лейпциг], И. А. Ефрон [Санкт-Петербург]. – СПб.: Семеновская Типо-Литография И.А. Ефрона, 1890-1907. – Т. 1-41А [1-82], доп. 1-2А [1-4]. – 579 с.
- 19 Щепанский И.С. Эколого-правовые проблемы обеспечения энергетической безопасности России: дисс. на соиск. учен. степ. к.ю.н. – М., 2013. – 250 с.
- 20 «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 442-V Заңы // <http://online.zakon.kz/>
- 21 Закон України Про альтернативні джерела енергії (Відомості Верховної Ради України (ВВР), 2003, N 24, ст.155 // <http://zakon5.rada.gov.ua/laws/show/555-15>
- 22 «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Қазақстан Республикасының Заңы (2016.28.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // online.zakon.kz/

Referenges

- 1 Birikken ulttar ujymynyn zhana zhane zhanartylatyn jenergija kozderi zhonindegi konferencijasy. 20 zheltoksan 1978 zhyl. // <http://www.un.org/ru/ga/33/docs/33res.shtml>
- 2 Zhanartylatyn jenergija kozderi zhonindegi IRENA halykaralyk agenttiginin zhargysy. 26 kantar 2009 zh. Bonn k.-sy. // http://www.irena.org/documents/uploadDocuments/Statute/Statute_RU.pdf

- 3 Directive 2009/28/ec of the european parliament and of the council of 23 April 2009 on the promotion of the use of energy from renewable sources and amending and subsequently repealing Directives 2001/77/EC and 2003/30/EC// <http://eur-lex.europa.eu/legal-content/en/ALL/?uri=CELEX%3A32009L0028>
- 4 Energy policy act of 2005.USA// <https://www.congress.gov/bill/109th-congress/house-bill/6>
- 5 Ganzha V.L. Osnovy jeffektivnogo ispol'zovanija jenergoresursov: teorija i praktika jenergosberezhenija / V.L. Ganzha. – Minsk: Belarus. nauka, 2007. – 361 s.
- 6 Popel' O.S. Vozobnovljaemye istochniki jenerгии: rol' i mesto v sovremennoj i perspektivnoj jenergetike // Ros. him. zh. (Zh. Ros. him. ob-va im. D.I. Mendeleeva), 2008. – T. LII. – № 6.
- 7 Lakutin B.V. Vozobnovljaemye istochniki jenerгии: uchebnoe posobie / B.V. Lakutin. – Tomsk: Izdatel'stvo Tomskogo politehnicheskogo universiteta, 2008. – 184 s.
- 8 Rac G.I., Mordinova M.A. Razvitie al'ternativnyh istochnikov jenerгии v reshenii global'nyh jenergeticheskikh problem // Izvestija IGJeA. 2012. №2. <http://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-alternativnyh-istochnikov-energii-v-reshenii-globalnyh-energeticheskikh-problem>
- 9 Bezrukih P.P. Sostojanie i perspektivy razvitiya vozobnovljaemoj jenergetiki // Elektriika. – 2008. – № 9. – S. 3–10.
- 10 Tvardell Dzh. Men Ujejr A Vozobnovljaemye istochniki jenerгии / per. s angl. – M.: Jenergoatomizdat, 1990. – 392 s.
- 11 Fräss-Ehrfeld, Clarisse, Deketelaere, K. (Kurt) Renewable energy sources: a change to combat climate change / Clarisse Fräss-Ehrfeld. Austin : Wolters Kluwer, c 2009. xxiv, 610 p.
- 12 Renewable Energy (Electricity) Act 2000 No. 174, 2000 as amended// <https://www.legislation.gov.au/Details/C2016C00624>
- 13 Gesetz für den Ausbau erneuerbarer Energien (Erneuerbare-Energien-Gesetz – EEG 2014) EEG 2014 Ausfertigungsdatum: 21.07.2014// https://www.gesetze-im-internet.de/bundesrecht/eeg_2014/gesamt.pdf
- 14 Larin V. Sostojanie i perspektivy primeneniya vozobnovljaemyh istochnikov jenerгии v Rossii // Harakteristika vozobnovljaemoj jenergetiki v regionah Rossijskoj Federacii: Murmanskoy oblasti, Jaroslavskoj oblasti, Respublike Altaj i Altajskom krae. Nekotorye rekomendacii. Analiticheskij obzor podgotovlen s ispol'zovaniem materialov mezhdunarodnogo seminara «Regional'nye vozmozhnosti i problemy vozobnovljaemoj jenergetiki Rossii» (Moskva, 14 – 15 aprelja 2006 g.)//<http://cyberleninka.ru/article/n/sostoyanie-i-perspektivy-ispolzovaniya-netraditsionnyh-i-vozobnovljaemyh-istochnikov-energii-v-toplivnoenergeticheskom-komplekse>
- 15 Vozobnovljaemye istochniki jenerгии: uchebnoe posobie dlja vuzov / A.Dzh. Obozov, R.M. Botpaev. – Bishkek: GTU, 2010. – 224 s.
- 16 Eljubaev Zh.S. Problemy pravovogo regulirovanija nedropol'zovanija: otechestvennyj opyt i zarubezhnaja praktika: monografija. – Almaty: Poligrafkombinat, 2010. – 412 s.
- 17 Ozhegov S.I. Slovar' ruskogo jazyka. – M.: Russkij jazyk, 1983. – 793 s.
- 18 Jenciklopedicheskij slovar' / pod red. I.E. Andreevskogo, K.K. Arsen'eva, F.F. Petrushevskogo; Izd. F.A. Brokgauz [Lejpcig], I. A. Efron [Sankt-Peterburg]. – SPb.: Semenovskaja Tipo-Litografija I.A. Efrona, 1890-1907. – T. 1-41A [1-82], dop. 1-2A [1-4]. – 579 s.
- 19 Shhepanskij I.S. Jekologo-pravovye problemy obespechenija jenergeticheskoy bezopasnosti Rossii: diss. na soisk. uchen. step. k.ju.n. – M., 2013. – 250 s.
- 20 «Atom jenergijasyn pajdalanu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2016 zhylygy 12 kantardagy № 442-V Zany // <http://online.zakon.kz/>
- 21 Za k o n U k r a ĩ n i Pro al'ternativni dzherela energii (Vidomosti Verhovnoi Radi Ukraïni (VVR), 2003, N 24, st.155// <http://zakon5.rada.gov.ua/laws/show/555-15>
- 22 «Zhanartylatyn jenergija kozderin pajdalanudy koldau turaly» 2009 zhylygy 4 shildedegi № 165-IV Kazakstan Respublikasynyn Zany (2016.28.04. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen)://online.zakon.kz/

Өміржанов Е.Т.

**Қазақстанның саяси және
құқықтық ілімдері тарихын
зерттеудің өзекті мәселелері**

Мақала Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеудің өзекті мәселелеріне арналған. Автор қазіргі кезде осы саланы зерттеуде орын алып отырған кейбір күрделі мәселелерді ортаға салып, олардың ерекшеліктеріне талдау жасайды. Ол бүгінгі Қазақстан үшін өзінің арғы тарихын зерттеудің маңыздылығына тоқтала отырып, ежелгі кезеңдердегі қазақ даласында орын алған саяси-құқықтық идеяларды зерттеудің қажеттілігіне тоқталады. Ең алдымен мақалада Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихын кезеңдерге бөлуге қатысты бұрындары орын алған пікірлерге талдау жасалып, автор тарапынан жаңа ұсыныстар берілген. Сонымен қатар, мақалада саяси және құқықтық ілімдерді зерттеуде қолданылатын әдістерге жеке-жеке талдау жасалынады. Автор әр зерттеу әдісінің жүзеге асырылу ерекшеліктеріне қатысты өз пікірін білдіріп, оларды қолдану бойынша жекелеген ұсыныстар жасайды.

Түйін сөздер: Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихы, зерттеу әдістері, саяси-құқықтық идеялар, пікір.

Omirezhanov Y.T.

**Actual problems of exploring
the history of political and legal
doctrines of Kazakhstan**

The article is devoted to actual problems of exploring the history of political and legal doctrines of Kazakhstan. Studying the features of the development of our country, the author stresses the importance of exploring the ancient history of Kazakhstan, the need for the study of political and legal ideas common on the Kazakh steppes in ancient times. In this regard, the author provides a legal analysis of the views of local scientists on the periodization of the history of political and legal doctrines of Kazakhstan and draw appropriate conclusions. The author offers his own vision of the problem and makes his own conclusions and suggestions. Also in this article he analyzed the methods used in modern legal science, on exploring materials about history of political and legal doctrines. In this regard, the author highlighted features of the implementation of specific research methods and made his own suggestions on their use.

Key words: History of political and legal doctrines of Kazakhstan, research methods, political and legal ideas, opinions.

Омиржанов Е.Т.

**Актуальные проблемы
исследования истории
политических и правовых
учений Казахстана**

Статья посвящена актуальным проблемам исследования истории политических и правовых учений Казахстана. Изучая особенности развития нашего государства, автор подчеркивает важность изучения древней истории Казахстана, необходимость исследования политико-правовых идей, распространенных в казахских степях в древности. В этой связи в статье проводится правовой анализ взглядов отечественных ученых о периодизации истории политических и правовых учений Казахстана и сделаны соответствующие выводы. Автор предлагает собственное видение изучаемой проблемы и делает самостоятельные выводы и предложения. Также в рассматриваемой статье анализируются методы, используемые в современной правовой науке, при исследовании материалов по истории политических и правовых учений. В этой связи выделяются особенности реализации конкретных методов исследования и сделаны собственные предложения по их использованию.

Ключевые слова: история политических и правовых учений Казахстана, методы исследования, политико-правовые идеи, мнение.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
САЯСИ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ІЛІМДЕРІ
ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелЕРІ**

Дәл бүгін қазақ халқының арғы тарихы жайлы зерттеулер жүргізіп, сол кездері орын алған саяси және құқықтық ілімдер тарихын зерттеу аса маңызды мәселеге айналып отыр. Ұзақ уақыт бойы отар болған қазақ халқы үшін өзінің ұмыт болған арғы тарихымен қайта қауышу, тарихты зерттеуде орын алған әділетсіздіктерден арылу – уақыт талабы. Қазіргі кезде жалпы түркі әлемінің арғы тарихын зерттеп, оны түркі дүниесіне және әлемге жариялап, мойындату үлкен мәселеге айналды. Кез келген халықты тарихынан айырса, екі ұрпақтан соң ол халық тобырға айналады, тағы екі ұрпақтан соң оларды мал сияқты басқаруға болады. Адамдардан тұратын отар өзінің бақташысына қауіп төндірмейді. Керісінше, оған бас ұрады [1, 7 б.]... Сондықтан, халықтың жадын қайта жаңғыртып, өздерінің арғы бабаларының игі істері мен прогрессивті идеяларымен таныстыру отаршылық қамытынан құтылғанымен әлі де отарлық санадан толық арылмаған біздің халық үшін аса маңызды мәселе. Осы тұрғыдан алып қарағанда бүгінгі зерттеуші ғалымдар үшін ең басты мәселе ретінде арғы замандарда орын алған саяси-құқықтық идеяларды жан-жақты теориялық талдап, бағалау, олардың бүгінгі күнмен байланысына назар аудару алға шығып отыр.

Жалпы алғанда, Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихының басты міндеті еліміздің тарихында орын алған беделді және көп таралған саяси-құқықтық идеяның немесе тұжырымдаманың қалыптасу тарихын, мазмұнын ашып көрсету және оның сол кезеңде алған орнын айқындап, бүгінгі күн үшін маңызын ашып көрсету болып табылады. Бұл міндетке қол жеткізу үшін кез келген ғылым саласы секілді саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуде де тиісінше ғылыми зерттеу әдістері қолданылады. Нақты бір саяси-құқықтық идеяны немесе тұжырымдаманы зерттеу әдісі арқылы біріншіден, оның толық құрылымы, яғни, басты қағидалары мен логикалық құрылымы айқындалады. Екіншіден, идея немесе тұжырымдамаға нақты баға беріліп, оның саяси-құқықтық ілімдер тарихында одан бұрын орын алған теориялармен байланысы зерттеледі. Үшіншіден, орын алып отырған жағдаймен зерттеліп отырған идеяның немесе тұжырымдаманың арасындағы байланыс айқындалады. Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихын зерт-

теуде жалпыфилософиялық және нақты-ғылыми әдістер, яғни жалпы саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуде бұрыннан бері қолданылып жүрген әдіснама пайдаланылады. Дегенмен, еліміздің тарихын зерттеу ісі толыққанды дербес бағытта жүргізіліп жатқанына ширек ғасыр болғандықтан, бұл салада саяси-құқықтық идеяларға дербес баға беру, бұрынғы кеңестік идеологиядан тәуелсіз сараптама жүргізу басты орынға шығып отыр. Осы себептен Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеуде ең бірінші кезекке теориялық зерттеу әдісін шығарамыз. Мұндағы басты мәселе бұрындары орын алған кеңестік зерттеу әдістемесінен бас тартып, саяси-құқықтық ой-пікірлерді дербес талдауға бағытталған теориялық талдау жасау.

Тәуелсіздік алған уақыттардан бері отандық заңгер ғалымдар Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын жан-жақты зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазды. Дегенмен, әлі де болса бұл салада үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізу талап етіледі. Бұл әсіресе еліміздің саяси және құқықтық ілімдер тарихының дербес кезеңдеріне қатысты хронологиялық зерттеу жүргізуге байланысты болып отыр. Бізде әлі де болса Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихын кезеңдерге бөлуде нақты тұжырымдама қалыптасқан жоқ. Осы саладағы көптеген зерттеу еңбектерін жазып, өзіндік мектебін қалыптастырған заң ғылымдарының докторы, профессор С. Өзбекұлы Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық идеяларының кезеңдерін келесідей бөліп қарастырады:

1-кезең. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қазақстан аумағында қалыптасқан әскери демократия санатындағы мемлекеттік құрылымның мемлекеттік-құқықтық идеялары.

2-кезең. Қазақ хандығы кезінде дамыған мемлекеттік-құқықтық идеялар.

3-кезең. Ресей империясының отарына айналған Қазақстанда қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық идеялар.

4-кезең. Кеңес империясы және коммунистік-тоталитарлық режим қалыптастырған мемлекеттік-құқықтық идеялар.

5-кезең. Қазақстанның тәуелсіз мемлекетінің мемлекеттік-құқықтық идеялары [3, 10 б.]. С. Өзбекұлы осындай жолмен Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын кезеңдерге бөлу арқылы ықпал замандардан бері келе жатқан қазақ жерінде пайда болған саяси және құқықтық ілімдердің барлығын қамтуды көздеген болса керек. Бірақ, қазіргі кез-

де қазақстандық тарихшылардың бұрындары отарлық саясат салдарынан ұлт санасынан өшірілген еліміздің ескі тарихына байланысты тың деректерді тауып, ғылыми айналымға енгізу мақсатында үлкен жұмыстар жүргізіп жатқандығын ескерсек, қазақ хандығына дейінгі кезеңдердегі осы аумақта кең таралған саяси-құқықтық көзқарастарды да зерттеу болашақта күн тәртібіне шығатынына сенім арта аламыз. Бүгіндері қарқынды жұмыстар атқарып жатқан тарихшылар мен археологтардың қызметінің нәтижесімен байланысты болашақта қазақтың ежелгі кезеңдердегі саяси-құқықтық ілімдерінің тарихы үлкен зерттеулерге арқау болатындығын алға тартуға болады. Осы себептен біз қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қазақстан аумағында қалыптасқан саяси-құқықтық идеяларды өз кезегінде арнайы кезеңдерге бөліп қарастыру қажет деген пікірдеміз. Біздің пікірімізше, бұл кезеңді өз ішінде: 1) ежелгі дәуірдегі Қазақстан аумағында орын алған саяси-құқықтық пікірлер; 2) орта ғасырларда Қазақстан аумағында орын алған саяси-құқықтық пікірлер; 3) Шыңғыс ханның жаулап алуларымен байланысты Қазақстан аумағында орын алған саяси-құқықтық пікірлер деп бөліп қарастыруға болады. Шыңғыс ханның жаулап алуларынан кейін пайда болған саяси-құқықтық ілімдер деп бөліп қарастыруымыздың өзіндік себептері бар. Себебі, Шыңғыс ханның жаулап алуларынан кейін Орта Азия мен Қазақстан аумағында жана мемлекеттер орнығып, мемлекеттік басқаруда жаңаша реформалар жүргізілді. Осыған орай, қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықты құқық пен мемлекетке қатысты жаңаша сипаттағы саяси-құқықтық ой-пікірлер қалыптасты.

Хронологиялық зерттеудің портреттік әдіспен тікелей байланыстылығын ескерсек, аталмыш кезең ішінде тарихта болған көптеген ұлы тұлғалардың саяси-құқықтық ой-пікірлері әлі де болса өзіндік реттілікпен талданатындығына сенім артуға болады. Портреттік әдісті саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуде кең қолдану арқылы біз бұрындары өзімізге беймәлім болып келген кейбір ірі ойшылдардың жеке бастары туралы толыққанды мәлімет беріп, олардың атқарған қызметтері мен өмір жолы туралы жайттарды қамти аламыз. Мысалы, ежелгі кезеңдерде өмір сүрген Мөде қаған секілді ұлы ойшылдардың артында қалған идеялары, көзқарастары туралы жазбаша мәліметтердің аз болуы себепті біз олардың тарихта қалған атқарған істеріне көз жүгірте отырып, олардың ұстанымдарынан хабардар бола аламыз.

Саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуде тарихи әдістің алатын орны ерекше, осы әдіс арқылы тарихта орын алған саяси-құқықтық идеялардың мазмұнын өткен кезеңдермен байланыстыра отырып қазіргі жағдайға сай дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Кез келген өткен замандардағы ойшылдың тұжырымдамалары мен ұсыныстары бүгінгі күні сол кездегідей маңыз бен мәнге ие бола алмайды. Жаңа әлеуметтік-тарихи және саяси-құқықтық жағдайларда олар көбіне жаңа мәнге ие болады. Тарихи әдіс өткен замандардағы саяси-құқықтық ілімдерді ескіруден немесе жаңарудан сақтап, олардың тарихи сабақтастығы мен тарихтағы орнын сақтауын қамтамасыз етеді [4, 9 б.]. Осы тұрғыдан алып қарағанда бүгінгі Қазақстанның ежелгі дәуірдегі саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеуде тарихи әдістің алатын маңызы айрықша. Бүгінгі ежелгі замандардан бері еліміз үшін өзекті тақырып болған жер мәселесінің күн тәртібіне қайта шығуы ерте кезеңдерде жерге қатысты орын алған саяси-құқықтық идеяларды талдап, бүгінгі күнмен салыстыруға негіз болуда. Әсіресе, Мөде қағанның жердің мемлекеттілікпен байланысына қатысты айтқандары бүгінгі күні өзектілігін жоғалтпағаны назар аудартады.

Еліміздің ескі тарихының әлі де болса тыңғылықты зерттелмеуінің салдарынан Қазақстан аумағында пайда болған саяси-құқықтық ілімдер өзге елдердің рухани мұрасына айналып, олардың шығу тегі жайлы мүлдем айтылмауда. Кезінде Жағда Бабалықұлы осы мәселе жайлы «Қазақ халқының тарихы 2,5 мың жылдан аспай ма? Бұдан бұрын менің ата-бабам болмап па екен... – деген ой кім-кімді де толғандырмай ма? Өрине, ойландырады, толғандырады. Тарихшыларымыз бен археологтарымыздың 2,5 мың жылдықтан аса алмайтын себебі – біздің тарихты батыс ғалымдары жасаған. Батыс ғалымдары жасаған жасанды тарихты өз тарихшыларымыз әлі күнге дейін тас-талқан етіп бұза аламай келеді. Батыстықтар бізді «бұлар жабайы, сондықтан, оларда тарих жоқ, тексіз халық» деген. Тіпті «бұларда адамға тән тарих жоқ, сондықтан оны жазудың, зерттеудің еш қажеті шамалы» деген қорытындыға келсе керек. Менің ойымша, саясат жерге көмген тарихты, ғылым қайта ашып алады [5, 249 б.] – деген пікір білдірген еді. Шынтуайтына келгенде ұлттың бойындағы ұлттық рухты көтерудің басты жолы оның арғы тарихымен етене таныстырып, оның арғы ата-бабаларының қол жеткізген жетістіктерін, олардың мәдениетін, жалпы адамзаттың ақыл-

ойының дамуы мен өркениетіне қосқан үлесін дәл тарихи фактілер арқылы дәлелдеп көрсету болып табылады.

Қазақстанның саяси және құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеуде қиындық тудыратын мәселенің бастысы ескі тарихтың толыққанды зерттелмеуі, осы уақытқа дейін жүргізілген тарихи зерттеулерде жалпы түркі дүниесінің адамзат өркениетіне қосқан үлесінің жоққа шығарылуы, соңғы жылдары қолға түскен әртүрлі қайнар-көздердің сараланып, талданып әлі де болса ірі ғылыми еңбектердің жасалмауы, кейбір тұлғаларға қатысты тарихшылардың бір тұжырымға келмеуі. Мұның өзі ескі замандардағы саяси-құқықтық идеяларды саралауда үлкен кедергі келтіруде.

Соңғы жылдары Шыңғыс ханның шыққан тегі туралы тарихшылар арасында туындаған даулар, жүргізілген зерттеулер нәтижесі Шыңғыс ханның қазақ екендігімен байланысты тұжырымдардың орнығуына алып келді. Украиндық ғалым В. Белинский өз тұжырымына дәлел ретінде Шыңғыс империясының негізін қалаған 4 тайпаның тектері түрік екенін – қияттар, керейлер, наймандар мен меркіттер екендігін алға тартады. Ал, Шыңғысханның әкесі Есугей баһадүр қият тайпасының көсемі болатын. Шыңғысханның әйелі Бөртенің руы қоңырат. Моңғолдардың хандық титулы жоқ, түрікке тән есімдері де жоқ. Сонымен қатар В. Белинскийдің айтуынша хан кезінде бәрі жаппай түрік тілінде сөйлеген. Шыңғысханның шын есімі қазақша Теміршын деп оқылады деп санайды тарихшы. Шығысқа жасаған ұлы жорығы алдында Шыңғысхан билігін барлық түрік тайпалары мойындаған. Сондықтан Қазақстан аумағында Шыңғысхан әскері мен көшпенділер арасында еш шайқас болмаған. Шыңғысхан империясы құрыла бастаған кезде-ақ наймандар және басқа да тайпалар оның құрамына енген. Бұл көзқарасты атақты ресей тарихшысы М. Аджи да ұстанады. Оның ойынша, Шыңғысхан Алтайдан шыққан түрік тайпаларының өкілі. Тарихшының болжамы бойынша, Ұлы әміршінің Қытайға жасаған атақты жорығы алдында оның империясына моңғол тайпалары да біріккен. Екі тарихшының тағы бір дәлелі: Шыңғысхан империясында айналымда жүрген тиынның бетіндегі жазулар түрікше болған. Олардың көбінде «ҚАЗАҚ» деген жазу бар [6, 1 б.]. Әлі де болса ғалымдар арасында даулы мәселе ретінде қалып отырған Шыңғыс ханның ұлты жайлы мәселенің біздің пайдамызға шешілуі қазақтың саяси-құқық-

тық ілімдерінің толығып, кеңі түсуіне септігін тигізері сөзсіз.

Қазақстанның ежелгі кезеңдердегі саяси-құқықтық ой-пікірінің тарихын зерттеуде қиындық тудыратын мәселелердің ең бастысы географиялық фактор екендігі де даусыз. Яғни, қазақ хандығы құрылмай тұрған уақыттардағы қазіргі қазақ елінің аумағында өмір сүрген ойшылдардың саяси-құқықтық мұрасын зерттеуде олардың нақты қай ұлттың немесе елдің өкілі болғандығына қатысты орын алатын даулы пікірлердің салдарынан көптеген ұлы тұлғалардың әлі де болса қазақ елінің ежелгі тарихына қатыстылығын айқындау тыңғылықты тарихи зерттеулерді талап етуде. Еліміздің арғы тарихын зерттеу арқылы қазақ халқының рухани мұрасының бай екендігін, ұлтымыздың тарихында көптеген ұлы тұлғалардың болғанын және өзіндік дербес сипаттағы саяси-құқықтық ой-пікірлер қалыптастыра алғандығын біз ең алдымен өзімізге дәлелдеп, ұлттық рухтың көтерілуіне сеп болуымыз қажет. Ұлтымызға тиесілі үлкен тарихи мұралардың өзге халықтардың мақтанышына айналып, тарихи шындықтың бұрмалануы, әлемдік өркениетке түркі тілдес халықтардың қосқан үлесінің еленбеуі бұл салада үлкен мәселелердің әлі де объективті түрде зерттеуді талап ететіндігінен хабар береді. Осындай мәселелердің бірі – Заратуштра пайғамбардың шығу тегі мен жалпы адамзатқа ортақ игілік, рухани мұра – Авеста, Авестаның Отаны – Орта Азия, соның ішінде Хорезм өңірі. Бұл өңірде бағзы заманнан көне түркілер тұрған. Сондықтан, бұл қасиетті мұра парсылар мекендеген жерде жасалмаған, Иранға, өзге елдерге түркілер арқылы жетіп, кейін солардың игілікті қазынасына айналған. Қысқасы, түркілердің, соның ішінде қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, наным-сенімі, кәсібі, діні, тарихы, өмір сүру ережелері, заңы, дәстүр-салты, психологиясы, философиясы – бәрі-бәрі ислам дәуіріне дейін қалыптасқан [2, 11 б.].

Тағы бір ірі тарихи жаңалық ретінде Жүсіп Баласағұнның туылған қаласы жайлы тарихи зерттеу нәтижесін айта аламыз. Қазіргі кезде Жүсіп Баласағұнның туған қаласының Қазақстан аумағындағы Жамбыл облысы, Шу ауданы, бұрынғы «Калинин» колхозының жеріндегі «Ақтөбе» археологиялық ескерткіші [7, 9 б.] екендігін ғылыми дәлелдеу арқылы ғалымдар оның біздің еліміздің аумағынан шыққан ғұлама екендігін баршаға мәлімдеді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің шекарасының кеңі түскенінен хабар береді, де-

генмен, Баласағұнды тек қазақ халқының өкілі ретінде меншіктеудің де ақылға сыйымсыз болатындығын айта кеткен жөн. Сондықтан, оған қатысты қазақ жерінен шыққан жалпы түркіге ортақ ғұлама ретінде ұстанымда болған дұрыс шығар...

Егер жалпы адамзаттың саяси-құқықтық ой-пікірінің тарихына түркі тілдес халықтардың қосқан үлесін айқындау тұрғысынан қарар болсақ, түркі тілдес халықтардың арғы тарихында болған ірі қайраткерлерді жеке дара бір түркі тектес ұлтқа теліп, бөле-жару бүгінгі күні аса маңызды да емес. Сондықтан, қазіргі түркі тектес ұлттар мен ұлыстардың толық қалыптасқан уақытына дейінгі кезеңдерде өмір сүрген тұлғалардың қай халыққа жататындығын айқындауда географиялық факторға сүйену жеткілікті. Бірақ, мұның өзі сол тұлғаның дәл бүгінгі түркі тектес халықтың өкіліне айналуына негіз болмайды. Сондықтан, арғы замандарда өмір сүрген нақты бір тұлғаға қатысты оның барлық түркілерге ортақ тұлға болғанын атап өтудің өзі жеткілікті болады. Мысалы, Кей-Қаустың түркі тілдес гилан тайпасынан шыққаны баршаға аян болса да оны барлық түркі тілдес халықтардың ортақ тұлға ретінде танып, әрқайсысының өз дүниетанымына қосқан үлесін айқындап көрсетуге қақысы бар. Сол сияқты Қорқытты да бірнеше түркі тектес ұлттың өз ұлттық көсемі ретінде айқындауы дау тудырмауы тиіс.

Саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеуде тарихи-салыстырмалық әдісті де кең пайдаланған жөн. Бұл әсіресе қазақ даласында туып-өсіп кейіннен өзге елдерде өмір сүрген, сол жерлерде өзіндік ерекше саяси-құқықтық ой-пікірлер мен идеялар, тұжырымдамалар қалыптастырған ойшылдардың мұрасын зерттеуде ерекше қажет. Әсіресе, Анахаристің, Бейбарыс Сұлтанның, әл-Фарабидің саяси-құқықтық ой-пікірлерін зерттеуде олар өмір сүрген ортада туындаған өзге де идеялармен олардың көзқарастарын салыстыру үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, қазақ даласында өмір сүрген өзге де ойшылдардың көзқарастарын сол кезеңдерде өмір сүрген өзге елдердің ойшылдарымен салыстыру арқылы талдау жасау да аса маңызды шаруа болмақ.

Жалпы алғанда Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеуде тәуелсіздік жылдары көптеген жұмыстар атқарылды, әртүрлі деңгейде ғылыми зерттеу жұмыстары жасалды, диссертациялар қорғалды. Дегенмен, еліміздің арғы тарихының әлі де болса то-

лыққанды зерттелмегендігі салдарынан ежелгі кезеңдерде қазақ даласында пайда болған саяси-құқықтық ой-пікірлерді зерттеу ісі толыққанды жүзеге асырылмауда. Бұл бағытта жұмыстарды қолға алып, зертеулер жүргізу әлі де болса уақыт еншісінде деген ойдамыз.

Әдебиеттер

- 1 Аджи М. Тюрки и мир: сокровенная история. – М.: АСТ, 2004. – 649 с.
- 2 Еңсегенұлы Т. «Авестаның» Отаны. //Парасат. – 2001. – №12. – 10-11 бб.
- 3 Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004. – 128 б.
- 4 История политических и правовых учений: учебник для вузов. Изд. 2-е, стереотип / под общ. ред. В.С. Нерсесянца. – М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА, 1998. – 736 с.
- 5 Өміржанов Е.Т. Алты алаштың абызы: танымдық еңбек. – Алматы: Print-S, 2010. – 260 б.
- 6 Ғалымдар Шыңғысханның ұлтын айқындады // Қазақ үні порталы, 29.12.2014. – <http://www.qazaquni.kz/2014/12/29/32089.html>, Accessed: 20.09.2019
- 7 Шәлекенов У. Жоғалған қаланы іздеу // Түркістан газеті. №14 (1132), 7 сәуір, 2016 ж. – 9 б.

References

- 1 Adji M. Tyurki i mir: sokrovennaya istorya. – M.: ACT, 2004 – 649 s.
- 2 Ensegenuli T. «Avestanin» Otany. //Parasat. 2001, №12. – 10-11 better
- 3 Uzbekuli S. Qazaqstannin sayasi-kukiktik oi-pikirining ozekti maseleleri. – Almaty: Bilim, 2004. – 128 b.
- 4 Istorya politicheskikh i pravovikh uchenii: uchebnik dlya vuzov. izd. 2-ye, stereotip. Pod obch. red. V.S. Nersesyasa. – M.: Izdatelskaya gruppa NORMA–INFRA, 1998. – 736 s.
- 5 Omirzhanov Y.T. Alty alashtin abyzi: tanimdik enbek. – Almaty: Print-S, 2010 – 260 b.
- 6 Galimdar Shingizkhannin ultin aikindady. //Qazaq uni portali, 29.12.2014. – <http://www.qazaquni.kz/2014/12/29/32089.html>, Accessed: 20.09.2019
- 7 Shalekenov U. Jogalghan qalani izdeu. //Turkistan gazety. №14 (1132), 7 sauir, 2016 zh. – 9 b.

Ахметов Е.Б.
**Григорий Иванович Тункин –
юрист, дипломат, ученый**

Статья посвящена биографическим вехам, личности и научной деятельности видного юриста-международника, дипломата и ученого с мировым именем Григория Ивановича Тункина, внесшего весомый вклад в становление и развитие международно-правовой науки и образования в СССР. Автор кратко характеризует основной научный труд Г.И. Тункина, посвященный исследованию теории международного права, в котором он изложил и обосновал концепцию согласования воли государств.

Ключевые слова: воля государства, концепция, международное право, теория, Г.И. Тункин.

Akhmetov Y.B.
**Grigory Ivanovich Tunkin –
lawyer, diplomat, scientist**

The article is devoted to biographical milestones, personality and scientific activities of prominent international lawyer, diplomat and scholar with a worldwide reputation Grigory Ivanovich Tunkin, who has made a significant contribution to the development of international legal education and science in the USSR. The author briefly describe the main scientific work of G.I. Tunkin on the study of the theory of international law, in which he set out and substantiate the concept of harmonization of the wills of states.

Key words: the will of the state, the concept, international law, theory, G.I. Tunkin.

Ахметов Е.Б.
**Григорий Иванович Тункин –
заңгер, дипломат, ғалым**

Бұл мақала КСРО-да халықаралық құқық ғылымы мен білімінің қалыптасуына және дамуына зор үлес қосқан, халықаралық құқық саласындағы белгілі заңгер, дипломат және дүниежүзілік деңгейдегі ғалым Григорий Иванович Тункиннің биографиялық ғұмырының, адами тұлғасы мен ғылыми қызметінің тоғыстарына арналған. Автор мемлекеттердің еріктерін келістіру тұжырымдамасын баяндап және оны дәлелдеу бойынша Г.И. Тункиннің халықаралық құқық теориясын зерттеуге арналған негізгі еңбегін қысқаша сипаттайды.

Түйін сөздер: мемлекеттің еркі, тұжырымдама, халықаралық құқық, теория, Г.И. Тункин.

**ГРИГОРИЙ ИВАНОВИЧ
ТУНКИН – ЮРИСТ,
ДИПЛОМАТ, УЧЕНЫЙ**

Представляемая читателю статья посвящена выдающемуся юристу-международнику и дипломату Григорию Ивановичу Тункину, 110-летие со дня рождения которого отмечает международное юридическое сообщество. При жизни он пользовался мировой известностью и много сделал для развития современного международного права. Одной изданный им монографии «Теория международного права» было бы более чем достаточно для увековечения его имени.

Его судьба – это яркий и весьма поучительный пример того, как природная любознательность и постоянное стремление к знаниям, помноженные на многолетний и беззаветный труд, огромную работоспособность, неимоверное усердие, упорство в достижении цели, увлеченность и преданность делу, превратили мальчика из деревни во всемирно известного ученого, занявшего столь высокое положение в мировой науке и практике международного права. С его именем связана целая глава в развитии советской (ныне российской) науки международного права, в деятельности Советской ассоциации международного права.

Григорий Иванович Тункин прожил долгую и плодотворную жизнь.

Г.И. Тункин родился 13 октября 1906 г. в семье крестьянина в деревне Чамово Архангельской губернии, на берегу Северной Двины. После окончания школы учился в Лесном техникуме, по окончании которого работал в системе лесного ведомства. В 1932-1935 гг. учился в Московском юридическом институте, затем в аспирантуре этого же института. В 1938 г. успешно защитил кандидатскую диссертацию на тему «Парламентская реформа 1832 г. в Англии». После окончания аспирантуры работал в Народном комиссариате Военно-Морского Флота СССР, Институте государства и права Академии наук СССР.

С 1939 по 1965 гг. Григорий Иванович проработал в системе Министерства иностранных дел СССР, занимая ряд ответственных должностей: советника посольства в Канаде, заместителя заведующего II Европейским отделом, заведующего I Дальневосточным отделом. С 1952 по 1965 г. возглавлял Договорно-правовой отдел МИД СССР. Годы, проведенные в Договорно-правовом отделе внешнеполитического ведомства, стали

для Григория Ивановича интересными и плодотворными в плане участия СССР во многих вопросах послевоенного строительства в мире.

Так, в послевоенный период и в 1960-1970-е гг. важным направлением деятельности Договорно-правового управления (1946-1955 гг.), а затем Договорно-правового отдела (1955-1988 гг.) стали вопросы, связанные с разработкой правовых аспектов экономических отношений со странами народной демократии, с освободившимися от колониализма государствами, правовой основой создания Совета Экономической Взаимопомощи (СЭВ), разработкой тематики, связанной с дипломатическими привилегиями и иммунитетами. В тесном взаимодействии с Отделом международных организаций Отдел занимался социальными и юридическими вопросами Генеральной Ассамблеи ООН, Комиссии по правам человека и Комиссии международного права, кодификацией космического и морского права и т.п. Совместно с Консульским управлением разрабатывались международно-правовые вопросы консульской деятельности, торговых и таможенных договоров, соглашений о связи, транспорте, по санитарным вопросам и др.

Г.И. Тункин участвовал во многих международных конференциях в качестве советника, члена или главы делегации СССР. В течение ряда лет, с 1957 по 1966 гг. являлся членом Комиссии международного права ООН. На этом поприще Григорий Иванович внес весомый вклад в дело прогрессивного развития международного права и его кодификации.

Работая в системе МИД СССР, Григорий Иванович не прерывал связь с научно-педагогической деятельностью. С 1949 г. и практически до прихода в МГУ имени М.В. Ломоносова на постоянную работу в качестве заведующего кафедрой международного права в 1965 г. он по совместительству заведовал кафедрами или преподавал международное право в Московском юридическом институте, Московском государственном университете, Высшей дипломатической школе и Московском государственном институте международных отношений.

В 1954 г. Григорий Иванович защитил докторскую диссертацию на тему «Корейский вопрос после Второй мировой войны», где он исследовал политико-правовые вопросы, связанные с расколом единой Кореи и внешним вмешательством с точки зрения международного права. Действительно, раскол Кореи на две части стал одним из результатов Второй мировой войны, на

завершающем этапе которой, осенью 1945 г., страна условно, временно, была разделена СССР и США по 38-й параллели (примерно пополам) для освобождения полуострова от японских войск. Для временного управления страной потребовалось создание гражданских органов власти, что, учитывая различные политические системы государств-освободителей, привело к появлению в 1948 г. в разделенных частях Кореи двух государств, построенных на основе противоположных идеологических платформ: на севере страны – просоветской Корейской Народно-Демократической Республики (КНДР) со столицей в Пхеньяне и в ее южной части – проамериканской Республики Корея (РК) со столицей в Сеуле. Вследствие этого попытки достичь объединения страны мирным путем к началу 1949 г. были практически исчерпаны. При этом и советские, и американские войска были выведены с территории страны [1].

В 1965 г. Г.И. Тункин переходит из системы внешнеполитического ведомства в МГУ имени М.В. Ломоносова – заведующим кафедрой международного права и до своей кончины в 1993 г. проработал на этой кафедре. Она в тот период нуждалась в талантливом практикующем юристе. Именно эти годы стали наиболее плодотворными в его научной и педагогической деятельности.

Григорий Иванович зарекомендовал себя как прекрасный лектор, педагог и умелый руководитель кафедры. Он внес огромный личный вклад в подготовку высококвалифицированных кадров для внешнеполитических и внешнеэкономических органов и учреждений и иных государственных органов.

Под его руководством защищено несколько десятков кандидатских и докторских диссертаций по международному праву.

Перу Г.И. Тункина принадлежит свыше 250 научных трудов по актуальным вопросам международного права и международной политики. Среди них монографии, учебники, учебные пособия, справочные издания по международному праву, научные статьи и рецензии. Сфера проработанных им вопросов – широчайшая. Широта авторского подхода сочеталась в его работах с глубиной исследования. Это и фундаментальные теоретические вопросы, такие как развитие международного права, процесс образования норм современного общего международного права, юридическая природа и сущность современного международного права и международных организаций, принципы меж-

дународного права, а также, конкретные отрасли международного права: право международных договоров, дипломатическое и консульское право, институт ответственности, защита прав человека, право международной безопасности и т.д.

Среди его работ особую известность приобрел фундаментальный труд «Теория международного права», увидевший свет в далеком 1970 г. Эта книга переведена на английский, французский, немецкий, польский, венгерский, арабский и японский языки. Широко известны монографии Г.И. Тункина: «Существование и международное право» (1958 г., переведена на английский язык), «Вопросы теории международного права» (1962 г., имела 6 иностранных изданий), «Идеологическая борьба и международное право» (1967 г., имела 3 иностранных издания), «Международное право в международной системе» (1978 г., на английском языке), «Право и сила в международной системе» (1983 г., выдержала 5 иностранных изданий).

- 6 Казахстан и Китай ввели в эксплуатацию новый железнодорожный переход [Электронный ресурс] // Tengrinews. – Режим доступа: <http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-kitay-vveli-ekspluatatsiyu-novyyiy-jeleznodorojnyiy-225591/>.
- 7 Фотохроника-хронология важнейших событий, связанных со строительством железной дороги Узень – Туркменистан – Иран [Электронный ресурс] // Қазақстан темір жолы. – Режим доступа: <<http://www.railways.kz/ru/node/7913>>.
- 8 Михайлов В. Железная дорога Казахстан – Туркменистан – Иран [Электронный ресурс] // Российское Информационное Агентство Iran.ru. – Режим доступа: <http://www.iran.ru/news/analytics/93203/Zheleznaya_doroga_Kazahstan_Turkmenistan_Iran>.
- 9 АО «НК «Актауский международный морской торговый порт» [Электронный ресурс] // СТК «KAZLOGISTICS». – Режим доступа: <http://kazlogistics.kz/ru/union/members_union/valid/aktau_port.php>.
- 10 Бутырина Н. Интеграция Казахстана в мировую транспортную систему // Вестник КазАТК. – 2013. – №6 (85).

References

- 1 Gosudarstvennaja programma razvitija i integracii infrastruktury transportnoj sistemy Respubliki Kazahstan do 2020 goda.
- 2 Mazarenko D. Skol'ko Kazahstan zarabatyvaet na tranzite nefi i gaza? [Jelektronnyj resurs] // Vlast'. – Rezhim dostupa: <http://vlast.kz/article/skolko_kazahstan_zarabatyvaet_na_tranzite_gaza_i_nefti-7306.html>.
- 3 V stranah ATJeS nedovol'ny RZhD [Jelektronnyj resurs] // RBK Ezhednevnaia delovaja gazeta. – Rezhim dostupa: <<http://www.rbcdaily.ru/politics/562949983921420>>.
- 4 Mozharova V.V. Transport v Kazahstane: sovremennaja situacija, problemy i perspektivy razvitija. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2011. – 216 s.
- 5 Transkontinental'nyj koridor «Zapadnaja Evropa – Zapadnyj Kitaj» – novyj put' v Evropu: ot mečty k real'nosti [Jelektronnyj resurs] // Mezhdunarodnyj tranzitnyj koridor Zapadnaja Evropa – Zapadnyj Kitaj. – Rezhim dostupa: <<http://www.europe-china.kz/info/69>>.
- 6 Kazahstan i Kitaj vveli v jekspluataciju novyj zheleznodorozhnyj perehod [Jelektronnyj resurs] // Tengrinews. – Rezhim dostupa: <http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-kitay-vveli-ekspluatatsiyu-novyyiy-jeleznodorojnyiy-225591/>.
- 7 Fotohronika-hronologija vazhnejshih sobytij, svjazannyh so stroitel'stvom zheleznoj dorogi Uzen' – Turkmenistan – Iran [Jelektronnyj resurs] // Қазақстан темір жолы. – Rezhim dostupa: <<http://www.railways.kz/ru/node/7913>>.
- 8 Mihajlov V. Zheleznaja doroga Kazahstan – Turkmenistan – Iran [Jelektronnyj resurs] // Rossijskoe Informacionnoe Agentstvo Iran.ru. – Rezhim dostupa: <http://www.iran.ru/news/analytics/93203/Zheleznaya_doroga_Kazahstan_Turkmenistan_Iran>.
- 9 АО «НК «Актауский международный морской торговый порт» [Jelektronnyj resurs] // СТК «KAZLOGISTICS». – Rezhim dostupa: <http://kazlogistics.kz/ru/union/members_union/valid/aktau_port.php>.
- 10 Бутырина Н. Интеграция Казахстана в мировую транспортную систему // Вестник КазАТК. – 2013. – №6 (85).

Шайхиева М.Ж.,
Мырзахметова А.М.

**Қазақстанның қазіргі
халықаралық туризм жүйесіне
интеграциялану үрдісі**

Мақала Қазақстан туризмнің даму ерекшеліктері, факторлары мен үрдістеріне талдау жүргізеді. Бүгінгі таңда туризм әлемдік экономиканың жоғары табысты және қарқынды дамушы саласының бірі болып табылады. Туризм әлемдік интеграциялық үрдістердің дамушы факторына айнала отырып, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға және елдің тұрақты дамуына айтарлықтай септігін тигізуде. Қазақстан бай табиғи ресурстар, тарихи ескерткіштер мен көркем орындарға ие бола отырып, ішкі туризмнің дамуы әлі қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Көптеген елдерде туризм жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ), қосымша жұмыс орындарын құруда және халықты жұмыспен қамтуда, сыртқы сауда балансын жүзеге асыруда маңызды рөл ойнайды. Осы орайда, мақалада ҚР Статистика агенттігі мен Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индексінің (The Travel & Tourism Competitiveness Index) мәліметтері бойынша еліміздің туризм саласының жағдайы, жетістіктері мен болашақтағы дамуына тәжірибелік талдау жүргізілген.

Түйін сөздер: ЖІӨ, туризм, валюталық түсімдер.

Shaikhiyeva M.Zh.,
Myrzakmetova A.M.

**The process of integration the
modern system of international
tourism**

The article analyses features, factors, progress of tourism trend in Kazakhstan. Today, tourism is one of the highly profitable and fast-growing sectors of the global economy. As one of the factors of global integration processes, tourism significantly affect the improvement of people's well-being and sustainable development of the country. Despite the fact that Kazakhstan is rich in natural resources, historical sites and attractions, tourism is the state at the stage of its development. In many countries, tourism plays an important role in the formation of GDP, additional workplace, in the provision of public amusement, and when the external trade balance. Along with this, this article deals with the analysis of the tourism situation, achievements and development in the future, according to the Statistics Agency of RK and the Competitiveness Index of Travel and Tourism.

Key words: GDP, tourism, foreign exchange earnings

Шайхиева М.Ж.,
Мырзахметова А.М.

**Пути интеграции Казахстана
в современную систему
международного туризма**

Статья анализирует особенности, факторы, тенденций развития туризма в Казахстане. На сегодняшний день туризм является одним из высокодоходных и динамично растущих отраслей мировой экономики. Являясь одним из факторов развития мировых интеграционных процессов, туризм значительно влияет на улучшение благосостояния населения и на устойчивое развитие страны. Несмотря на то, что Казахстан имеет богатые природные ресурсы, исторические памятники и достопримечательности, развитие внутреннего туризма находится на этапе своего становления. Во многих странах туризм играет значительную роль в формировании ВВП, создании дополнительных рабочих мест, занятости населения и сбалансированности внешнего торгового баланса. Наряду с этим, в данной статье дается практический анализ развития туристического бизнеса Казахстана и перспективы развития туризма в РК, согласно данным Статистического агентства РК и Индекса конкурентоспособности путешествия и туризма.

Ключевые слова: ВВП, туризм, валютные поступления.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚАЗІРГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТУРИЗМ ЖҮЙЕСІНЕ
ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ
ҮРДІСІ**

Қазіргі таңда халықаралық туризм сыртқы экономикалық қызметтің аса қарқынды түрде дамып келе жатқан саласының бірі. Туризмнің жедел түрде дами отырып, жалпы әлемдік экономикаға ғана емес, жеке елдер мен аймақтарға ықпал етуі, әлемдік шаруашылықтың қалыптасуы мен дамуымен қатар жүрген, аса маңызды, тұрақты, ұзақ мерзімді үрдіс болып табылады. Туризм халықтың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұлттық экономиканың ірі тәуелсіз саласына айналуы айқындалуда. Бүгінгі таңда туризм әлемдік интеграциялық үрдістердің бірі болса, туристік бизнес экономиканың маңызды секторы болып отыр. Қазақстан бай табиғи ресурстар мен көшпелі халықтың мәдениетіне ие бола отырып, халықаралық және аймақтық нарықтарда туризмді дамытуға үлкен потенциалы бар екендігін аңғартады.

Заманауи экономикалық ғылым туризмді күрделі әлеуметтік экономикалық жүйе ретінде қарастырады және ондағы туристік индустрия деп аталатын көпсалалы өндірістік кешен тек қосымша құрамдас бөліктердің бірі болып табылады.

Туризм (фр. *Tourisme* < *Tour* – серуен, саяхат) – қоғам дамуының, адамның мұқтаждықтары жаңа орындар туралы, саяхат туралы ақпараттарды жинауы адамзат қоғамы дамуының объективті заңдылығы болған сәттен бастау алады [1].

Экономика дамуының белгілі бір кезеңінде, яғни саяхаттауға деген сұраныс күрт өскенде, бұл қызмет түрін ұсынатын өндірушілер де пайда болды. Бұл тұтынушы нарығында сатуға және сатып алуға болатын, тауардың ерекше түрі – туризмнің пайда болуына әкеліп соқтырды.

Туризм өмірге бірінші қажеттіліктегі тауар болып табылмайды, сондықтан ол адамның табыс деңгейі мен қоғам байлығының деңгейіне байланысты шұғыл қажеттілікке айналуға.

Қазіргі таңда халықаралық және ішкі туризмді бөліп қарастырады, сонымен қатар ішкі туризм ауқымы бойынша халықаралық туризмді басып озады. Ішкі туризмге әлемдегі барлық туристер санының 75-80% келеді, сәйкесінше қаржылық қорытынды нәтижесінде көптеген елдерде ол шетелдіктен әлдеқайда алда.

Заманауи мамандардың зерттеуі, әлемдік туризм индустриясының жағдайы соңғы жылдардағы объективтік қиын-

дықтарға қарамастан, жалпы түрде тұрақтылықты көрсетіп, әлемдік экономиканың ірі, тез дамушы, көп пайда түсіруші секторы қалпын сақтап отырғанын көрсетеді.

Туризм табыстың өсуі мен халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей тәуелді. Әдетте, мемлекет табысты және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты болса, соғұрлым ол елде әлемдік туристік ағымдарға ағылатын халықтың үлесі де жоғары болады. Және керісінше, елдің әлемдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар болған сайын, соғұрлым халықтың аз үлесі туристік салаға қатысады. Бұл заңдылық оған тән және оны белгілі шоғырландырылған немесе әлемдік қоғамдағы өзінің пайда болуы бойынша елдің интегралдық даму көрсеткіші ретінде қарастыру керек. Басқаша сөзбен айтқанда, елдегі туризм деңгейінің дамуынан, оған азаматтардың қатысуынан нақты елдің даму деңгейі, ондағы азаматтардың өмір сапасы жайлы сенімді қорытындылауға болады [1].

Бұл өте маңызды жағдай болып табылады, өйткені кез келген құбылыс өзін салыстырмалы дамыған қоғамда толық көрсете алады. Мысалы, капитализмнің мағынасына келер болсақ, оған тән ерекшеліктерді экономикалық теорияның классиктері А. Смит, Д. Риккардо, К. Маркс, Д. Кейнс сол заманның дамыған экономикалық құбылыстарын түсіну арқылы таныған. Дәл осындай тәсіл оларға заманның шындығын нақты әрі терең елестетуге мүмкіндік берді. Бұл әрине олардың бір құбылысты түсіндіруде бірауызды болды дегенді білдірмейді. Бұл тек салыстырмалы жетілген қоғамда оның дамуы, сәйкесінше оны сипаттаушылар анағұрлым анық көрінетіндігін түсіндіреді.

Қазақстан туризм саласының дамуы еліміздің тәуелсіздікке ие болған сәтінен, 1991 жылы басталды. Қазіргі таңда Қазақстан Бүкіл әлемдік туристік ұйымның толыққанды мүшесі, 3 объектіміз ЮНЕСКО-ның мәдени және табиғи өлшемінің Әлемдік мұрасына кіреді (Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі, Тамғалы мен Сарыарқа археологиялық ландшафтының петроглифтары, Солтүстік Қазақстанның таулары мен көлдері).

Саяхаттау және туризм бәсекеге қабілеттілік Индексінің мәліметтеріне сәйкес (The Travel & Tourism Competitiveness Index), Қазақстан аталған салада жағдайын нашарлатып алған. Мәселен 2013 пен 2014 жылдары 50 орынды ұстап тұрған болса, 2015 жылы 85 орынға түсіп кеткен [2].

Қазақстан туризмінің ең мықты жақтары ретінде «гигиена және денсаулықтың қамын

ойлау» белгіленген. Ең төмен көрсеткіштер «халықаралық ашықтық» және «табиғи және мәдени көрікті жерлер» саласында байқалуда.

Орталық Азия елдерінен Қырғызстан 116 орында, Тәжікстан 2014 жылы 91 орында болып, 2015 жылы 109 орынға дейін түсіп кеткен. Орталық Азияның басқа елдері туралы мәліметтер жоқ.

Аталмыш рейтингте бірінші орынды Испания, одан кейінгі орындарды Франция мен Германия иемденді. Сонымен қатар бестіктің тізіміне АҚШ пен Ұлыбритания кірді. Ресей Федерациясы 45 орынға ие болса, Қытай 45 орыннан 17 орынға көтерілген.

Туризм және саяхат саласындағы бәсекеге қабілеттілік есептілігі WEF (World Economic Forum's 2015 Travel and Tourism Competitiveness Index) 141 елдің мәдени ресурстары, қолжетімді инфраструктура, туристік өнімдердің бағасы, қауіпсіздік деңгейі, халықаралық ашықтық және т.б. зерттеудің негізгі 14 бағыты жайлы ақпараттар береді [2].

Туризм саласының дамуы бірнеше факторларға байланысты:

1. Кез келген елде, соның ішінде Қазақстанда, туристік-рекреациялық ресурстардың болуы;
2. Туризмге тікелей немесе жанама түрде қатысты барлық кәсіпорындардың дамуы;
3. Сырттан келу туризмін дамытуда, шетелден қаражаттарды тарту;
4. Аз шығындарда табыс табу;
5. Бірінші өндіріс факторларын алуда шығындардың болмауы;
6. Тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ететін, шағын және орта бизнестің дамуы;
7. Қызмет саласы секторының көбеюі;
8. Имидждің қалыптасуы және мемлекеттің барлық әлемнің қоғамға танылуы.

Туризм дамуының жоғарғы қарқыны, валюталық түсімдердің үлкен көлемі экономиканың түрлі саласына белсенді түрде әсерін тигізеді, ол өз кезегінде өзіндік туризм индустриясының қалыптасуына себепші болады. Әлемдік жалпы ұлттық өнімнің он бөлігін туризм сферасы қамтамасыз етеді, 11% әлемдік инвестициялар, әрбір 9-шы жұмыс орны. Солайша, біздің күнімізде әлемдік экономикаға туризм индустриясының тигізетін үлкен әсерін байқамау мүмкін емес. Халықаралық тауар айналымында туристік қызметтер «жасырын» тауар ретінде болады. Туристік қызметтің тауар ретінде өзіне тән ерекшелігі мен қасиеті, бұл қызметтің көп бөлігі сол орында аз шығынмен жасалып, шетелдік валютаны қолданбауында.

Қазақстанның экономикасы соңғы жылдары жылдам қарқынмен өсті. Оған мұнайға деген бағаның өсуі әсер етті. Мұнайға деген баға құлағаннан кейін, Қазақстанның бюджеті миллиардтаған теңгені жоғалтты. Қазақстан бюджетінің 50% мұнай түсімдері құрайтынын ескерер болсақ, дәл осы мұнайды сатудан түсетін түсімнің төмендеуі елдің экономикасына, оның азаматтарының өмір сүру деңгейіне қиын соққы болып тиетінін түсіну қиын емес. Осы жағдайда келесідей сұрақ туындайды: Қазақстан дамуға импульс беретін басқа да тауарлар мен қызметтер түріне ие ме?

Халықаралық туристік ұйымның мәліметтеріне сүйенсек, туризм саласы әлемдік тауарлар мен қызметтер экспортында мұнай, мұнай өнімдері, автокөліктер экспортынан кейін төртінші орынға ие. Көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, туристік сала өзге отыз екі саланың дамуына әсер етеді, оның ішінде транспорттық, байланыс құрылысы, ауыл шаруашылығы, сауда және өзгелер. Мамандардың бағалауы бойынша, туризм бірінші орынға шығуы тиіс, ал экономиканың бұл секторында әлемдегі еңбекке жарамды әрбір сегізінші адам еңбекпен қамтылады [3].

Туризмнің өсуі жаңа территориялардың пайда болуынан болуы қажет. Осыған сәйкес, Қазақстан өзінің табиғаты, тарихы, мәдениеті, этнографиясы, жағымды саяси ахуалы мен ұлттаралық қақтығыстардың болмауынан әлемдік туристік нарықта бәсекеге қабілетті өзінің орнын бекітіп алуға керемет мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, отандық туристік секторға шетелдік инвестицияларды белсенді түрде тарту қажет.

Халықаралық туризм көптеген дамыған және дамушы елдердің валюталық түсімдерінің негізін құрайды. Көптеген елдерде туризм жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ), қосымша жұмыс орындарын құруда және халықты жұмыспен қамтуды, сыртқы сауда балансын жүзеге асыруда маңызды рөл ойнайды.

Алайда Қазақстанға кірушілер туризмінің талдауы, мемлекет шетелдік туристер үшін жеткіліксіз түрде тартымсыз екендігін көрсетеді. Қазақстанның жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы байланысты қамтамасыз еткенімен, оның әлемде туристік бағыт ретіндегі танымалдығы аз [4].

Қазақстанда кірушілер туризміне қарағанда шығушылар туризмі басымдылыққа ие. Сонымен қатар, Қазақстанға келушілердің негізгі мақсаттары келесідей болып табылады: іскерлік және кәсіби келушілер – 54,2%, демалыс

және рекреация – 38,4%, таныс адамдар мен туысқандарға келушілер – 4%, коммерциялық мақсат – 2,1%, емделу және өзге мақсаттағы келушілер – 1,3% құрайды. Іскерлік және кәсіби сапарлар Қазақстанға келушілердің басым бөлігін құрап тұрғаны анық, бұл ретте, келушілердің көпшілігі демалу емес жұмыс бабымен келіп жатқанда мемлекет өзінің туристік тартымдылығын көтере алмайды [5].

Жоғарыда туризм саласы ЖІӨ құрауда маңызды рөл атқарады деп атап өткен болатынбыз. Қазақстанның туризм саласының ЖІӨ үлесін келесі кесте арқылы көре аламыз.

1-кесте – Қазақстан туризмінің ЖІӨ үлесі

| Жылдар | Үлесі % | Өзгерістер % |
|--------|---------|--------------|
| 2005 | 1,2 | |
| 2006 | 1,6 | 12,17 |
| 2007 | 1,8 | 0,68 |
| 2008 | 1,5 | -13,25 |
| 2009 | 1,8 | 14,74 |
| 2010 | 1,6 | -7,83 |
| 2011 | 1,6 | -4,07 |
| 2012 | 1,6 | 2,90 |
| 2013 | 1,6 | -1,44 |
| 2014 | 1,6 | -1,96 |
| 2015 | 1,6 | 4,93 |

Дерек көзі: кесте автормен құрастырылды [6] әдебиет негізінде

Жоғарыда келтірілген кесте мен графиктен 2005-2015 жылдар аралығында Қазақстан туризмінің ЖІӨ үлесі мен сол жылдар аралығында болған өзгерістердегі ауытқуларды көреміз. 2005 жылдан 2008 жылға дейін ЖІӨ үлесі қарқынды өсіп келіп, 2008 жылы күрт төмендеп кеткенін байқаймыз. Мұның себебі 2008 жылғы болған әлемдік дағдарыс деп білеміз. Одан кейінгі жылдары туризмнің ЖІӨ үлесі бірқалыпты сақтап тұрғанын байқаймыз.

Туризмнің ЖІӨ өсуіне әсер ету қабілеттілігінің дәлелденгеніне, экспорттық түсімдерді қамтамасыз ете алу мен жұмыс орындарын құру және оның өсу қарқынына қарамастан, біздің елде ол әлі айтарлықтай саяси және экономикалық түрде мойындалған жоқ.

Жоғары аталған мәліметтерден көріп отырғанымыздай, Қазақстанның ЖІӨ туризмнің

үлесі небәрі 1,6% ғана құрайды. Мәселен өзге елдермен салыстыратын болсақ, Түркиядағы туризм саласының ЖІӨ үлесі 10,9%, БАӘ ЖІӨ 14,3% құрайды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қазіргі таңда Қазақстан әлемдік туристік нарықтың до-

норы болып табылады. Осылайша, 2015 жылы Қазақстаннан шет елдерге шыққан туристердің саны 11,30 млн адамды құрап, рекордтық шегіне жетті. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 8,16% көп. Мұндай жағдай республиканың төлем балансының теріс сальдосына әкеліп соқтырады [7].




График 1 – Автормен 1-кесте негізінде құрастырылған

Орта табысы бар қазақстандықтар шетелде демалғанды жөн көріп, қаражаттарын сонда жұмсап жатқанда, еліміздің басшылары ішкі туризмді ғана емес, шетелдік туристерді Қазақстанға қалай тарту керек жөнінде өз жоспарларын ұсынуда. Басшылық 2020 жылға дейінгі туристік саланы дамыту концепциясын жариялады. Ол өзінің алдына, жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) туризмнің үлесін үш пайызға дейін, кірістерді 10,2 миллиард долларға дейін, ал туристер ағымын 8,5 миллион адамға дейін көтеру туралы амбициялық міндетін қойды.

Республикамыздағы туризмнің дамуын тежейтін негізгі мәселенің бірі, туризм саласындағы мамандандырылған кадрлардың жетіспеушілігі болып табылады. Себебі туризмде, қызмет көрсетумен байланысты қызметте, адами ресурстарды жоспарлау үлкен маңызға ие. Туризм инфрақұрылымының дамуына қарамастан, көптеген туристік объектілердегі қызмет көрсету сапасы төмен болып келеді. Елдің әлеуетін әлемдік туристік нарықта дамыту мақсатында елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру бойынша іс-шаралар жасау қажет. Бәсекеге қабілетті туристік нарықты қалыптастырудың негізгі факторы, отандық туристік өнімді алға жылжытатын, шығушы және кіруші туризмді ел экономикасының негізгі кіріс көзі қыла алатын, тиімді жарнамалық компания болып табылады. Қазақстанның көптеген қалаларындағы туристік белсенді халықтың туристік мүмкіндіктер жайында бейхабар болуына байланысты, рес-

публика жыл сайын қаншама туристерін және туристік саладан бюджетке түсетін түсімдерді жоғалтуда. Сонымен қатар туризмді тежейтін келесі фактор ретінде Қазақстанның транспорттық инфрақұрылымын атаса болады. Қонақ үйлер, демалыс үйлері, мейрамханалар халықаралық қызмет көрсету стандарттарына сәйкес келмейді. Қазір халық жиі шет елдерге қыдырып шығады және сапалы мейрамхана, тамақтандыру, қызмет көрсетудің қандай екендігін көріп біледі, яғни бұл төмен сапалы қызмет көрсету арқылы қазақстандықтарды қанағаттандыра алмайды деген сөз. Бәсекенің жоқ, төмен деңгейлі қызмет көрсету арқылы, өте жоғары бағалар қойылады. Сол себепті еліміздің азаматтарына шетелге барып, жоғары сапада өз қажеттілігін қанағаттандыра отырып демалып келген тиімдірек.

Жалпы, Қазақстан туристік саланы дамыту мен шетелдік туристерді тартуда үлкен әлеуетке ие. Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде туризм экономикадағы негізгі ЖІӨ құраушы сала болуы үшін әлі өте көп жұмыс істеуі қажет екендігін аңғарамыз.

Жоғарыда аталғандардың барлығын түйіндей келе, болашақтағы онжылдықта туризм дамуының келесідей негізгі ерекшеліктерін атауға болады:

- халықаралық туристік қызмет көрсеткіштерінің одан әрі өсуі;
- әлемдегі экономикалық және саяси ахуалдың туризмге үнемі әсерін тигізуі;

– туризмді анықтаушы факторлар ретінде әлеуметтік-демографиялық өзгерістер, электрондық ақпарат және коммуникациялық жүйелер болады.

Қазақстанның туристік саласын халықаралық деңгейде көтеру үшін осы айқындалған бағыттарға көңіл бөліп, сол бағыттарды бірінші кезеңде дамыту керек.

Әдебиеттер

- 1 Смыков М.Р. Оценка состояния развития туризма в Казахстане // Вестник КазНУ. Сер. Экономическая. 2003. – №1. – С. 71-75.
- 2 The Travel & Tourism Competitiveness Report 2015. – World Economic Forum, Geneva, 2015. - 519 с. //www3.weforum.org/docs/TT15/WEF_Global_Travel&Tourism_Report_2015.pdf
- 3 Зима А.Г. Экономика розвитку. – 2011. – №4 (60). – С.19-22.
- 4 Воскресенский В.Ю. Международный туризм. – М.: Юнити-Дана, 2006. – 153 с.
- 5 Туристический кластер Казахстана – перспективы и возможности. // Новости Total.kz – 2016, 9 қазан, – URL: http://total.kz/travel/localtourism/2015/12/20/turisticheskiy_klaster_kazahstana_perspektivy_i_vozmojnosti
- 6 World Travel and Tourism Council Data, 2016 <http://knoema.ru/atlas>
- 7 Перспективы национального туризма. // Казахстанская правда: <http://www.kazpravda.kz/articles/view/perspektivi-nationalnogo-turizma/>

References

- 1 Smykov M.R. Ocenka sostoyaniya razvitiya turizma v Kazakhstane // Vestnik KazNU. Ser. Ekonomicheskaya. 2003. – №1. – S. 71-75.
- 2 The Travel & Tourism Competitiveness Report 2015. – World Economic Forum, Geneva, 2015. - 519 с. //www3.weforum.org/docs/TT15/WEF_Global_Travel&Tourism_Report_2015.pdf
- 3 Zima A.G. Ekonomika rozvitku. – 2011. – №4 (60). – S.19-22.
- 4 Voskresenskii V.U. Vejdunarodnyi turizm. – M.: Uniti-Dana, 2006. – 153s.
- 5 Turistichiskii klaster Kazakhstana – perspektivy i vozmojnosti.// Novosti Total.kz – 2016, 9 qazan, – URL: http://total.kz/travel/localtourism/2015/12/20/turisticheskiy_klaster_kazahstana_perspektivy_i_vozmojnosti
- 6 World Travel and Tourism Council Data, 2016 <http://knoema.ru/atlas>
- 7 Perspektivy nacialan' nogo turizma. // Kazakhstanskaya pravda: <http://www.kazpravda.kz/articles/view/perspektivi-nationalnogo-turizma/>

Елемесов Р.Е., Өміртай А.Д.
**ҚР атом өнеркәсібінің әлеуеті
мен болашағы**

Қазіргі таңда ғаламдық экономикалық және экологиялық мәселелердің шиеленісуі ядролық энергетиканың болашағы туралы өткір талас туғызып отыр. Мақалада әлемдік энергетикалық нарықтағы атом энергетикасының қазіргі таңдағы әлеуеті мен болашағы, сондай-ақ Қазақстанның ядролық энергетика саласындағы жетістіктері мен мүмкіншіліктері талқыланады. Қазақстанның атом энергетикасы бойынша әлемдік энергетикалық нарықтағы үлесі мен қазіргі ядролық әлеуетін зерделей отырып, еліміздегі тұңғыш АЭС құрылысын жүргізу мәселесі көтерілген. Біздің еліміз үшін бұл мәселе үлкен маңызға ие, өйткені Қазақстан уран қоры бойынша әлемдік қауымдастықта екінші орынды, уран өндірісі бойынша бірінші орынды иемденіп отырған мемлекет. Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін атом энергетикасын пайдалану қаншалықты тиімді? АЭС салудағы мемлекетіміздің стратегиялық мақсаты мен мүмкіндіктері қандай? Міне, осы сұрақтарға мақала барысында жауап іздеп көрдік.

Түйін сөздер: Атом өнеркәсібі, ядролық энергетика, атом электр станциясы, энергетикалық қауіпсіздік, энергетика.

Elemesov R.Ye., Omirtay A.D.
**The potential and future of the
nuclear industry of Kazakhstan**

In today aggravation of global economic and environmental problems it has generated heated debates about the future of nuclear energy. This article discusses the potential and prospects of nuclear power in the international energy market and the achievement and opportunities of Kazakhstan in the nuclear power industry. And also raised concerns about Kazakhstan's shares in the global energy market on the nuclear industry and the construction of nuclear power plant in Kazakhstan. For our country, this issue is particularly important, since we are the world's second largest uranium reserves and first place in production. How effective is the use of nuclear energy in ensuring energy security of the country? What are the strategic goals and state capabilities in the construction of nuclear power plants? In this article we have tried to find answers to these questions.

Key words: The nuclear industry, nuclear power, nuclear power stations, energy safety, energy.

Елемесов Р.Е., Омиртай А.Д.
**Потенциал и будущее атомной
промышленности РК**

Обострение глобальных экономических и экологических проблем породило острые споры о будущем ядерной энергетике. В статье рассматриваются потенциал и перспективы атомной энергетики на международном энергетическом рынке и достижение и возможности Казахстана в ядерной энергетике. А также поднимаются проблемы о долях Казахстана в мировом ядерном энергетическом рынке и о строительстве АЭС в Казахстане. Для нашей страны эта проблема имеет особо важное значение, так как мы занимаем второе место в мире по запасам урана и первое место по его добыче. Насколько эффективно использование атомной энергетике в обеспечении энергетической безопасности страны? Какие стратегические цели и возможности государства в строительстве АЭС? В статье мы постарались искать ответы на эти вопросы.

Ключевые слова: атомная промышленность, ядерная энергетика, атомная электростанция, энергетическая безопасность, энергетика.

ҚР АТОМ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ӘЛЕУЕТІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Ғаламдық экономикалық дағдарыстан толық шығып үлгермеген әлемдік экономика тұрақтылық немесе бірқалыпты даму жағдайына әлі жете қойған жоқ. Бүкіл әлемдік қаржы дағдарысы, одан соң әлемдік қауымдастықта геосаяси тәуекелдердің көбеюі салдарынан қазіргі таңда халықаралық энергетикалық нарық та күйзеліс үстінде. Жер шарында әркелкі орналасқан энергетикалық ресурстардың жай-күйі мен нарық бағасының тұрақсыздығы, энергетиканың қайнар көздеріне деген әлемдік сұраныстың артуы секілді ғаламдық экономикалық мәселелер тындырымды ғылыми зерделеуді қажет етіп отыр.

Ғаламдық экономикалық және экологиялық мәселелердің шиеленісуі ядролық энергетиканың болашағы туралы өткір талас туғызып отыр. Біздің еліміз үшін бұл мәселе үлкен маңызға ие, өйткені Қазақстан уран қоры бойынша әлемдік қауымдастықта екінші орынды, уран өндірісі бойынша бірінші орынды иемденіп отырған мемлекет. Сол себепті бүгінгі күнде атом өнеркәсібін терең зерделеудің өзектілігі жоғары. Ядролық энергетиканы дамыту Қазақстан үшін әлемнің озық технологияларына жол ашады, сондай-ақ әлемдік энергетикалық нарықтағы үлесін ұлғайтады және энергетикасын әртараптандыру арқылы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың 40-50 жылдарынан бастап атом энергиясын бейбіт қолдану мақсатындағы жобалар – АЭС қолданысқа енуіне алып келіп, әлем елдерінің энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде озық әрі тиімді технологияларға сүйенетіндігін көрсетті. Қазіргі таңда әлемдік электр энергиясы өндірісінің 15-17% ядролық энергетиканың үлесінде.

1948 жылы КСРО-да белгілі ғалым И.В. Курчатовтың жетекшілігімен атом энергиясын игерудің жоспары әзірленіп, 1950 жылы құрылысы басталған Обнинск АЭС 1954 жылы 27 маусымда іске қосылды. 1956 жылы Ұлыбританияда Колдер-Холл АЭС, 1957 жылы АҚШ-та Шиппингпорте АЭС пайдалануға берілді. Одан соң Франция, Германия, Канада, Швеция, Жапония сияқты дамыған елдердің атом энергиясын бейбіт мақсатта игеру кезеңі басталды. Қазіргі таңда әлемнің 31 мемлекетіндегі 460 энергетикалық ядролық реактордан тұратын 192 АЭС-тің жалпы қуаты 348 ГВт құрап отыр.

Сондай-ақ осы күнде әлемде 60 энергоблоктың құрылысы жүріп жатса, 159 ядролық реактор өз жұмысын тоқтатқан. Құрылыс сатысындағы АЭС басым бөлігі Азия елдеріне, оның ішінде Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, Түркия, БАӘ тиесілі. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (ИАЕА) болжамы бойынша 2030 жылы әлемдегі АЭС жалпы алғанда қуат көлемі қазіргіден екі есе артып 700 ГВт құрамақ. АЭС жұмыстарын біртіндеп тоқтатып немесе басқа энергия көздеріне алмастырып жатқан Германия үшін де ұлттық энергетикалық стратегияларының негізгі құрамдас бөлігі атом энергетикасы болып қала бермек.

АЭС басты артықшылығы – отын көздеріне деген тәуелділіктің әлдеқайда төмен болуы. Көмірмен жұмыс істейтін ЖЭС отынды көп мөлшерде жұмсайды. Тәжірибелер бойынша 1 кг табиғи уран 20 т көмірді алмастырады. Қуатты ЖЭС бір тәулікте екі жүк состав көмірді жағып жібереді. Көмір отындарының жеткізілуі немесе шетелдерден импортталуы үлкен тасымал шығындарын туғызады. Бұл ядролық отын тасымалымен салыстырғанда орасан зор көп қаржыны талап етеді. Сібірден келетін көмір тасымалы Ресейдің батыс бөлігіндегі ЖЭС үшін қымбатқа түсіп отыр. Осы себептермен Ресейдің ядролық бағдарламасында елдің еуропа бөлігін АЭС энергетикасымен қамтамасыз ету мәселелері қамтылған.

АЭС салыстырмалы түрде басқа отын-жанармай көздеріне негізделген электр станцияларына қарағанда қоршаған ортаға зияны әлдеқайда аз. Жылу электр станцияларының шығатын зиянды заттар құрамына азот оксидтері, күкіртті газдар, көміртек оксидтері, альдегидтер т.б. химиялық улы заттар кіреді. Мысалы, қуаты 1000 МВт ЖЭС жылына ауаға 13000 тонна улы газдар, 165 000 тонна зиянды қалдықтар шығарады. Салыстырмалы түрде АЭС шығаратын зиянды қалдықтар көлемі ЖЭС қарағанда 5-6 есе аз. 1000 МВт ЖЭС жылына 8 млн тонна оттегі тұтынады, ал АЭС-тің ядролық реакторлары мүлде оттегі пайдаланбайды [1].

Күрделі құрылымдық жүйеден, қауіпсіздік мақсатында бірнеше сақтық нысандарынан тұратын станцияның апатты жағдайының салдары – АЭС басты кемшілігі болып табылады. 1979 жылы АҚШ-тағы Три-Майл-Айленд АЭС-дегі орын алған апатты жағдай, 1986 жылы Кеңес одағындағы қазіргі Украинадағы Чернобыль АЭС-де болған апат және 2011 жылы Жапонияның Фукусима-1 АЭС-тегі апатты жағдайлар адамзатқа үлкен қасіреттер алып келгені белгі-

лі. Апатты жағдайларда радиоактивті заттардың ауаға таралуы, радиация нәтижесінде жарамсыз қауіпті аймақтардың пайда болуына, ұрпақ қасіретіне алып келеді. Сол себепті қазіргі таңда АЭС салудағы басты тәуекел қауіпсіздікке қойылады.

Қазіргі таңда әлем елдері арасында ядролық энергетикаға аса үлкен қызығушылық танытып отырған Қытай Халық Республикасы. Көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларының сыртқы ресурстарға тәуелділігі жоғары болғандықтан, Қытай соңғы онжылдықта өзінің ауқымды ядролық энергетикалық бағдарламасын жасады. Бағдарламаның негізгі мақсаты ел энергетикадағы АЭС үлесін ұлғайту. 2020 жылға қарай АЭС күшін қазіргіден 8 есе (80 ГВт), 2030 жылы 20 есе (200 ГВт), 2050 жылы 40 есе (400 ГВт) өсіру болып отыр. 2013 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша Қытай Халық Республикасында 17 ядролық реакторлы 6 АЭС жұмыс істеп тұр. Олар Гуандун АЭС, Циньшан АЭС, Тяньвань АЭС, Линьбао АЭС, Хунъяньхэ АЭС, Ниндэ АЭС. 32 блок құрылыс үстінде, 54 реактордың құрылысы жоспарлануда [2].

Осы жағдайларда Қытайдың атом энергетикасы бағдарламасы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі келешегі жарқын сала. Қазіргі таңда, Қытай атом энергетика саласындағы түрлі жетістіктерге жетсе де, көмір және көмірсутекпен жұмыс істейтін ЖЭС жалпы энергетиканың 70%, СЭС 17,5% қамтыса, қалған 2,5% АЭС тиесілі. 2020 жылға қарай АЭС үлесін 2,5%-дан 6% дейін жоғарлатуға жоспарлап отырған Қытай атом энергетикасы бойынша әлемдегі ең қуатты елдердің біріне айналып, Жапония, Франция елдерінен жоғарғы орынға шығатыны анық. Қытай осы қарқынмен дамитын болса, 20-30 жылдан соң әлемнің атом энергетикасы бойынша көшбасшысы (836,63 млрд кВт·сағ/жыл) АҚШ елін де артқа тастайды. Қытайдың АЭС басым бөлігі жағалаулы аймақтарда орналасқан, ал жалпы алғанда барлық ядролық реакторлар тікелей сумен суыту әдісі бойынша жұмыс жасайды.

Қытайдағы энергетикалық ресурстардың жоғарғы орынға қойылуы бұл мемлекеттің ұзақ мерзімдік тұрақты дамуының кепілі. Өз нарығын тиімді әрі экологиялық зияны аз АЭС энергетикасымен қамтамасыз ету Қытайдың экономикалық қуатын одан сайын арттырады. Қазақстан көршілес орналасқан Қытаймен сауда қарым-қатынастарын дамыту үстінде. Қытайдың отын-энергетикалық ресурстары нарығында Қазақстан ресурстарының үлесі өсіп келеді.

Отандық уран өндіруші компаниялардың Қытай нарығына шығатын күні алыс емес. Қытай энергетикалық қауіпсіздігін ауқымды жобалар арқылы іске асыруда. Алдағы 10-15 жылдың көлемінде ядролық энергетикада көп тәжірибе жинап үлгеретін Қытаймен кадрлар дайындау саласында, АЭС эксплуатациялау саласында сенімді серіктестікті дамытқан жөн. Сонымен қатар, Қытайдың батысындағы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы қарқынды экономикалық даму үстінде. Егер Қазақстан өзінің алғашқы АЭС құрылысын бастайтын болса, ҚХР тарапынан қызығушылық батыс аймақтардың электр энергиясына деген сұранысына байланысты болмақ. Бұл мәселенің екінші жағы АЭС құрылысына тартылатын инвестиция Қытай тарапынан болуы да әбден мүмкін екендігін байқатады.

Бүгінгі күні Қазақстан уранның әлемдік барланған қорының 12% иеленіп, әлемде уран өндіруден 1-орын және қорлар көлемі бойынша 2-орындағы мемлекет. Жалпы барланған уран қорының 65% жерасты сілтісіздендіру әдісі бойынша экономикалық тиімділікпен өндіру мүмкіндігі бар. Салыстырмалы түрде Қазақстан қысқа мерзімде атомдық энергетика кешенін дамытуда үлкен әлеуетке ие мемлекет. Сонымен қатар, Қазақстан ядролық энергетика және ядролық физика саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу мен уран өндірісінің және өндіруші өнеркәсіптің дамыған инфрақұрылымына ие. Республикада ядролық физика саласында зерттеулер жүргізуге бірегей ғылыми база, сондай-ақ кеңестік кезеңнен білікті қызметкерлер бар. Осының нәтижесінде қазіргі уақытта ғылыми мақсатта 3 ядролық зерттеушілік реактор пайдаланылуда.

Қазақстандағы уран өндірісі ХХ ғасырдың 50 жылдары басталды. Ал еліміздегі алғашқы уран кен орны – 1951 жылы ашылған Қордай кеніші. Соғыстан кейін, яғни 1947-1965 жылдар аралығында уран іздеудің белсенді әрекеттері одан әрі жалғасты. 60-жылдардың басында «Волковгеология», «Краснохолмгеология», «Степгеология», «Кольцовгеология» өндірістік-геологиялық бірлестіктері геолог-барлаушыларының күшімен Қазақстан аумағында уранның минералды-шикізат қорын жасаудың бірінші сатысы аяқталған болатын. Бұл өз кезегінде Целинный, Прикаспийск (Каскор) және Қара-Балта қайта өңдеу комбинаттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырды.

1960-1970 жылдары жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен инфильтрациялық қабатты кен орындарындағы нашар рудалардан уран

өндіру мүмкіндігі АҚШ-та дәлелденді. Бұл Қазақстанның шикізат базасындағы жағдайды түбегейлі өзгертіп жіберді. 70-жылдардың соңына таман Ыңғай, Мыңқұдық, Мойынқұм, Қанжуған, Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын сияқты тағы басқа бірегей кен орындары табылды. 1980-1982 жылдары Қазақстанда уран өнімдерін шығару ең жоғары деңгейге жетіп, жалпы алғанда 30 кен орнында уран өндірілді. Атом өнеркәсібі кәсіпорындарында еңбек ететін жұмысшы-қызметкерлер саны 70 мыңнан асып жығылды.

Алғаш рет уранға деген мемлекеттік тапсырыстың төмендеуі 1983 жылы тіркелді. Өндіріс 25-30%-ға құлдырап, одан кейінгі жылдарда да сол деңгейде қалып қойды. 80-жылдардың ортасына таман басталған әлемдегі қарусыздану саясаты салдарынан және Чернобыль оқиғасынан кейін атом энергетикасын дамыту бағдарламасы кейінге шегеріліп, Целинный мен Прикаспийск өндірістік кеніштерінде және қайта өңдеуші комбинаттарда уран өндіру көлемі қысқартылды. Сол жылдары шахталық және карьерлік өндірудің тиімсіздігі мен әлемдік нарықтағы бағаның төмендеуінен Қазақстанда 6 кен басқармасы жабылып, 2 басқармада өнім өндіру мүлде тоқтатылды.

1992 жылдан бастап Ресей қазақ табиғи уранынан бас тартып, нәтижесінде саланың тау-кен өндіруші және өңдеуші кәсіпорындары үшін қиын кезең туындады. Соған байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі атом энергетикасы мен өнеркәсібі жүйесіне жататын барлық кәсіпорындарды Қазақ мемлекеттік атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының корпорациясына (КАТЭП) біріктіруге ұйғарды. Жаңа ұйымның алдына нақты міндеттер қойылды: бұрынғы орта машина жасау кәсіпорындарын біріктіру; саланы сақтап қалу және одан әрі жаңғырту стратегиясын жасап шығу; әлемдік уран рыногында егеменді елдің және оның кәсіпорындарының мүддесін қорғау; өндірістік және кадрлық әлеуетін ескере отырып кәсіпорындарды конверсиялау мен диверсификациялау жұмыстарын жүргізу.

1997 жылы Қазақстанның атом саласындағы ұлттық операторы «Қазатомөнеркәсіп» құрылған болатын. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран, сирек металдар, атом электр станциялары үшін ядролық отын, арнайы жабдықтар, технологиялар және екіұдай мақсаттағы материалдардың импорты-экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы болып табылады. Бүгінгі таңда компанияда 27 000 астам адам еңбек етеді.

Қазақстан аумағында уранның 129 кен орны және кен пайда болған ошақтары белгілі. Уран кен орындары 6 аймаққа біріктірілген.

1. Сырдария аймағы – Қазақстанның жалпы қорлары мен ресурстарының 18,8% құрайды. Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын, Іркөл және Хорасан кен орындарындағы уран өндіру жер асты шаймалау әдісімен жүзеге асырылады.

2. Шу-Сарысу аймағы – уранның түзілуі қабаттық қышқылданудың өңірлік жер зоналарымен байланысты. Жалпы қорлары мен ресурстары Қазақстанның жалпы қорлары мен ресурстарының 57,8% құрайды. Қазіргі уақытта Уванас, Мыңқұдық, Қанжуған, Мойынкүм, Ақдала, Буденовск және Іңкәй кен орындарындағы уран өндіру жер асты ұңғымалау шаймалау әдісімен жүргізіліп жатыр.

3. Іле аймағының негізгі қорлары – қоңыр көмір қабаттары жабыны топырағының тотығуынан түзілген уран-көмір кен орындарымен байланысты. Уран қоры мен ресурсы Қазақстанның барлық қорларының 4,5% құрайды. Қазіргі уақытта уран өндіру жүргізілмейді.

4. Солтүстік Қазақстан аймағы – Қазақстандағы уран рудаларының жалпы қорлары мен ресурстарының 16,4% құрайды. Аймақтың уран кен орны протерозой мен палеозойдың қатпарлы кешендеріндегі желілі-штокверкті кендер түрінде ұсынылған. Қазіргі кезде Семізбай кен орнындағы уран өндіру жер асты шаймалау әдісімен жүргізіледі.

5. Балқаш маңы уран кен орындарының негізгі түрі – құрлықтық вулкандық кешендердегі эндогенді желілі-штокверкті кен орны. Аймақтың негізгі кен орындарындағы жұмыс аяқталынған. Уранның қалған қорлары мен ресурстары республиканың жалпы қорының 0,8% құрайды. Уран өндіру тоқтатылған.

6. Каспий маңы аймағы – уранның қоры мен ресурстары Қазақстан қорының жалпы теңгерімінде 1,7% құрайды. Қазіргі кезде уран өндіру жүргізілмейді.

Қазіргі таңда Қазақстан уранын импорттаушы мемлекеттер Қытай, АҚШ, Еуропалық одақ елдері, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан.

Атом өнеркәсібінің толық кешені уран өндірісінен бастап АЭС-ке дейінгі аралықты қамтиды. Қазақстанның ядролық әлеуетінде атом энергетикасының толық кешені қалыптаспаған, бірақ алғышарттардың негізі қаланған. Қазіргі таңда Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (ИАЕА) бастамасымен Қазақстанда ядролық отын банкінің құрылысы жүріп жатыр. Бұл әлемдік қауымдастықтың атом энергетикасы бо-

йынша Қазақстанға деген үлкен сенімінің дәлелі. Сондай-ақ Қазақстан мен Францияның атом саласындағы операторлары арасында ядролық отын өндіру бойынша жобалар қолға алынған. Қазіргі таңда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тігінен интеграцияланған ядролық отын өндірісі кешені бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Уран өндірісі мен ядролық отын таблеткалары өндірісі кезеңдерін игерген Қазақстан атом өнеркәсібінің келесі кезеңдері бойынша озық технологиялы мемлекеттермен жаңа жобалардың алғышарттары жүргізіліп жатыр. Қазақстан атом энергетикасын дамыту жобаларына Жапония мен Ресей қызығушылық танытып, серіктестік келісімін қабылдаған. ҚР ядролық энергетика саласында келесідей мамандандырылған ұйымдар қызмет атқаруда: РМК «ҚР Ұлттық ядролық орталығы», РМК «Ядролық физика институты», «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қарасты «Жоғарғы технологиялар институты», «Ядролық технологиялар қауіпсіздігі» ғылыми-техникалық орталығы.

«Қазақстан 2050» стратегиялық даму бағдарламасында ҚР президентінің үкіметке берген нақты тапсырмасының бірі «Төртінші мұнай өңдеу зауыты мен атом электр станциясының орны, инвестициялар көзі мен құрылыс мерзіміне қатысты мәселелерді Үкімет биылғы жылдың бірінші тоқсанның соңына дейін шешкені жөн». Сондай-ақ келесідей жоғарғы деңгейдегі мемлекеттік құжаттарда Қазақстандағы ірі жобалар қатарына АЭС құрылысы көрсетілген:

– ҚР-дың 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары (ҚР Президентінің бұйрығы, 1 ақпан 2010 ж. №922).

– ҚР Президентінің халыққа жолдауы (17 қаңтар 2014 ж.)

– АЭС құрылысы бойынша алғашқы істер жоспары (ҚР үкіметі, 5 мамыр 2014 ж.)

Атом өнеркәсібі саласының 2011-2014 ж. даму бағдарламасы (13 наурыз 2014 ж.) [3].

Атомдық энергетиканың толық кешеніне өту үшін, сондай-ақ ядролық энергетиканы игерген озық технологиялы әлем елдерімен бір қатарда тұру үшін Қазақстанның атом өнеркәсібін үлкен сын күтіп тұр. Бұл аз уақыт аралығында шешіле қоймайтын өте күрделі әрі жауапты іс. АЭС құрылысын жүргізу бойынша жоспарлы дайындықтан басқа, АЭС іске қосуы мен ары қарай электр станциясының жұмыс жасауына кепілдік болатын білікті мамандардың жоғарғы деңгейдегі кәсіптік дайындығы да жүргізілуі керек.

Қазақстан атом энергетикасын игеру жұмыстарын бастап кетті. Арнайы кеңес құрылып,

атом энергетикасы дамытудың алғашқы кезеңі жүріп жатыр. Бірақ заманауи технологияларды ендіру мен жаңа мүмкіндіктерді дамыту үлкен қаржы көздерін, инвестицияны талап етеді. Мұндай үлкен жүкті бүгінде тек мемлекет қана өз мойнына ала алады.

Осы ретте атап өтетін өзекті мәселенің бірі – АЭС құрылысын ғылыми-техникалық қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау мен оны жүзеге асыру. Ғылыми-техникалық қолдаудың келесідей бағыттарын атап өткіміз келеді.

1. Ядролық-энергетикалық сала бойынша бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында ҚР нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру. Бұл ретте Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік пен ядролық энергетикадағы көшбасшы мемлекеттердің осы сала бойынша нормативтік-құқықтық базаларын салыстырмалы зерделеу жұмыстарын атап өтуге болады.

2. АЭС үшін ядролық жанармай кешенінің дамуын ғылыми-техникалық қолдау мәселесі де өте маңызды. Бұл бағыт бойынша жүргізілетін жұмыстарға АЭС тұтынатын жанармайдың дайындау, сынақтан өткізу, сертификаттау, және радиоактивтік қалдықтарды қайта өңдеу мен сақтау, пайдалануға жарамсыздарын жою қызметтерімен айналысатын құрылымды ұйымдастыруды жатқызамыз.

3. АЭС-ті Мемлекеттік экологиялық бақылау мониторингін құру. АЭС құрылысын жүргізуге таңдалып алынған ауданның экологиялық жағдайын зерттейтін және әрдайым бақылауда ұстайтын мемлекеттік құрылым ұйымдастырылуы шарт.

4. Ядролық өнеркәсіп саласы бойынша ғылыми-техникалық және өндірістік маман дайын-

дау бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылуы шарт.

Дәл қазіргі таңда үкіметтік комиссияның АЭС құрылысына лайық деп белгіленген аудандарға Шығыс Қазақстан облысының Үлбі ауданы мен Курчатова қаласы ұсынылып отыр. Жалпы алғанда кез келген мемлекет үшін атом энергетикасын пайдаға асыру сөзсіз үлкен масштабты және қымбатқа түсетін, сондай-ақ халықаралық қатал талаптар мен халықаралық бақылауда болатын күрделі іс.

Қазіргі таңда Қазақстандағы АЭС құрылысы ғылыми орталарда, БАҚ-та жиі талқыланып жүрген тақырып. Пікірлер арасында АЭС құрылысына мүлде қарсы ойлардың философиясы қазақ халқының «отпен ойнама күйесін» деген даналық сөзіне сүйенетін сияқты. Сондай-ақ басқа көзқараспен қарауға болатын қазақ даналығында «шегірткеден қорыққан егін екпес» деген мақал бар екендігін атап өткіміз келеді. АЭС құрылысы Қазақстанда қазір жүзеге асып жатқан «Қашаған», «ЭКСПО-2017» жобаларынан да ауқымды шара және оны жүзеге асыру үшін мемлекет халық алдындағы жауапкершілігін ұмытпай жоспарлы, ұқыпты әрекет етуі шарт.

АЭС салу Қазақстанның энергетикалық саласын диверсификациялау арқылы ұзақ мерзімдік энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, халықаралық ғылыми-техникалық қатынастарын күшейтеді, ядролық отын саласындағы ықпалы мен үлесін арттырады, атом энергетикасы бойынша әлеуетімізді көтереді, халықаралық бәсеке қабілеттілікті дамытады, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, экологиялық экономикаға қол жеткіземіз.

Әдебиеттер

- 1 Джаксалиев Б.М. Атомная энергетика: полный цикл от ископаемого урана до АЭС // Человек. Энергия. Атом: научно-публицистический журнал. – Курчатова, 2015. – №2(24). – С.15-16.
- 2 Қытайдың атом энергетикасы. Әлемдік атом ассоциациясы. 15.09.2015 // <http://www.world-nuclear.org/information-library> // сақталған күні 06.09.2016.
- 3 Вурим А.Д. Научно-техническая поддержка строительства АЭС в Республике Казахстан // Человек. Энергия. Атом: научно-публицистический журнал. – Курчатова, 2015. – №2(24). – С.73-74.

References

- 1 Dzhaksalyev B.M. Atomnaya energetika: Polnyi sikl ot iskopaemogo urana do AES // Chelobek. Energya. Atom. Nauchno-publitshestskiy jurnal. – Kurchatov, 2015. – №2(24). – S.15-16.
- 2 Qytaidyn atom energetikasy. Alemdik atom assosiasy. 15.09.2015 // <http://www.world-nuclear.org/information-library> // saktalghan kuni 06.09.2016.
- 3 Vurim A.D. Nauchno-tekhnicheskaya podderjka stroitelstva AES b RK // Chelobek. Energya. Atom. Nauchno-publitshestskiy jurnal. – Kurchatov, 2015. – №2(24). – S.73-74

Шакенова Ш.К.,
Бекмұхаметова А.Б.

**Қазақстандағы тұрғын-үй
нарығының дамуындағы
ипотекалық несиелеудің рөлі**

Қазіргі тұрғын үй нарығының инфрақұрылымы даму үстінде, нарықта көптеген институттар қызмет етеді, олардың қызмет ету бағыттарын талдау елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде қажетті.

Жылжымайтын мүлікті кепілге қоюмен берілетін ипотекалық несиелеудің нарық экономикасында белсенді қолданылатын нысандарының біріне жатады.

Тұрғын үй нарығын дамытуға мемлекеттік, жергілікті органдар, банктік қаржы ұйымдары, ірі кәсіпорындар және т.б. мекемелер өз үлестерін қосуда, ал олардың қызметінің нарықта ұтымды жүргізілуі экономикалық дамуға оң әсер береді және экономиканың басқа да салаларына өз ықпалын тигізеді. Ипотекалық несиелеу бұл несиелеу беруші мен қарыз алушының ғана мүдделерін ескеріп қоймай, инвестор, риэлтор, құрылысшы, сақтандыру компанияларының және нарықтың басқа да субъектілерінің қызығушылықтарын қарастырады.

Түйін сөздер: ипотека, жылжымайтын мүлік, тұрғын үй, кепіл, банк, борыш.

Shakenova S.K.,
Bekmukhametova A.B.

**The role of mortgage lending in
the housing market development
of Kazakhstan**

Nowadays, infrastructure of the modern housing market develops, different institutions are operating in the market, in order to solve social and economic problems of the country it is important to analyze the activity of these institutions.

Mortgages issued by a pledge of real estate is one of the most common forms of lending.

State agencies, local authorities, bank financial institutions, large enterprises and other institutions contribute to the development of the housing market, and their activity in the market has a positive effect on economic development, and also affects the other sphere of the economy. Mortgages not only considers the interests of the creditor and the borrower, but also considers the interests of other market participants, such as an investor, realtor, builder, insurance companies.

Key words: mortgage, real estate, housing, pledge, bank, loan.

Шакенова Ш.К.,
Бекмұхаметова А.Б.

**Роль ипотечного
кредитования в развитии
рынка жилья Казахстана**

На сегодняшний день современная инфраструктура рынка жилья активно развивается, на рынке ведут деятельность различные институты, важные для решения социально-экономических проблем страны.

Ипотечное кредитование, выдаваемое с передачей в залог недвижимого имущества, является одним из частых форм кредитования.

Государственные органы, местные органы, банковские финансовые организации, крупные предприятия и другие учреждения вносят свой вклад в развитие рынка жилья, а их деятельность на рынке положительно влияет на экономическое развитие и также на остальные сферы экономики. Ипотечное кредитование не только учитывает интересы кредитора и заемщика, но и учитывает интересы и других субъектов рынка, таких как инвестор, риэлтор, строитель, страховые компании.

